

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

**ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде

1-жынақ

Қарағанды

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ ЖАТАҚХАНАСЫНДАҒЫ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Берілген «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ (ҚарТУ) жатақханасындағы ішкі тәртіп ережелері студенттік жатақханада тұратын барлық студенттер орындауға міндетті жергілікті нормативті акт болып табылады.

1.2 Басқа қалалық білім алушыларды (студенттер, магистранттар, докторанттар, тыңдаушылар) ҚарТУ (одан әрі – Университет) жатақханасына орналастыру «Жоғарғы оқу орындарында студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету» мемлекеттік қызметтер стандартына сәйкес жүргізіледі.

1.3 Жатақханаға орналастыру барысында білім алушы және университет арасында тұрғын орынды жалға алу туралы Келісім жасалады – 2 дана, біреуі – жатақхана әкімшілінде, екіншісі – студентте болады.

1.4 Жатақханаға орналасушы міндетті:

1.4.1 Ішкі тәртіп ережелерімен қол қойып танысуға;

1.4.2 Университеттің ҚТ бойынша инженері өткізетін қауіпсіздің техникасы бойынша нұсқамадан өтуге (факультеттерде бекітілген кестеге сәйкес).

2. Жатақханада тұрушылардың құқықтары мен міндеттері

2.1 Жатақханада тұрушылар құқығы бар:

2.1.1 Оқу, мәдени-тұрмыстық және спорттық-сауықтандыруға арналған бөлмелерді, жатақхана жабдықтары мен мүлкін пайдалануға;

2.1.2 Жатақхананың өзін-өзі басқару органдарына тағайындап және тағайындалады, олардың жұмысына қатыса алады;

2.1.3 Студенттік кеңес арқылы тұрғын үйдің тұрмыстық қамтамасыз етілуі, тәрбие жұмыстары мен бос уақыттың ұйымдастырылуы, тұрғын орындарды, жеке жұмыстарға арналған бөлмелерді құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және безендіру сұрақтарын шешуге қатыса алады.

2.2 Жатақханада тұрушылар орналасу кезінде міндетті:

2.2.1 Жеке куәлікті көрсетуге;

2.2.2 Санитарлық бақылау (педикулез бен қышыма) өткені туралы анықтама көрсетуге;

2.2.3 Жатақханада тұру үшін төленген түбіртеккі көрсетуге (күзгі семестрде: қыркүйек, қазақ, қараша, желтоқсан және қаңтар үшін; көктемгі семестрде: ақпан, наурыз, сәуір және мамыр үшін). Тұру үшін төлем ақыны жылына екі рет оқу семестрі басталғанға дейін төлеу (төлем ақы түбіртегін жатақхана әкімшілігі мен факультет деканаттарына тапсыру);

2.2.4 Блок пен бөлме кілттерінің көшірмесіне тапсырыс беру, және 2 күн ішінде қосалқы кілттерді жатақхана әкімшілігіне қайтару;

2.2.5 10 күн ішінде уақытша тіркеуден өту;

2.2.6 Жатақхананың бөлмелеріне, құрал-жабдықтарына және мүлкіне ұқыптылықпен қарауға, ҚР заңнамасына сәйкес өзіне жеке қолданысқа берілген мүлікке материалдық жауапкершілікті алуға;

2.2.7 Жоғалған немесе құртылған мүлік пен құрал- жабдықтардың құнын төлеуге, университетке келтірілген басқа да залалдардың ақысын өтеуге;

2.2.8 Өз күшімен және өз есебінен тұрғын орынның және ортақ қолдану орындарының жөндеу жұмыстарын жасауға қатысуға;

2.2.9 Университет өкілін тұрғын орынның техникалық жағдайын, ондағы санитарлық- техникалық және басқа да жабдықтарды тексеру үшін және басқа да жұмыстарды атқаруға кіргізуге;

2.2.10 Тұрғын орында, оның ішіндегі жабдықтарда немесе байланыстардағы ақаулар тапса тез арада олардың алдын алу шараларын қолданып, міндетті түрде жағдайды жатақхана әкімшілігіне жеткізуге;

2.2.11 Тұрғын орынның тиіті санитарлық- техникалық тазалығын қадағалау, бекітілген график бойынша тұрғын орындарында және жалпы қолданыстағы жерлерде, қызметкерлердің орындарында және тұратын бөлмелерінде дымқыл тазалық жұмыстарын жүргізуге. Тазалық кестесі студенттік кеңес төрағасымен қабат старосталары құрылады және жатақхана әкімшілігімен келісіледі;

2.2.12 Санитарлық- эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтауға, кірленуіне байланысты төсек-орынын (сейсеп, ақ жайма, жастық тысын) 10 күнде бір реттен кем емес ауыстыруға;

2.2.13 Электр қуатын және суды үнемдеп жұмсауға;

2.2.14 Рұқсат етілген тұрмыстық электр құрылғыларын пайдалану бойынша нұсқауларды сақтауға;

2.2.15 Студенттік жатақхана туралы Жарғы, Тәртіпті, берілген Ережені, Университеттің басқа да жергілікті актілерін, Қауіпсіздік техникасы ережелерін, тұрғын орынын жалға алу туралы келісімге сақтауға;

2.2.16 Жатақханаға қысқы уақытта сағат 22.00-ге дейін (1 қазаннан 31 наурыз), қалған уақыттарда сағат 23.00-ге дейін кіруге;

2.2.17 Туысқандары келгенде (күндіз сағат 09.00 дан 19.00 дейін) жеке тұлға куәлігін көрсетуге;

2.2.18 Сағ 22:00-ден 6:00-ге дейін жатақханада тыныштық сақтауға;

2.2.19 Жатақханада тұру ережелерін бұзғандығы үшін жатақханадан шығаруға өтініш беруге құқылы қабат старосталарының, студенттік кеңестің және жатақхана әкімшілігінің тапсырмаларын орындауға;

2.2.20 Жатақханада өткізілетін жиналыстарға келуге;

2.2.21 Хабарлама тақтасындағы ақпаратты күнде қарауға;

2.2.22 Тұрғын орынды жалға алу туралы келісімге сәйкес жатақханадан шығарылған кезде (сонымен қатар демалысқа кеткенде) бөлмені және өзіне бекітілген барлық төсек жабдықтарын тапсыпсыруға.

2.3 Жатақханада тұрушыларға тыйым салынады:

2.3.1 Бөтен біреуге өз рұқсаттамасын беруге және бөгде адамдарды қонуға қалдыруға;

2.3.2 Жатақханада ішімдік ішуге және/ немесе мас және есірткі қолданған күйде келуге;

2.3.3 Есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауға (дәрігердің белгілеуінсіз), есірткі және психотропты дәрілерді сақтауға, таратуға;

2.3.4 Жатақхана территориясына қару, соның ішінде пневматикалық, зақымдаушы және суық қару әкелуге, сақтауға және қолдануға;

2.3.5 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңмен тыйым салынған діни жиналыстар мен іс- шаралар ұйымдастыруға;

2.3.6 Тұрғын бөлмелері мен ортақ қолданыстағы жерлерде темекі шегуге (соның ішінде кальян және электронды темекі);

2.3.7 Бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетімен ауысуға;

2.3.8 Өз бетімен бір бөлмеден екінші бөлмеге мүлік ауыстыруға;

2.3.9 Электрөткізгіштерді қайта жасауға және жөндеуге;

2.3.10 Тұрғын бөлмелері мен жалпы қолданыстағы жерлерде қосымша электржылыт-қыш құралдырын орнатуға;

2.3.11 Радиоқабылдағыштарды, үнжазбаларды, теледидарларды бөлмеден тыс естілетін дауыс қаттылығында қосуға;

2.3.12 Бөлме есігіне және ортақ қолданыстағы, арнайы орындардан басқа, жерлерге хабарландырулар, кестелер, суреттердің көшірмесін және т.б жабыстыруға;

2.3.13 Тұрғын бөлмелердің есігіне өздігінен құлып орнатуға немесе есікте орнатылған құлыптарды ауыстыруға;

2.3.14 Өз бетімен жиһазды қайта құруға немесе орынын ауыстыруға, қоршаулар жасауға;

2.3.15 Жатақханада жануарлар ұстауға;

2.3.16 Өз бетімен би кештерін, дискотекалар және басқа да көпшілік қатысатын іс- шаралар ұйымдастыруға;

2.3.17 Терезеден қоқыс және т.б. заттар тастауға;

2.3.18 Төбеге шығуға, шатырға көтерілуге, терезе алды тақтайында тұруға және отыруға;

2.3.19 22.00-6.00 аралығындағы түнгі уақытта тамақ істейтін тұрмыстық бөлмелерді қолдануға.

3. Берілген Ережені бұзған үшін жауапкершілік

3.1 Берілген Ережені бұзған үшін жатақханада тұрушыларға Университет бекіткен тәртіп бойынша әлеуметтік, әкімшілік ықпалдар, ҚР заңнамасына және Университеттің жергілікті актілеріне сәйкес тәртіптік және басқа да жазалар қолданылуы мүмкін.

3.2 Берілген ережені бұзған үшін жатақханада тұрушыларға келесі тәртіптік жазалар қолданылады:

3.2.1 Ескерту;

3.2.2 Сөгіс;

3.2.3 Жасалған келісімшартты бұзу бойынша жатақханадан шығару.

3.3 Тәртіптік жаза теріс қылық байқалғаннан кейінгі бір айдың ішінде қолданылады (студенттің ауыруы және демалыста болған кезін есептемегенде).

4. Жатақханадан шығару негіздемелері

4.1 Тұрып жатқандар университет жатақханасынан келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

4.1.1 Тұрғын орынын мақсатына байланысты қолданбау;

4.1.2 Тұрып жатқан адамдардың немесе олар жауапты басқа азаматтардың тұрғын орынды қиратуы немесе бұзуы;

4.1.3 Тұрып жатқан адамдардың келген орыны бойынша тіркелуден бас тартуы;

4.1.4 Тұру төлемақысы бойынша келесімшартты бұзу;

4.1.5 Тұрып жатқан адамдардың әкімшілікті жазба түріндегі хабардар етер хатсыз екі ай бойы жатақханада болмауы;

4.1.6 Жатақханаға алкогольді ішімдік ішкен күйде келуі, жатақхана территориясында темекі тартуы;

4.1.7 Дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауы, есірткі және психотропты дәрілерді сақтауы, таратуы;

4.1.8 Тұрып жатқан адамдардың жатақханада жарылғыш, химиялық қауіпті заттарды және қаруды сақтауы;

4.1.9 Тұрып жатқан адамдардың ары қарай бірге тұруы мүмкін болмайтындай көршілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорлауы;

4.1.10 Бір немесе бірнеше рет жатақхана туралы Жарғы, Тәртіпті, берілген Ережені, Университеттің басқа да жергілікті актілерін, Қауіпсіздік техникасы ережелерін, тұрғын орынын жалға алу туралы келісімді бұзуы;

4.1.11 Білім алушының оқу мерзімі аяқталуы уақытынан бұрын берілген Ережені, Жарғыны және Ішкі еңбек және оқу тәртібі туралы ережені бұзғаны үшін университеттен шығарылуы;

4.1.12 Оқу мерзімі аяқталғаннан кейін білім алушыны Университеттен шығарғаннан кейін;

4.1.13 ҚР заңнамасымен және Университет актілерімен қарастырылған басқа да жағдайларда.

4.2 Университет тәртібін өрескел бұзғаны үшін жатақханадан шыралыған студент, қайта жатақханаға қоныстана алмайды.

4.3 Жатақханадан шығарылу тәртіптік жаза ретінде студенттік кеңес және Этика жөніндегі кеңеспен қарастырылып, ректордың бұйрығымен қолданылады.

4.4 Тұрғындарды Университет жатақханасынан шығару:

4.4.1 ҚР азаматтары үшін бұйрық шыққаннан кейінгі 3 күн ішінде.

4.4.2 Шетелдік азаматтар үшін - шығу визасы алынған күннен кейінгі 7 күн ішінде жүргізіледі.

ҚАРТУ СТУДЕНТТІК КЛУБТАРЫ МЕН СПОРТТЫҚ СЕКЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде жастар клубтары мен шығармашылық үйірмелердің қызметін Жастар саясаты департаментіне қарасты **Шығармашылық даму орталығы** жүзеге асырады.

Шығармашылық даму орталығы – бұл Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ жастар саясаты департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Шығармашылық даму орталығы өз қызметінде ЖСД-ның әлеуметтік-құқықтық Даму орталығымен және «Жас Орда» жастар қауымдастығымен, сондай-ақ, өзге де ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерімен өзара тығыз байланыста болады.

Орталық қызметінің мақсаты ҚарТУ студенттерімен мәдени-шығармашылық, адамгершілік-эстетикалық даму бойынша тәрбие жұмысын жүргізу. Орталық университет қабырғасындағы шығармашылық үйірмелердің сапалы жұмысын қамтамасыз ету, оларға қызығушылық танытқан студенттердің санын арттыру, студент жастардың шығармашылық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану үшін жағдай жасау, мемлекеттік және кәсіби мерекелерге арналған іс-шараларды ұйымдастыру бойынша міндеттер атқарады.

Бүгінде шығармашылық даму орталығында 10 үйірме жұмысын бастауда. Атап айтсақ, «Самұрық» дебат клубы, «Сарыарқа сазы» домбыра тарту үйірмесі, «Ділімәр» көркемсөз клубы, «Тенор» вокал үйірмесі, «Гэкку» халықтық би үйірмесі, «SJ dance» заманауи би үйірмесі

7. «Көркем» қыздарға арналған үйірме
8. «Digital» медиа клубы
9. «Жас star» жас лидерлер клубы
10. «Жайдарман» (көңілді тапқырлар клубы)

Әр үйірменің бекітілген сабақ кестесі мен жоспары бар. Өнерлі, шығармашыл студенттер үшін бұл үйірмелердің есіктері айқара ашық. Әрі тегін түрде өткізіледі.

Университетте «Политехник» спортклубы жанында түрлі спорт түрлерінен 300-ден аса оқушылар қатысатын 8 спорттық секциялар қызмет етеді: **баскетбол, волейбол, футзал, жеңіл атлетика, қазақша күрес, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат ойыны.**

Жыл сайын ҚарТУ облыстың жоғары оқу орындары арасында өтетін спартакиадаға қатысады. 2022 жылы 120-дан астам студенттер 16-шы студенттік спартакиадаға спорттың 13 түрлері бойынша қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

«АҚНИЕТ» ЖАСТАР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҰЙЫМЫ

2006 жылдың 16 ақпанында Қарағанды Техникалық Университеті жанынан студенттердің бастамасымен «Ақниет» жастар қайырымдылық ұйымы құрылды.

Ұйымның басты мақсаты: барлық мұқтаж жандарға, соның ішінде, балалар мен қарттар үйлеріне, тұрмыстық жағдайы төмен көпбалалы және толық емес отбасыларына көмек көрсету.

Жыл сайын белсенді студенттер мен оқытушылардың қолдауымен «Мектепке жол» акциясы іске асырылуда. 2022 жылы бұл акция аясында 60 бала мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

2020 жылдан бастап «Біргеміз Қамқор» бағытындағы «Кәрілік кедергі емес» атты жоба жүзеге асырылуда. Осы жоба бойынша 300 000 теңге көлеміндегі грантқа «Благодать» қарттар үйіне жаттығу апараттары мен бейнепроектор сыйлыққа тартылды.

Қазіргі таңда елімізде сирек кездесетін, емі өте қомақты қаражатты қажет ететін жұлын бұлшық атрофиясы дертіне шалдыққан балалар саны өте көп. Бұл дертке шалдыққан балаларға қолдау көрсету мақсатында қайырымдылық концерттері мен спорттық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Аталған іс шаралардан дертке шалдыққан Сарсен Айкүміс еміне жалпы көлемі 428 мың тг. қаражат жиналды.

Әр жаңа жыл қарсаңында еріктілер қолдауымен өтетін аз қамтылған мұқтаж отбасы балаларына арналған «Аяз атаға хат» акциясында 200-ден астам балаға жаңажылдық сыйлықтарын табысталады. Одан бөлек, ай сайын тұрмыстық жағдайы төмен отбасыларға азық-түлікпен көмек көрсетілуде.

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

Студенттердің әскери дайындығы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне сана, интернационализм рухында тәрбиеленген, моральдық тұрақты, тәртіпті, мемлекеттік және қызметтік құпияны сақтай білетін, жоғары идеологиялық және адамгершілік қасиеттерге ие, сонымен қатар білімге, Отанға адал қызмет ететін, және де офицерлермен сержанттар лауазымындағы қызметтік міндеттерін сәтті орындау үшін қажетті – білім, қабілеттер мемлекеттік резерв офицерлерімен сержанттарын дайындауға бағытталған.

Студенттерді әскери даярлаудың негізгі міндеттері:

– негізгі моральдық, саяси, кәсіби және әскери, психологиялық және физикалық сапалардың қалыптасуы мен дамуы;

– міндеттерін ойдағыдай орындау үшін қажетті командалық және әдістемелік дағдыларды қалыптастыру;

– далалық және практикалық дайындық, жоғары тактикалық, арнайы және техникалық дайындық;

– запаста қызмет ету тәртібін, әскери бөлімге мақсатты түрде келудің жалпы тәртібін білетін, арнайы кезең ішінде өзіне жүктелген барлық іс-әрекеттерді орындай алатын және жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде бөлімшелерді басқаруға қабілетті запастағы офицерлерді даярлау.

Осы мәселелерді шешу үшін:

– оқытушылар құрамы сабақ барысында жүйелі түрде студенттерді мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту туралы Қорғаныс министрінің бұйрықтары мен нұсқаулықтарының талаптары туралы хабардар етеді;

– сабақ барысында әр студент жоғары моральдық және жауынгерлік қасиеттерді, біздің ісіміздің дұрыс екендігіне, Қазақстан халқына және олардың заңды түрде сайланған Президентіне деген адалдықты белсенді дамытады;

– жауынгерлік жұмысты, әскери-техникалық дайындықты, артиллериялық тактиканы оқытқан кезде мұғалімнің қызметін бағалаудың басты өлшемі оқушылардың нақты дайындық деңгейіне негізделеді;

– практикалық және топтық сабақтарда студенттерге тапсырмаларын сенімді орындауда практикалық дағдыларды, взводтың (батареяның) отты шебер басқаруын үйрету;

– оқыту кезінде студенттерге проблемаларды шешу, басқаруда жеке бастылық пен тәуелсіздік ұсыну;

– студенттерді өз бетінше шешім қабылдау қабілетіне ерекше назар аударып, командалық шеберлік пен әдіснамалық сапаларды үнемі ынталандыруға;

– оқушылардың сабақтағы жұмысын бақылауды күшейту.

Әскери кафедрада оқу үшін студенттерді іріктеу

Әскери кафедрада оқу үшін студенттерді іріктеуді іріктеу комиссиясы жыл сайын іріктеу жоспарына сәйкес конкурс негізінде жүргізеді.

Әскери кафедраның құжаттарды қабылдауы іріктеу комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын аяқталады.

Конкурсқа қатысуға конкурс өткізілетін жылға 24 жастан аспаған студенттер жіберіледі.

Әскери кафедрада оқу үшін студенттерді іріктеу конкурсы төрт кезеңде жүзеге асырылады:

бірінші кезең – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығымен бекітілген Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және ҚР ҚК Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережеге (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11846 болып тіркелген) сәйкес медициналық куәландырудан өту);

екінші кезең – кәсіби-психологиялық тестілеу өткізу;

үшінші кезең – дене шынықтыруды тексеру;

төртінші кезең – ЖОО басшысы жасайтын және бекітетін рейтингтік балдың есебіне сәйкес жүзеге асырылатын конкурстық іріктеу.

Конкурстың әрбір кезеңінен бір рет өтуге жол беріледі.

Іріктеу комиссиясының жұмыс регламентін академиялық күнтізбеге сәйкес ЖОО басшылығы айқындайды.

Іріктеу комиссиясының жұмысы ЖОО-ның Академиялық күнтізбесіне сәйкес жазғы сессия аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей басталады.

ҚР ҚК жасақтау үшін қажетті мамандар резервін сапалы қалыптастыру мақсатында іріктеу комиссиясының құрамы мен жұмыс мерзімдерін Қорғаныс Министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабының бастығы айқындайды.

Іріктеу комиссиясы мүшелерінің тақ санынан (5 адамнан кем емес) тұрады, оған мыналар кіреді:

- Комиссия төрағасы – әскери кафедраның бастығы;
- комиссия төрағасының орынбасары – кадр мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше айқындайтын ҚР ҚК офицері;
- ҚР ҚК Әскери полиция органының әскери қызметшісі;
- ЖОО дене тәрбиесі және спорт кафедрасының өкілі;
- ЖОО оқытушыларының (әскери кафедра емес) қатарынан оның басшысы айқындайтын өкіл.

Комиссия хатшысы болып ЖОО әскери кафедрасының өкілі тағайындалады (дауыс беру құқығынсыз).

Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқыту үшін құжаттар бірінші (4 жылдық оқумен) және екінші (5 жылдық оқумен) курс студенттерінен қабылданады.

Запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша оқыту үшін құжаттар бірінші, екінші (4 жылдық оқумен) және бірінші, екінші, үшінші курс (5 жылдық оқумен) студенттерінен қабылданады.

Әскери даярлық ЖОО-да оқуды аяқтағанға дейін бір жыл бұрын оқу-жаттығу жиынымен (кәсіптік практикамен) аяқталады.

Әскери кафедрада оқу үшін конкурсқа қатысуға ниет білдірген Студент нысан бойынша өтініш ресімдейді.

Медициналық куәландырудан өту үшін студенттерге әскери кафедрада ресімделген медициналық куәландыру карталары беріледі. Студенттерді медициналық куәландыру қабылдау жылының 1 ақпанынан бастап жергілікті әскери басқару органдарында жүргізіледі. Конкурстық іріктеуге қатысу үшін 7-нысан бойынша медициналық куәландыру нәтижелері іріктеу комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей әскери кафедраға ұсынылады.

Медициналық куәландырудан өтпеген студенттер конкурсқа жіберілмейді.

Студенттердің дене дайындығы дене шынықтыру нормативтерін тапсыру нәтижелерімен бағаланады. Үш норматив тапсыру сомасы бойынша 8 балл жинамаған студенттер конкурс кезеңінен өтпеген болып саналады.

Студенттерді кәсіби-психологиялық тестілеу ЖОО-ның компьютерлік сыныптарында өткізіледі және уәждемелілік, күйзеліске төзімділік, сыни және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды.

Кәсіби-психологиялық іріктеуден және дене шынықтыру дайындығынан өту нәтижелері ведомосте ескеріледі, оған Комиссия мүшелері қол қояды.

Әскери кафедраға тегін негізде оқу үшін рейтингте бірінші нөмірден бастап қабылдау жоспары бойынша бөлінген орындар санына сәйкес келетін нөмірге дейінгі студенттер жіберіледі.

Конкурс кезеңдерінің нәтижесімен келіспеген Студент сол күні іріктеу комиссиясының төрағасына жазбаша өтініш (еркін нысанда) береді.

Іріктеу комиссиясының хаттамамен ресімделген өтініш мәні жөніндегі шешімі өтініш келіп түскен күннен бастап 1 күнтізбелік күн ішінде «қанағаттандыру» немесе «бас тарту» деген тұжырыммен қабылданады.

Конкурстың нәтижелері іріктеу комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейінгі күні сағат 17.00-ге дейін әскери кафедраның ақпараттық стендіне орналастырылады.

—

А.Т. Оралова
Қарағанды техникалық университетінің
Пайдалы қазбалар кең орындарын өңдеу кафедрасының доценті, х.ғ.к.
e-mail: oralovaat@rambler.ru

ҚАРМТУ-ДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1953 жылы КСРО Министрлер Кеңесі тау-кен мамандықтары бойынша инженерлер даярлауды одан әрі кеңейту және жақсарту Қарағандыда, Пермьде және Тулада тау-кен институттарын ашу туралы қаулы қабылдады. Осы қаулы КСРО мәдениет министрлігінің 1953 жылғы 9 шілдедегі № 1223, 1953 жылғы 18 шілдедегі № 1274 бұйрықтары негізінде Қарағанды тау-кен институты ұйымдастырылды.

Тау-кен институтының ашылуы Қарағанды үшін ғана емес, сондай-ақ барлық Орталық Қазақстан үшін үлкен оқиға болды. 1953 жылдың күзінде 200 студент «Пайдалы қазбалар кен орнын қазу» және «Тау-кен электр механикасы» мамандықтар бойынша қабылданды [1, б. 11]. Жаңа құрылған Қарағанды тау-кен институтының бірінші директоры (ректоры) Мәскеу тау-кен институтының доценті болып жұмыс істеген техника ғылымдарының кандидаты Ю.К. Нұрмұхамбетов тағайындалды, оның «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін», «Еңбектегі озаттығы үшін», «1941-1945 жж. Мәскеуді қорғағаны үшін» және т.б. наградалары болды.

1955 ж. институт ректоры Әбілқас Сағынұлы Сағынов тағайындалды. Оның бассейн шахталарында ұйымдастыру және басқару жұмысы тәжірибесі болды, ҚҒЗУИ ұйымдастыру бойынша жұмысты жаңа ғана аяқтады, техника ғылымдарының кандидаты, көмір кен орындарын қазу саласында зерттеуші болды.

Сол уақыттың бірінші кезектегі міндеті институттың профессорлық-оқытушылар құрамын қалыптастыру және оның басшылық құрамын нығайту болды. Оқытушылар корпусы тәжірибелі өндірісшілермен және мақсатты магистратура арқылы жаңа мамандарды даярлау арқылы толықтырылды.

Институттың екінші туған күні КСРО Министрлер Кеңесінің 1958 ж. 31 наурызда қабылдаған Қарағанды тау-кен институтын Қарағанды политехникалық институтына (ҚПТИ) түрлендіру туралы №127 Қаулысын есептеуге болады. Бұл қала мен аймақ өмірі үшін ғана емес, сондай-ақ республика үшін де мәнді оқиға болды, себебі осы кезеңде Қазақстанда бірінші политехникалық институт болды [2, б. 7].

Сол 1958 ж. таңғы бір мәнді оқиға – 157 кен инженерлерінің алғашқы түлектері болды, олардың көпшілігі оқытушылық жұмыста қалды және нәтижесінде ірі ғалымдар болып шықты.

Осы уақытта институтта 5 факультет қызмет етті, 15 мамандық бойынша дайындық жүрді, ғылыми-зерттеу секторы құрылды, онда 15 ғылыми-зерттеу тақырыптары орындалды.

1960 жылдың басына қарай оқу-білім беру процесі және ғылыми-зерттеу жұмысы 28 кафедрада жүзеге асырылды, 25 мамандандырылған оқу зертханасы, 7 пән кабинеті құрылды, 2 проблемалық және 5 салалық зертхана ашылды, пайдалануға 3 жатақхана мен бас корпус тапсырылды. Оқытушылар құрамында 326 адам есептеледі, 6000-нан астам студент білім алады. 1960 жылдары Теміртау, Балқаш, Жезқазған, Көкшетау, Петропавл, Целиноград қалаларында филиалдары ашылады. 1969 ж. Қарқаралыда демалыс лагері ашылды, Топар су қоймасы жағалауында спорт базасы құрылды.

1962-1965 жылдар, бұл – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ҚПТИ-да оқыған мезгілі екенімен атақты. Біздің ЖОО-да білім алған жылдары Н.Ә. Назарбаев «Политехник» студенттердің құрылыс отрядының комиссары болған. Сол кездері Институт студенттерінің отряды бірінші рет тыңда үшінші еңбек семестрін өткізді. Қарағанды облысы шаруашылығында тұрғын үйлер орнатумен ерекшеленді. Тек «Балықтыкөл» совхозында Н.А. Назарбаевтың СҚО аулаларында қораларымен бірге сегіз екі пәтерлі тұрғын үй салды. Құрылыс отрядтары алғашқы Мемлекеттік сыйлықтар – 10 тың астық жинауда табыстары үшін ҚазКСР КП ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Естелік туын, ЖОЛК ОК және Қазақстанның ауыл шаруашылық министрлігінің Естелік Туын алды.

1970 жылдары ғылыми-зерттеу жұмысы табыспен дамиды. 1971-1972 жж. алғашқы проблемалық және салалық зертханалар ұйымдастырылды. Тек 1972 ж. 215 тақырып бойынша қаржыландыру көлемдері 205 млн рубльді құрады, 32 әзірлемені енгізуден түсетін экономикалық тиімділік – 3,6 млн рубль. Студенттер ғылымы белсенді дамыды: 57 студенттік жұмыс Бүкілодақтық конкурса ұсынылды, олардың ішінде баспаға жарияланғандары – 36.

1972 ж. КОКП ОК, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы, КСР Министрлер Кеңесі және ВЦСПС ҚПТИ жоғары наградамен – КСРО құрылғанына 50 жылдық мерекесіне байланысты «мерейтой құрмет белгісімен» марапатталды. Осы уақытта біздің елімізде 870 ЖОО болды және әрқайсысы социалистік жарысқа қатысты. Бірақ жеңімпаздар ретінде тек – көне М.В. Ломоносов атындағы МГУ және ҚПТИ мойындалды.

Сол 1972 ж., жемісті, белсенді, шығармашылық жұмысы үшін институт ректоры Ә.С. Сағыновқа Ленин Ордені және Социалистік Еңбек Ері Алтын Жұлдызы табыс етілді. Институт Дипломдармен және Құрмет грамоталарымен, Қазақстан ОК Құрмет туларымен марапатталды.

1974 ж. Ғылым мен техника саласында Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары Ә.С. Сағынов, Ю.А. Векслер, Ж.Е. Ержанов тау жыныстары механикасы бойынша лауреаттар болды.

1972 ж. жол-көлік және инженерлік-құрылыс факультеттері үшін жаңа зертхана корпусы енгізілді, институтта студенттердің аударма бюросы жұмыс істейді, «Прометей» интернационалдық достық клубы қызмет атқарады. 1976 ж. ҚПТИ теледидарының бірінші хабары болды.

1976 ж. ҚПТИ Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталды, ҚПТИ Қазақ КСР Алтын Құрмет Кітабына және Қарағанды облысы Құрмет тақтасына енгізілді.

1980 жылы шаруашылық шарт ғылыми-зерттеу жұмыстарының кеңінен дамуына байланысты болды, институт маңызды ғылыми-техникалық проблемаларды шешу бойынша 11 мақсатты және кешенді бағдарламаларды орындауға қатысады. Институттың салалық министрліктердің өнеркәсіптік кәсіпорындарымен, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институттарымен байланысты артып, кеңейіп келеді.

1987 ж. соққы әсеріндегі гидравликалық машиналар теориясын әзірлегені және жасағаны үшін ғалымдардың авторлар ұжымына – Ә. Сағыновқа, А. Лазуткинге, И. Янценге, Д. Ешуткинге Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

1987 ж. аяғында академик Ә.С. Сағынов басқа жұмысқа ауысады. Жоғары білім және тау-кен ғылымы патриархы еңбегінің құрметіне 2012 жылы 21 желтоқсанда ҚарМТУ-дың бас корпусы алдындағы алаңға ескерткіш орнатылды. [1, б. 14].

1988 ж. ҚПТИ ректоры болып ҚазКСР ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, техника ғылымдарының кандидаты, профессор А.Г. Лазуткин сайланды.

1989 г. алғаш рет 5 мамандық бойынша мемлекеттік тілде оқыту басталды. 2000 жылға дейін кезеңде ҚарПТИ-де қазақ тілін дамыту Бағдарламасы әзірленді. Институтта ғылыми-зерттеу бөлігі құрылды, институттың халықаралық байланыстары кеңейеді.

1994 ж. ҚПТИ-ді біздің ЖОО түлегі, ЖМ ХҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Г.Г. Пивень басқарды.

1996 ж. ерекше маңызды оқиға ҚР Министрлер Кабинетінің 7 мамырдағы № 573 Қаулысымен Қарағанды политехникалық институты Қарағанды Мемлекеттік Техникалық Университеті (ҚарМТУ) болып қайта құрылды, бұл ЖОО-ның біліктілігі жоғары мамандар даярлаудағы еңбегін өзінше мойындау болып табылды.

1990 жылдары мынадай факультеттер құрылды: ақпараттық технологиялар, геоэкологиялық, экономика және менеджмент, кәсіпкерлік және басқару. Сонымен қатар ҚарМТУ РИВЦ құрылды, дербес компьютерлерге ауысу, жергілікті есептеу желісін және ҚарМТУ-дың

әлемдік ИНТЕРНЕТ компьютерлік желісі ресурстарына шығатын ИНТРАНЕТ автоматтандырылған ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу басталды. Спутниктік және цифрлық теледидар зертханасы құрылды. Қазақстанда алғаш рет ҚарМТУ жанында техникалық лицей, ақпараттық технологиялар колледжі, оқыту мерзімі қысқартылған факультет, маңызды білім беру факультеті, «Мұрагер» дарынды балалар мектеп-интернаты ашылуда.

Баспадан «Автоматика. Информатика» ғылыми-техникалық журналының бірінші шығарылымы шықты, оның құрылтайшысы ҚарМТУ болып табылады. Университет Жоғары мектеп халықаралық ғылым академиясының (ЖМ ХҒА), автоматтандырылған талдау саласында (NAFENS, Ұлыбритания) Халықаралық инженер-аналитиктер Қауымдастығының ұжым мүшесі болып табылады.

Алғаш рет бакалаврлар мен магистрлерді даярлау басталды. Жастар ісі жөнінде комитет құрылды, оның құрамына студенттер белсенділері кірді.

2001 ж. алғаш рет ЖОО мемлекеттік аккредиттеу жүргізілді. ҚарМТУ біріншілер қатарында осы маңызды сынақтан өтті. ҚР Үкіметінің 2001 ж. 19 шілдедегі № 976 Қаулысымен Университет аккредиттелген болып мойындалды.

2002 ж. ҚарМТУ «Өнеркәсіпке бірлесіп ықпал ету қауымдастығының Алтын медалі» халықаралық бағдарламасының лауреаты атағына конкурс жеңімпазы болды, ол ТМД және Балтия елдері кәсіпорындары мен ұйымдары арасында өткізіледі. 1989 ж. ҚарМТУ динамикалық дамуы және жоғары сапасы үшін Алтын медальмен марапатталды.

2003 ж. – ҚарМТУ-ға 50 жыл толған жылы – Университетте 14 факультетте 56 мамандық бойынша 10 мыңнан астам студенттер білім алды. Сол жылы Университет Қазақстанның, «Электрондық университет» статусын алған ЖОО-ның алтылығына кіреді.

2004 ж. ҚарМТУ Қазақстан бірінші болып сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001:2000 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігіне сертификатталған аудиттен өтті және «Русский регистр» және IQNet сертификаттарын алды, олар әлемнің 36 дамыған елінде мойындалған.

Іскерлік практикада жоғары сапасы үшін Халықаралық қор (Швейцария, Женева) ҚарМТУ-ды жас мамандарды жоғары сапамен шығарғаны үшін, тұрақты және ұдайы өскені, инновациялық саясаты, жаңа заманғы жоғары технологияларды пайдаланғаны және білімді персонал үшін Алтын медальмен марапаттады.

2007 ж. Университет инженерлік бейіндегі зерттеу зертханасын құруға грант ұтып алды. Осы жылы ҚР БҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығы өткізген ЖОО тәуелсіз рейтингі нәтижелері бойынша ҚарМТУ ҚР ЖОО арасында үшінші орын алды.

2008 ж. Университетті ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі А.М.Ғазалиев басқарды. Университет тарихында жаңа кезең басталды.

«06.02.2008 бастап 31.12.2008 жж. дейін Университетті дамытудың кешенді бағдарламасы» қабылданды, нәтижесінде осындай бағдарламалар жыл сайын қабылданады. РҚ Тұңғыш Президенті атындағы Республикада теңдесі жоқ Электрондық оқыту технологиясы орталығы, Ш.Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» тіл орталығы құрылды [2, б. 20].

2008 ж. 19 маусымда Қазақстанда Бірінші инновациялық білім беру Консорциумы «Корпоративті Университет» құру туралы Келісім-шартқа қол қойды, оның мүшелері Қазақстан мен Ресей Федерациясының ғылыми және өнеркәсіптік кәсіпорындары болды.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін қамтамасыз ететін Маркетинг және шарттық қатынастар Орталығы құрылды. Алғаш рет Университет 1038 грант иегері болды, қала мен облыс ЖОО арасында абсолютті көшбасшы болды. Бірегей бағдарламалық қамтамасыз ету әзірленді және оқу жетістіктерін тіркеу, студенттердің оқыту траекториясын таңдауы бойынша электрондық құжат айналымы енгізілді.

Құқық бұзушылармен күресу және сыбайластық көріністерін болдырмау мақсатында Университетте қоғамдық тәртіп комиссиясы құрылды.

2008 ж. Университет INSAM (Швейцария) Жоғары бизнес және басқармасына институтына, Technomic Consultant (Франция) Консалтингтік компаниясына қарасты «Золотой феникс» Халықаралық сыйлығының лауреаты болды және Centre for Business Excellence (Ұлыбритания) Ассоциациясына, Еуропалық Бизнес Ассамблеясы Комитеті (Оксфорд, Ұлыбритания) ғылым, білім және бизнес саласында халықаралық қатынастарды нығайтуға қосқан үлесі үшін ҚарМТУ ректоры А.М.Ғазалиевке Вена қаласы Халықаралық Университетінің Құрметті профессоры атағын берді, халықаралық бағдарламалар енгізіп, жүзеге асырғаны және оқытушылар құрамының жоғары біліктілігі үшін ҚарМТУ-ды «Европейское качество» Халықаралық наградасымен марапаттады.

2008 ж. қазан айында «XXI ғасыр көшбасшылары» (Ресей) халықаралық имидждік бағдарламасы ҚарМТУ-ды «Мың жылдық наградасы» - «Адамзат алдындағы еңбегі үшін» наградасымен, ректор А.М. Ғазалиевті – «Ұлт интеллекті», «Жоғары кәсіптік жетістіктері және жаңа заманғы қоғамның интеллектуалды дамуына қосқан үлесі үшін» Құрметті наградаларымен марапаттады.

Университет уақыт талабынан қалмай динамикалық дамып келеді. 2009 ж. ҚарМТУ Болонья қаласында университеттің Ұлы хартиясына қол қойды.

2011-2012 оқу жылы жұмысшы мамандығының төрт жаңа заманғы орталығы құрылды. Университетте «білім – ғылым - инновациялар» үштігі бірлігін жүзеге асыру шеңберінде 7 ҒЗИ қызмет етеді. 2013 ж. Халықаралық дәнекерлеу институты құрылды.

«Университет негізін қалаушылар» портреттерінің галереясы құрылды, онда кафедралар мен факультеттердің негізін қалаушылардың, оқу процесін ұйымдастырушылардың және ҚарМТУ ғылыми мектеп жетекшілерінің көркем портреттері қойылған [1, б. 11]. Университеттің қамқорлық кеңесі, патриоттық тәрбие беру және дене шынықтыру және спорт бойынша қоғамдық кеңестер құрылды.

ҚарМТУ-да ҚР Тұңғыш Президентінің өнегесінде студенттерге патриоттық тәрбие берудің бірегей моделі әзірленді. Осы модель кеңінен сынамаланған және ҚР БҒМ Республиканың ЖОО жүзеге асыруға ұсынған.

2011 жылы қарашада Еуразиялық студенттер Ассоциациясының толық мүшесі болды.

Соңғы жылдары халықаралық байланыстар қарқынды дамып келеді. Шетел ұйымдарымен және 23 елдің жоғары оқу орындарымен 114 шарт, келісім және меморандум жасалды.

Ғылыми-зерттеу қызметі кең таралым алды. Ғылыми ізденімдерді қаржыландыру көлемі бірнеше есе артты, Ә.С. Сағынов атындағы «Білім мен ғылымдағы инновациялар» Орталығы ашылды, онда шетелде теңдесі жоқ ҚарМТУ ғалымдарының ғылыми әзірлемелері қойылған. Көрме Университеттің визиттік карточкасы болды.

«Ғылым мен техниканың дамуына қосқан көрнекті үлесі үшін»: ҚарМТУ ректоры, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевке, бірінші проректор, т.ғ.д., профессор А.З.Исағұловқа және В.Ф. Бырька атындағы ӨПА кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор И.В. Брейдоға Мемлекеттік ғылыми сыйлық берілді.

Әсіресе айрықша мәнді күн 2012 ж. 1 желтоқсаны болды. Бұл күні бірінші жалпы ұлттық мереке – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің күні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біздің ЖОО келді. Өзінің сапары кезінде біздің еліміздің Президенті курстастарымен кездесті, ҚарМТУ-дың Құрметті қонақтары кітабында естелік жазба қалдырды.

Бүгінгі күні ҚарМТУ Қазақстанда, айтарлықтай білім әлеуеті және белгілі ғылыми мектептері, талантты, білімге құштар студенттері бар ең ірі инновациялық-бағдарланған техникалық университеттердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Карагандинский государственный технический университет: К 60-летию университета. – Караганда: ТОО «Арко», 2013. – 499 с.
2. Путеводитель по музею истории КарГТУ /Под ред. академика НАН РК А.М. Газалиева; Сост. Д.Х. Климова. – Караганда: Изд-во КарГТУ, 2008. – 26 с.
3. История КарГТУ. – www.kstu.kz.

ҚАРМТУ МАҚТАНЫШ ЕТЕТІН ҒАЛЫМДАР МЕН ПЕДАГОГТАР: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеттің жоғары мәртебесі оқу процесі мен ғылыми-зерттеу жұмысының аса тығыз байланысын міндеттейді. Болашақ маманды толығымен оқыту және сапалы даярлау жетістігінің негізі осыдан көрінеді.

Көптеген жылдар бойы университет ғылыми-білім беру кешені ретінде қалыптасты және ол озық технологиялардың ғылыми-техникалық орталығына айналды. Бұл келесі ғылыми бағыттар бойынша маңызды және қолданбалы зерттеулердің басым дамуымен қамтамасыз етілді:

– Пайдалы қазбалардың кен орындарын қазу технологиясы (Ә. Сағынов, С. Квон, Ю. Векслер, Ю. Берқалиев, Т. Исабек).

– Тау-кен машинасын жасау (А. Кичигин, А. Лазуткин, И. Янцен, Г. Пивень, Д. Ешуткин, С. Жетесов, Ю. Климов, Ю. Черкашин, Т. Ермеков, А. Ушаков, А. Павлов, Ю. Смирнов).

– Тау-кен кәсіпорындарының аэрологиясы және еңбек қорғау (Н. Кременчуцкий, Н. Гращенков, Е. Глузберг, Ә. Әкімбеков, Ф. Гельфанд, В. Журавлев, Г. Панов).

– Көлік жүйелері (А. Данияров, З. Ақашев, С. Малыбаев, Ж. Қуанышбаев).

– Маркшейдерлік іс және жер қойнаулары геометриясы (И. Попов, Р. Окатов, П. Шпаков, Ф. Низаметдинов).

– Техникалық жүйелерді модельдеу және жобалауды автоматтандыру (П. Степанов, Г. Пивень, М. Нұрғожин, Л. Когай, И. Альтер).

– Ядролық геофизика және пайдалы қазбалардың құрамы мен сапасын зерттеудің ядролық-физикалық әдістері (Ю. Пак, В. Красноперов).

– Өндірістік процестерді автоматтандыру (В. Бырька, И. Брейдо, Б. Фешин).

– Геология және жер қойнауларын барлау (М. Ермеков, Л. Думлер).

– Құю өндірісі (Е. Шевцов, А. Исағұлов).

– Құрылыс механикасы және құрылыс конструкциялары (А. Боженков, Н. Жадрасынов, Ж. Бәкіров, Ж. Нұғожин).

– Экономикалық теория және басқару экономикасы (Ш. Қашықов, Б. Ахметжанов, Р. Каренов, В. Муров, Р. Ходжаев).

Жетістіктер халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда, монографияларда және мақалаларда кеңінен көрсетіледі. Тек соңғы 10 жыл ішінде ғана профессорлық-оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлер әр түрлі деңгейлі ғылыми конференцияларда 900-ге жуық баяндамалар ұсынды, 3000-нан астам

ғылыми жарияланымдар жариялады. 64 монография шығарылды, 30 докторлық және 55 кандидаттық диссертация қорғалды, 200-ден астам авторлық куәлік пен патент алынды.

Орындалатын ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейі және маңыздылығы университеттің көптеген ғалымдарының ғылымдар академияларының нақты сайланған мүшелері (академиктері) болуына мүмкіндік берді: Ә. Сағынов – ҚР ҰҒА академигі; А.М. Ғазалиев – ҚР ҰҒА; Г. Пивень – ЖМ ХҒА, ХАҒА, ҚР ЖҒА, ҚР АА; Ю. Пак – ҚР ЖҒА; И. Альтер – ХАҒА; И. Арыстан – ХАҒА; Б. Берқалиев – ХАҒА; Б. Біләлов – ҚР МҒА және т.б.

Көптеген түлектер ғылым докторлары болды: Г.Г. Пивень, И.А. Янцен, Р.П. Окатов, Ә.Қ. Әкімбеков, С.С. Жетесов, П.П. Палев, А.Н. Данияров, Д.Н. Ешуткин, Ф.К. Низаметдинов, Ю.И. Климов, Ю.М. Смирнов, И.М. Альтер, Б.А. Ахметжанов, Ж.Б. Бәкіров, А.З. Исағұлов, С.Қ. Малыбаев, Б.Н. Фешин, Ж.М. Қуанышбаев, Т.Н. Бекенов, С.Б. Колоколов, Р.С. Каренов, В.И. Соловьев, В.В. Грузин, Т.К. Исабек және т.б.

Оқытушылар мен қызметкерлер инженер кадрларын даярлауда және ғылыми зерттеулерді орындауда қол жеткізген табыстары үшін жоғары үкіметтік наградаларды иеленді. Сонымен, Ә. С. Сағынов екі Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы және Халықтар достығы ордендерімен, «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталды, Социалистік Еңбек Ері атанды [1, б. 71].

Ғылыми мектептерді құру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға шаруашылық шарттар жасасу және ғылыми жұмыстағы басқа маңызды жетістіктер ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен басқаруды күшейтуді талап етті. Осы мақсатта 1961 жылы ректоратта ғылыми жұмыс жөніндегі проректор лауазымы енгізіледі, ол қызметке А.Ф. Кичигин тағайындалады.

А.Ф. Кичигиннің (1961-1971 жж.) 10 жыл белсенді жұмысы ішінде институт республиканың озық ЖОО деңгейіне шықты. Көптеген әзірлемелер КСРО және ҚазКСР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмелеріне қойылды. Институтта кандидаттық диссертацияларды қорғау бойынша бірінші диссертациялық кеңес құрылды, институттың көптеген ғалымдары үкіметтік наградаларды иеленді және әр түрлі сыйлықтардың лауреаттары атанды.

Сонымен қоса, институтта ғылыми-зерттеу секторы (ҒЗС) құрылды, оны қалыптасу сатысында басқаруды Ю.И. Сигарев (1960-1961 жж.), А.С. Савельева (1967-1968 жж.) және А.Д. Гарницкая (1969-1974 жж.) жүзеге асырды.

1971 жылғы 16 тамызда ғылыми жұмыс жөніндегі проректор болып Лазуткин А.Г. тағайындалады, ол осы қызметте 16 жыл жұмыс істеді (1988 жылға дейін). Осы жылдарда институтта мамандарды даярлау сапасын жақсарту, өнеркәсіптік кәсіпорындармен, ғылым академияларымен,

салалық министрліктермен және ведомстволармен ынтымақтастықты нығайту міндеттерімен тығыз байланыста ғылыми зерттеулердің деңгейі мен тиімділігін әрі қарай жоғарылатуға бағытталған шаралар кеңінен өткізілді.

Нәтижесінде шаруашылық шарттар бойынша жалпы қаржыландыру көлемі 1971 ж. 1335 мың сомнан 1988 ж. 4784,5 мың сомға дейін өсті. Сонымен бірге зерттеулер маңызды халық шаруашылығы проблемаларын шешу бойынша 22 кешенді, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша орындалды, бұл ҒЗЖ маңызды тақырыптамасының меншікті салмағын көтеруге мүмкіндік берді – 1988 ж. қаржыландыру көлемі 269 мың сомға дейін жеткізілді (1971 жылдары – орындалмады, 1972 ж. – 40 мың сом). Орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстары көлемінің ұлғаюымен, оларға профессорлық-оқытушылар құрамын, аспиранттар мен студенттерді кеңінен қатыстырумен ғылыми-зерттеу секторының міндеттері өзгертілді, оларға 1974 жылдан 1986 жылға дейін жетекшілік етуді В.А. Фомин жүзеге асырды. ҒЗС ғылыми-зерттеу институты мәртебесін иелене бастады.

Ғылыми қызметте қол жеткізген табыстары үшін КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің Қаулысымен Қарағанды политехникалық институты маңызды халық шаруашылық мәні бар жетекші ЖОО қатарына жатқызылды. Қазақ КСР Жоғары және орта арнайы білім министрлігінің 1987 ж. 28 мамырдағы № 506 бұйрығымен ғылыми-зерттеу секторының және «Тау жыныстарын бұзуға арналған күштік гидравликалық жүйелерді құрудың ғылыми негіздері» проблемалық зертханасының базасында ғылыми-зерттеу бөлімі (ҒЗБ) құрылды.

Ғылыми-зерттеу бөлімінің шеңберінде 15 – институттық, 3 – факультеттік және 9 кафедралық деңгейлі ғылыми-зерттеу зертханаларын құру көзделді. Көптеген ғылыми-зерттеу зертханаларының жетекшілері кафедра меңгерушілері болып тағайындалды, бұл ғылыми қызметтің оқу процесімен байланысының нығаюын алдын ала анықтады.

Институттың ғылыми-зерттеу бөлімінің құрылымына ғылыми-зерттеу зертханалары, сондай-ақ ғылыми жұмысты үйлестіру, басқару, ұйымдастыру және жалғастыру қызметі қосылды. ҒЗБ әкімшілік-басқарушылық бөлімшесі ҒЗБ дербес бөлімдерінен және жалпы институттық қызметтерге кіретін жеке топтардан (тұлғалардан) құралды. ҒЗБ құрамына сондай-ақ ҒЗЖ ұйымдастыру және ендіру (Кулявцева Т.И., Гуртова Т.И.), ғылыми-техникалық ақпарат (Фабричная Н.П., Абинов А.Г.), ҒЗЖ стандарттау және метрологиялық қамтамасыз ету (Мырзаханов С.А., Крицевый Ю.Ф.) сияқты ірі бөлімдер енгізілді. Жалпы институттық қызметтерге жоспарлық-қаржы тобы (Максимова К.К.) және ҒЗБ бухгалтериясы (Цайгер Р.Г., Суркова С.И., Чичаева Л.А.) бөлінді. Ректордың 20.07.1987ж. № 546 бұйрығымен ғылыми жұмыс жөніндегі проректор болып т.ғ.д., профессор Лазуткин А.Г., ал оның орынбасары

болып т.ғ.к., доцент Муштаков Н.А. тағайындалды. Ғылыми хатшы қызметіне т.ғ.к. Рудая Р.И. қабылданды.

Ғылыми-зерттеу бөлімінің қалыптасуы ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың қызметіне 08.02.1988 ж. тағайындалған, техника ғылымдарының докторы, профессор И.А. Яценнің жетекшілігімен өтті.

Ғылыми жұмысты ұйымдастыруды күшейту, оның нәтижелерін ендіру және халықаралық ынтымақтастыққа шығу үшін институтта ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың орынбасары қосымша лауазымы енгізілді. Бұл қызметке алғаш рет техника ғылымдарының докторы, профессор Ушаков Л.С. (1988-1989 жж.) қабылданды, оны техника ғылымдарының кандидаты Негруцкий С.Б. (1990-1994 жж.) ауыстырды.

1989 жылы ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың орынбасары - ҒЗБ бастығы қызметіне техника ғылымдарының кандидаты, доцент Моисеев В.С. тағайындалды, оның белсенді араласуымен ҒЗБ барлық нормативтік базасын әзірлеу аяқталды және институттың ғылыми қызметін басқару жүйесі құрылды. Ғылыми-зерттеу бөлімі қызметінің алғашқы жылдарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді қатаң регламенттеуден шаруашылық есептеу және өзін-өзі қаржыландыру принциптерінде басқаруға түпкілікті ауыстыру жүзеге асырылды, ол кезде тақырыптар санын ұлғайтуда, оларды орындау мерзімдерін қысқартуда және ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін жоғарылатуда ғылыми жұмыстарды орындаушылардың жеке мүдделілігі пайда болды, яғни, мәні бойынша, рыноктық механизм ғылымында қалыптаса бастады.

Институтта ғылыми-зерттеу зертханалары түрінде ҒЗБ классикалық құрылымымен параллель шағын кәсіпорындар мен кооперативтер құрыла бастады. 1989 жылы «Символ», «Импульс», «Лазер» «Кристалл», «Изотвор» кооперативтері ұйымдастырылды.

2008 жылғы наурызда университет ректоры ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің бастамасы бойынша республикада аналогтары жоқ Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» тілдік орталығы құрылды, онда әрбір қалаған адам қазіргі заманғы әдістемелердің, жаңа оқыту құралдарының көмегімен мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгере алады [2, б. 415].

Университеттің дамуының кешенді бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаны іске асырудағы маңызды қадамдардың бірі 2008 жылғы 19 маусымда Қазақстандағы тұңғыш «Корпоративті Университет» инновациялық білім беру консорциумын құру туралы Келісімге қол қою болды, оның мүшелері Қазақстан мен Ресей Федерациясының ғылыми және өнеркәсіптік кәсіпорындары болды: РҒА УрБ Геофизика Институты, Қарағанды технопаркі, ИПКОН ЖШС, Әбішев атындағы ХМИ, «Еуразиялық өнеркәсіптік химиялық топ» ЖШС, «Абсолют Қазақстан» Компаниясы ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» КД АҚ, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС және т.б. ҚР Білім және ғылым экс-министрі Ж.Қ.

Түймебаев айтқандай, Орталық Қазақстан аймағында Корпоративті университет құру тұтас алғанда Қазақстанның және Қарағанды аймағының барлық техникалық білім беру жүйесі үшін жаңашыл және маңызды болып табылады.

Университет құрылымында Маркетинг және шарттық қатынастар орталығы құрылған, ол студенттер құрамының сапалы қалыптасуын және кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін жоғарылатуды қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптің басым салаларын кадрмен қамтамасыз ету үшін 5 жаңа мамандық ашылған: «Биотехнология», «Информатика», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Математикалық және компьютерлік модельдеу» және «Бастапқы әскери даярлық».

Бүгінгі күні ҚарМТУ Қазақстанда, айтарлықтай ғылыми әлеуеті және белгілі ғылыми мектептері бар ең ірі инновациялық бағдарланған техникалық университеттердің бірі болып табылады. Университет өткізетін халықаралық, республикалық және аймақтық ғылыми-техникалық конференциялар академиялық элитаны, жас аспиранттарды, магистранттарды, студенттерді, аймақтың, республиканың, ТМД елдерінің және алыс шетелдердің ірі кәсіпорындарының мамандарын жинайды. «Қарағанда-Инвест-2008» Халықаралық форумында Университеттің 11 ғалымының жобасы ұсынылды.

Словакия мемлекеттік университетімен, Циттау – Гертлиц институтымен (Германия), Болтон университетімен (Ұлыбритания), Кошица қ. Рочестер технологиялық университетімен (Словакия), Томск политехникалық университетімен (Ресей) және т.б. ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. ҚарМТУ оқу стандарттарын әзірлеу және инновациялық кәсіпорындарды әзірлеу бойынша үш халықаралық ТЕМПУС жобасына қатысады.

Университеттің дамуына т.ғ.к., доценттер А.М. Леонов, Н.В. Ешуткин, А.В. Шабурников, А.П. Ли, В.И. Рыженков, В.С. Оробинский, А.Ф. Немкин, А.Н. Мурашев, В.П. Попов (қазіргі уақытта Мәскеу мемлекеттік тау-кен университетінің маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасының меңгерушісі) және т.б. үлкен үлес қосты.

Ірі және белгілі ғалымдар, университеттің оқытушылары т.ғ.д., профессорлар С.С. Квон, Б.Т. Берқалиев, Н.А. Дрижд болып табылады, олар Қазақстанның кен өндіру саласы үшін жас мамандарды тәрбиелеу және даярлау ісіне үлкен үлес қосты.

Университетте оның құрылған сәтінен бастап М.Т. Омаров, В.И. Удалых, В.И. Фольгарт, Т.Д. Қашқымбеков жұмыс істеді. Университеттің алғашқы оқытушыларының бірі т.ғ.к., доценттер В.Н. Аракелов, В.К. Донис, Э.Ф. Боярский, Л.И. Жуган, Л.И. Когай, Е.Н. Протасов болды. Кейіннен Л.И. Когай т.ғ.д., профессор, В.К. Донис профессор, Э.Ф. Боярский, Л.И. Жуган, Т.Д. Қашқымбеков, Е.Н. Протасов, М.Т. Омаров, В.И. Фольгарт т.ғ.к., доценттер атанды [3, б. 13].

Университеттің даму тарихында буындардың ауысуы болды. Бүгінде, шексіз алғыс сезімімен барлық өмірден өткен, Қарағанды тау-кен, политехникалық институтының, қазіргі техникалық университеттің қалыптасуы мен дамуына маңызды үлес қосқан қызметкерлерді еске аламыз. А. Ермекова, Л. Рахлис, Р. Козлова, А. Лебедева, А. Петрушанского, А. Эттеля, И. Деревинского, Г. Кинелевой, А. Анисимова, Е. Акбасова, Х. Хасенова, Ю. Гудовского, С. Ракова, М. Ланге, Н. Песина, В. Аракелова, Э. Гофмана, В. Лыткина, И. Фрейгант, Г. Кожухметова, К. Ибраева, П. Акимочкина, Л. Егорычевой, М. Волощина, З. Кенжина, Э. Келлера, Р. Зудиной, Х. Абдрахманова, К. Ахметова, В. Бырька, З. Байназарова, И. Богатырева, Е. Пятенцево, А. Сеницыной, И. Гуртового, А. Даниярова, В. Данилова, Ю. Евстифеева, Л. Когай, Б. Кульпеисова, М. Кенесбаева, Ф. Крицевого, Е. Копбаева, Н. Летовой, В. Ли, Е. Омарова, Е. Огарковой, С. Кима, И. Попова, Н. Пахомова, Ю. Риттера, А. Тен, С. Умбеталина, Б. Христенко, Е. Щевцова, Ф. Кремера, В. Маляревского, А. Махова, Б. Сулимова, В. Архипова және т.б. аттары оның тарихында мәңгілікке қалады. Олардың өмірі мен жұмыстары естелікке тұрарлық.

Біз ЖОО-мыздың өмірбаянының жарқын беттерімен, оны құру мен дамуға үлес қосқандар есімімен, оның беделі мен бүгінгі қажеттілігін қамтамасыз ететіндермен мақтанамыз. Біздің ұжымымыз Елбасының Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында белгіленген міндеттерді өмірде іске асыруды көздейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Академик А.С. Сагинов: грани таланта /Карагандинский государственный технический университет – Караганда: Изд-во КарГТУ, 2010.
2. Карагандинский государственный технический университет: К 60-летию университета. - Караганда: ТОО «Арко», 2013.
3. Аракелов Владимир Наполеонович. Байтлеулов Изтелеу Салимович. Донис Владимир Константинович. Когай Леонид Иванович. Серия «Жизнь замечательных педагогов». Караганда: КарГТУ, 2010.

Т.К. Исабек,
Қарағанды техникалық университетінің
Пайдалы қазбалар кен орындарын қазу
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.
e-mail: tyiak@mail.ru

АКАДЕМИК А.С. САҒЫНОВ – ҒАЛЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ЖОҒАРЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Социалистік Еңбек Ері, Қарағанды қ. Құрметті азаматы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбілқас Сағынұлы Сағынов біздің еліміздің көрнекті ғалымдарының қатарына жатады. Кеңестер Одағында 800 ректордың ішінде бар болғаны екеуіне Социалистік Еңбек Ері жоғары атағы берілді. Олардың бірі – біздің Әбеке. Әбілқас Сағынұлы білетіндердің барлығы Орталық Қазақстанда жоғары техникалық білім беруді ұйымдастырушы, Қарағанды көмір бассейнінің, Қарағанды қаласының қалыптасуына және дамуына қатысушы, сан мыңдаған шәкірттердің тәрбиешісі, әрі тәлімгері, біліктілігі жоғары инженер кадрлар даярлау ісіне баға жетпес үлес қосушы ретінде оның еңбектеріне құрметпен бас иіп, оның бейнесін құрмет тұтады.



**Әбілқас Сағынұлы
Сағынов (1915-2006)**

Өзінің өндірістік қызметінің алғашқы күндерінен бастап Ә.С.Сағынов «Верхняя Марианна» қабатын қазудың тиімді жүйесін іздестіру бойынша эксперименттерге белсенді араласа бастады. Осы қабатты қазу технологиялары мен құралдарының көптеген түрлі нұсқалары сыналды. Тек көп жылдар өткеннен кейін ғана 1960 жылдардың аяғында Ә.С.Сағынов өзінің шәкірттерімен бірге жақсы нәтижелер алды. Ортаншы және төменгі қабаттарда механикаландырылған кешендер жүгі тәулігіне 3000 және одан көп тоннаға жетті.

1976-1983 және 1987-1997 жылдар аралығында ұзық мерзім бойы факультет деканы т.ғ. к., доцент, МИИТ түлегі Ж.А. Әлиев болды. 1983 жылдан 1987 жылға дейін факультетті ҚарПТИ түлегі, доцент, т.ғ. к. Т.С. Интыков басқарды. 1997 жылдан 2007 жылға дейін факультет деканы т.ғ. к. М.К. Ибатов болды.

Әр жылдары факультет декандары т.ғ. к., доцент Т.К. Балғабеков; т.ғ. к., профессор Е.С. Бестембек; т.ғ. д., профессор Б.Б. Тоғызбаева; т.ғ. к., профессор Т.С. Интыков; т.ғ. к., доцент Г.С. Жолдыбаева болды. Қазіргі уақытта факультетті т.ғ.к., қауымд. профессор Б.К. Құрмашева басқарады.

Деканның орынбасарлары: оқу жұмысы бойынша – «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының аға оқытушысы Е.Ш. Дүйсенбаев, ғылыми жұмыс бойынша – PhD, «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының аға оқытушысы Ә.Ж. Қызылбаева, тәрбие жұмысы бойынша – «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы М.Т. Оспанғалиева болып табылады.

Факультет құрамына 2 шығарушы кафедра: «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер», А.Н. Данияров атындағы «Өнеркәсіптік көлік»; «Жоғары математика» және «Қазақ тілі мен мәдениеті» жалпы білім беретін 2 кафедра кіреді. Білім беру қызметін 60-тан астам оқытушы жүзеге асырады, олардың ішінде 7 ғылым докторы, 18 ғылым кандидаты, 6 PhD, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының 8 иегері бар.

Факультет дайындықты екі бағытта жүзеге асырады: Автокөлік құралдары («Көлік, көлік техникасы және технологиялары») және Көлік қызметтері («Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану») және «Логистика» (көлік).

Жол-көлік факультеті басқарушылық, қоғамдық және коммерциялық қызметтің барлық буындарында табысты еңбек ететін 7000-нан астам жоғары білікті мамандарды дайындады.

Үздік түлектер қатарында: Е.Х. Сұлтанов – ҚР Парламенті Сенатының депутаты; Ә.Қ. Құсайынов – ҚР Көлік және коммуникацияның бұрынғы министрі; Б.Е. Шайманов – отставкадағы ҰҚК генерал-майоры; И.В. Лепеха – полиция генерал-майоры, ҚР ІІМ аппаратының басшысы; Ж.З. Қадырбеков – ҚР ҰҚК генерал-майоры, Қостанай облысы бойынша ҰҚКД бастығы; С.Ш. Аманбаев - «Қазақстан Автокөліктер одағы» ЗТБ атқарушы директоры; А.Р. Манукян – «№3 автобус паркі» ЖШС бас директоры; Е.К. Шайменов – Орталық Қазақстан Академиясының бірінші проректоры; А.Н. Майшин – ТҚжәнеЖ бойынша «Шұбаркөл Көмір» АҚ Вице-президенті; Н.О. Мағзұмбеков – «Eurotrans Group» ЖШС бас директоры; В.В. Салфетников – «Арселор Миттал Теміртау» АҚ КІТУ ҚД бастығы, К.Б. Бегимов – Теміртау қаласының әкімі және басқалар.

Факультетте әр жылдары көрнекті ғалымдар, ғылым докторлары З.Т. Ақашев, Д.М. Беленький, Т.Н. Бекенов, Б.Н. Глотов, Е.И. Глузберг, В.В. Грузин, А.Н. Данияров, Н.А. Данияров, А.Ж. Жұмасұлтанов, М.К. Ибатов, А.С. Қадыров, Ш.К. Кашик, Ж.М. Қуанышбаев, С.К. Малыбаев, С.К. Тутанов, Р.Р. Хайбуллин, Х.Ж. Халманов, Ж.М. Харченко, И.А. Янцен; техника ғылымдарының кандидаттары Н.А. Әділбек, Ж.А. Әлиев, И.А. Әубекеров, Г.Г. Бернардов, Т.С. Интыков, А.П. Ищенко, Б.К. Жакенов, А.Б. Клок, З.А. Мулдағалиев, С.С. Сағынтаев, О.Г. Савчак; ф-м.ғ.к., профессор З.С. Гриншпун және басқалары жұмыс істеді және жұмыстарын жалғастырып келеді, олардың күшімен кафедралардың жұмысқа қабілетті ұжымдары құрылды, олардың ғылыми ізденімдерінің нәтижелері біздің еліміздің де, сондай-ақ одан тыс жерлерде де ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланады.

Оқу процесінде кредиттік оқыту технологиясында көзделген форматта сабақ өткізу үшін мультимедиялық аппаратурасымен (проекциялық теледидар, проекторлар мен экрандар) жабдықталған дәрістік аудиториялар мен зертханалар пайдаланылады. Факультеттің барлық білім беру бағдарламалары халықаралық агенттіктермен аккредиттелген.

Факультеттің білім алушылары 4 филиалда: «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Қарағанды тиеу-көлік басқармасының, «КазПромТрансМаш» ЖШС, «Борусан Макина Қазақстан» ЖШС және «№3 автобус паркі» ЖШС базаларында сабақтарға қатыса алады.

Жыл сайын түлектер жәрмеңкесі өткізіледі, оның жұмыс нәтижесі бойынша түлектердің 90% дейін жұмысқа орналасады. Түлектер «Қазақмыс» корпорациясы, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ, «Борусан Макина Қазақстан» ЖШС, «Шұбаркөл Көмір» ЖШС, «№3 автобус паркі» ЖШС және басқа да ұйымдарға бөлінген және қызмет етеді.

Ғылыми-зерттеу жұмысы университеттік ғылыми-білім беру қызметінің құрамдас бөлігі, жоғары білікті мамандарды даярлаудың бірыңғай процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Факультетте т.ғ. д., профессор А.С. Қадыровтың басшылығымен құрылған кадрлар даярлау мектебі PhD бітіруші кафедраларды қамтамасыз етеді, болашақ бакалаврлар мен магистрлерді даярлау сапасын арттырады.

Факультет студенттері ғылыми зерттеулерге, пәндік олимпиадаларға қатысады, ең жоғары деңгейдегі жарыстарға қатысады, КТК-ға қатысады және дәстүрлі жастар музыкалық фестивальдеріне қатысады.

Университетте 1998 жылдан бастап «Үздік факультет» атағына жыл сайынғы конкурс өткізіле бастады, онда ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие жұмыстарының қорытындысы бойынша жол-көлік факультеті бірнеше рет факультеттер арасында жоғары орындарға ие болды.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

Факультеттің басталуы бүкіл әлемде автоматтандырудың, электрониканың және есептеу техникасының қарқынды дамуымен байланысты және 1969 жылы КСРО Жоғары оқу орындары министрлігі бірқатар жаңа мамандықтарды ашты, соның ішінде 0640 «Ақпаратты өңдеу және беру процестерін механикаландыру және автоматтандыру» жаңа инженерлік мамандығын ашты. Тек бес жоғары оқу орны даярлауға рұқсат алды – бұл Пензада, Севастопольде, Куйбышевта, Новосибирскте және Қарағандыда, яғни Қарағанды политехникалық институтындағы институттар. Алғашқы жылдардан бастап оған деген конкурс ең жоғары болды.

1970 жылы тау-кен электрмеханикалық факультетінің құрамында ақпараттық-есептеу техникасы (АЕТ) кафедрасы ашылды, кафедраның алғашқы меңгерушісі т.ғ. к., доцент В.Н. Аракелов болды.

1975 жылы ТЭМФ құрамынан Автоматика және ақпараттық жүйелер факультеті (бұдан әрі – ААЖ) бөлінді, алғашқы декандар Г.Г. Бернардов, В.К. Донис, Л.С. Ушаков болды.

1986 жылы 340640 – Ақпараттық-өлшеу техникасы және технологиясы жаңа мамандығы ашылды, ал 1990 жылы Ақпараттық-өлшеу техникасы (бұдан әрі – АӨТ) кафедрасы ұйымдастырылды.

1993 жылы Ақпараттық технологиялар факультеті АӨТ және АЕТ кафедраларының базасында құрылды, ал 2008 жылы Инновациялық технологиялар факультеті болып қайта құрылды.

Бүгінгі таңда Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті КеАҚ (бұдан әрі – ҚарТУ) инновациялық технологиялар факультеті жарты ғасырдан астам уақыт бойы осы саладағы көшбасшылар мен жаңашылдардың бірі болып табылады.

Факультеттің алғашқы деканы болып Машина және машина жүйелерін автоматтандырып жобалау негіздері кафедрасының доценті - Н.Е. Бауман атындағы Мәскеу жоғары техникалық училищесінің түлегі М.Р. Нұрғожин тағайындалды. 1994 жылы М.Р. Нұрғожинді оқу ісі жөніндегі проректор етіп тағайындауына байланысты ИТФ деканы АЖА кафедрасының доценті В. А. Грибач болды, 1995 жылы В.А. Грибач пен Д.И. Местердің кетуіне байланысты факультетті Автоматтандырылған өндіріс жүйелері кафедрасының доценті, политехникалық институттың 1967 жылғы түлегі, техникалық ғылымдар кандидаты, АЖЖ кафедрасының профессоры А.А. Эпов басқарды. 2001 жылдың қазан айында А.А. Эповтың кетуіне байланысты декан болып Қарағанды политехникалық институтының 1984 жылғы түлегі, техника ғылымдарының кандидаты С.Т. Исағұлов тағайындалды. 2004 жылы факультет деканы болып техника ғылымдарының кандидаты В.А. Эттель тағайындалды, 2009 жылдан бастап факультетті Қарағанды политехникалық институтының түлегі, педагогика ғылымдарының кандидаты Б.К. Султанова басқарды. 2012 жылдың басында физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Л.М. Мустафина декан болып тағайындалды, ал 2012 жылдың соңында Қарағанды политехникалық институтының түлегі, техника ғылымдарының кандидаты Н.И. Томилова декан болып тағайындалды.

Қазіргі уақытта факультетті педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Г.Е. Самашова басқарады. Оқу ісі жөніндегі деканның орынбасары – Ақпараттық-техникалық қауіпсіздік (бұдан әрі – АТҚ) кафедрасының оқытушысы С. Д. Ақылтаева; ғылыми жұмыс жөніндегі деканның орынбасары – Химия және химиялық технологиялар (бұдан әрі – ХжәнеХТ) кафедрасының аға оқытушысы А.А. Жорабек; тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – Ақпараттық-есептеу жүйелері (бұдан әрі – АЕЖ) кафедрасының аға оқытушысы кафедрасының оқытушысы Д. Е. Сагатова.

Факультет құрамына келесі кафедралар кіреді: «Ақпараттық-есептеу жүйелері», «Ақпараттық-техникалық қауіпсіздік», «Химия және химиялық технологиялар» және «Қазақстан тарихы» (әрі қарай ҚТ).

Қазіргі уақытта факультетте бакалавриаттың келесі мамандықтары/білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) бойынша мамандар даярланады: «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Есептеу

техникасы және БҚ», «Ақпараттық жүйелер», «IT-медицина», «Математикалық және компьютерлік модельдеу», «Информатика», «Аспап жасау», «Биотехнология», «Органикалық заттардың химиялық технологиялары», «Пайдалы қазбаларды байыту». Магистратура «Ақпараттық жүйелер», «Органикалық заттардың химиялық технологиялары», «Аспап жасау», «Метрология» ББ бойынша жүзеге асырылады. Дайындық мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде толық және қысқартылған оқу мерзімімен күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандары бойынша жүргізіледі. Факультетте бакалавриат бойынша дайындық Қарағанды медицина университетімен «IT-медицина» ББ бойынша бірлескен білім беру бағдарламасы (БББ) шеңберінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ кафедраларда «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Аспап жасау» магистратурасының білім беру бағдарламалары бойынша «Томск ұлттық зерттеу политехникалық университеті» ЖБ ФМАБМ Серіктес ЖОО-мен екі дипломды білім беру жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасын 110 оқытушы жүзеге асырады, олардың ішінде 3 ғылым докторы, 9 PhD философия докторы, 19 ғылым кандидаты, 38 магистр және 9 өнеркәсіптік ұйымдардың өкілдері. 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша факультет бірінші орынға ие болды. Факультетте «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының 12 иегері жұмыс істейді.

Факультет жұмыс істеген уақыттан бері Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында, сондай-ақ таяу және алыс шетелдерде табысты еңбек ететін 7000-ға жуық маман даярланды. 2021-2022 оқу жылының түлектері - 322 студент. Жоғары атақтарға ие болған келесі түлектерді атап өтуге болады: Д.М. Ахмедиев – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары; З.Б. Антаев – «ARS KAZLAB» ЖШС «Пустынное» ЖК зертханасының бастығы; А. С. Бондаренко – «Woopray (ВУПШЕЙ)» ЖШС директоры; М.Е. Буребаев – Жезқазған байыту фабрикасының директоры; Н.Н. Винникова – «Лад Көмір» ЖШС директоры; А.С. Данилов – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице – министрі; Т.Я. Кацага – Торонто университетінің PhD, ItascoGroup компаниясының ғылыми қызметкері; Г. Хамидолинов – «ZIZ INC» ЖШС дамыту жөніндегі директоры; А. Черняков – «Аврора» ПА директоры және басқалар.

«Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» – «Серпін-2050» әлеуметтік жоба аясында факультетте Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен студенттер білім алуда. Факультеттің білім беру бағдарламалары Ресей, Ауғанстан, Өзбекстан және Тәжікстаннан келген талапкерлер үлкен сұранысқа ие. 2019-2020 оқу жылында Ауғанстаннан студенттердің алғашқы түлектері шықты.

2018 жылдың қараша айында университетте Қарағанды облысының жетекші ІТ-компанияларымен бірге ІТ-құзыреттер орталығы құрылды. Университеттің оқу-зертханалық базасын дамыту шеңберінде стейкхолдерлерден лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету, аппараттық жарақтандыру, сондай-ақ брэнд-өнімдер алынды. ІТ-құзыреттілік орталығының базасында студенттер ІТ-кәсіпорындар мен жұмыс берушілер тақырыбы бойынша дипломдық және курстық жобаларды жазуға және бағдарламалауға қатысу арқылы нақты қолданбалы тәжірибе алады.

2019 жылдың 12 желтоқсанында факультет базасында «Автоматтандырылған ақпараттық жүйелер» кафедрасының негізін қалаушы және Қазақстанның орталық өңірінде «Ақпараттық жүйелер» бағытының 80 жылдығына арналған Шанхай ынтымақтастық ұйымы университетінің жобасы шеңберінде т. ғ. д., профессор, ХАИ академигі Когай Леонид Ивановичтің 1-Халықаралық «Цифрлық әлем» жастар on-line форумы өтті.

2020 жылдың 23-24 сәуірінде Cisco Webex Meetings платформасында on-line режимінде инновациялық технологиялар факультетінің мерейтойына арналған «Заманауи ІТ-диалог» ІТ-форумы өтті. Аталған Форумның мақсаты отандық ақпараттық өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін дамыту және нығайту үшін жастарды ІТ-саласында жаңа, озық дағдылар мен білім алуға ұмтылуға ынталандыру болды.

2020 жылы «Корпоративтік университет» инновациялық-білім беру консорциумының ІТ-құзыреттер орталығын дамыту шеңберінде Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ ЗТБ және «ҚР ақпараттық технологияларды дамыту қауымдастығы» ЖК қамқорлығымен құрылған Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің Өңірлік кеңесі жанындағы ІТ-технологиялар комитетіне мүшелікке енді. Біздің ЖОО-ның ІТ-комитетіне белсенді қатысуы алғыс хатпен атап өтілді.

2021 жылы «Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ» КеАҚ базасында 2021 жылдың 4 қарашасында Ақпараттық қауіпсіздік зертханасы құрылды. Бұл жоба АрселорМиттал Теміртау компаниясы мен біздің университет басшылығының жемісті ынтымақтастығының нәтижесі болып табылады. Зертхананы ашу мақсаты білім беру сапасын арттыру және Қазақстан Республикасының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту үшін қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін кадрлық әлеуетті қалыптастыру болып табылады. «Ақпараттық қауіпсіздік» зертханасы ақпаратты қорғау және қорғалған компьютерлік желілерді жобалау саласында практикалық дағдыларды алуға арналған. Ол үшін заманауи есептеуіш және мамандандырылған техникамен жабдықталған 12 автоматтандырылған оқу орны жабдықталған.

2022 жылғы 7-9 сәуір аралығында Business Skills Park-те Қарағанды өңірі университеттерінің ІТ-мамандықтарының студенттері мен

магистранттары арасында «Инсайт-2022» хакатоны өтті. Осы Хакатонның тәлімгерлері мен қазылар алқасының мүшелері демеуші кәсіпорындар: «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Eram Kazakhstan» ЖШС, «WOOPRAY» ЖШС, «X NET» ЖШС, «Kazpromavtomatika» ЖШС және «Qazdevelop» ЖШС өкілдері болды. Аталған іс-шараға «Қарағанды облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы», Қарағанды қаласының БАҚ: 5 арна, «Saryarka» ақпараттық қолдау көрсетті. Бұл іс-шара жыл сайын біздің университеттің базасында өткізіледі.

Факультет ғалымдары ІТ бағыты бойынша ашық жүйелер тұжырымдамаларын пайдалана отырып, білім мен біліктілік деңгейін арттырудың SMART-технологияларын, BIG DATA әзірлеу және енгізу, физикалық процестерді компьютерлік модельдеу және т.б. бойынша қаржыландырылатын ҒЗЖ шеңберінде жобаларды орындайды.

ХжәнеХТ кафедрасының бағыты бойынша қаржыландырылатын ҒЗЖ шеңберінде өсімдіктерден табиғи тритерпеноидтарды бөлу және оларды химиялық трансформациялау әдістерін әзірлеу және енгізу бойынша жобалар жүргізілуде, сондай-ақ бактерияға қарсы, қабынуға қарсы және антиокси-данттық әсері бар табиғи заттар негізінде азол қосылыстарын синтездеудің тиімді әдістерін әзірлеу бойынша зерттеулер жүргізілуде. «Нәтиже Сүт» ЖШС фабрикасы мен кафедра базасында «Ірімшік чипстерін алу», «Лайм сусынын алу» ғылыми жобалары орындалуда, сондай-ақ «Milk krasty» патентін алуға өтінім алынды.

Факультеттің студенттері мен магистранттары әртүрлі бағыттағы халықаралық, республикалық, аймақтық іс-шараларға – айтыс, ғылыми конференциялар, форумдар, хакатондар, стартаптарға белсенді қатысады. Олардың жобалары мен әзірлемелері жыл сайын халықаралық және республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурстарында, Республикалық пәндік олимпиадаларда жеңіске жетеді, бұл жоғары оқу орнының рейтингін көтеріп қана қоймай, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Біздің факультеттің даму векторы есептеу техникасын, ақпараттық технологияларды меңгеруден басталды және инновациялық технологияларға сүйенеді. Факультеттің басталуы Автоматтандырылған ақпараттық жүйелер (ААЖ) мамандығынан басталды. Бүгінгі таңда Қарағанды «Политехы» Инновациялық технологиялар факультетінің ұжымы бәсекеге қабілетті мамандар даярлау және цифрлық өндірісті дамытуға ғылыми үлес қосу саласында өңір кәсіпорындарымен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, болашаққа сеніммен қарайды.

ИНЖЕНЕРЛІК ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ

Жоғары кәсіби білім беруді дамыту, экономика саласында жоғары білікті мамандарды даярлау деңгейін арттыру мақсатында 1993 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің экономика және менеджмент факультеті құрылды. Бұл факультеттің құрылуы нарықтық қатынастарға көшуге байланысты мамандарды экономикалық даярлауда сапалы жаңа деңгей қажеттілігінен туындады.

Бастапқыда факультет құрамына үш шығарушы кафедра кірді: «Құрылыстағы экономика және менеджмент» (ҚЭМ), «Машина жасаудағы экономика және менеджмент» (МЭМ), «Тау-кен өнеркәсібіндегі экономика және менеджмент» (ТӨЭМ) және екі жалпы білім беретін кафедра: «Экономикалық теория» және «Қолданбалы математика».

Факультеттің алғашқы деканы доцент, техника ғылымдарының кандидаты В.С. Юшко, ҚарПТИ-дің «Экономика және машина жасауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша түлегі.

1995 жылдың қараша айынан бастап факультет деканы доцент, экономика ғылымдарының кандидаты, ҚазМУ (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) түлегі Қ.Б. Тоғайбаев болды.

1997 жылдың 1 ақпанында үш шығарушы кафедра «Экономикалық теория» кафедрасын сақтай отырып, «Кәсіпорын экономикасы» және «Кәсіпорындағы менеджмент» екі дербес шығарушы кафедраға біріктірілді. 2009 жылы факультеттің қайта құрылымдалуынан кейін «Өндірісті ұйымдастыру» кафедрасы құрылды, ЭТ кафедрасы «Кәсіпорындағы менеджмент» (КМ) шығарушы кафедрасы болып қайта құрылды.

2001 жылдың сәуірінен 2015 жылдың шілдесіне дейін факультет деканы экономика доценті, техника ғылымдарының кандидаты ҚарПТИ-ді «Тау-кен өнеркәсібі мен геологиялық барлаудағы экономика және басқару» мамандығы бойынша үздік бітірген Н.А. Алпысбаева болды.

2015 жылы ЭМФ факультеті Инженерлік экономика және менеджмент факультеті (ИЭМФ) болып қайта құрылды. 2015 жылдың маусым айынан 2017 жылдың қыркүйек айына дейін ИЭМФ деканы э.ғ.к., доцент Давлетбаева Н.Б. болды. 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап факультет деканы э.ғ.д., доцент Бирюков В.В. болды.

Бүгінгі таңда Инженерлік экономика факультетінің құрамына үш кафедра кіреді:

– «Кәсіпорын экономикасы», «Инженерлік кәсіпкерлік және маркетинг», «Кәсіпорын менеджменті» кафедралары негізінде құрылған «Кәсіпорын экономикасы және менеджменті» кафедрасы. Бұл кафедраны э.ғ.к., қауымдастырылған профессор К. Б. Тәжібекова басқарады;

– «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» және «Кәсіптік білім және педагогика» кафедраларының базасында құрылған «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы. Кафедра меңгерушісі PhD Шорманбаева Д. Г. болды;

– «Дене тәрбиесі» кафедрасы, оны п. ғ. к. И.Л. Головин басқарады.

Қазіргі уақытта инженерлік экономика және менеджмент факультеті бакалавриаттың 6 білім беру бағдарламасы: «Экономика», «Есеп және аудит», «Бағалау», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг», «Менеджмент» бойынша және магистратураның «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша дайындық жүргізеді. 2021 жылдан бастап «Кәсіпорын экономикасы және менеджменті» кафедрасы бакалавриаттың «Өнеркәсіп экономикасы», «Өнеркәсіптегі есеп және аудит» инновациялық бағдарламалары бойынша дайындық жүргізеді.

Факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамының жалпы саны 100-ден астам адамды құрайды, оның ішінде ғылым докторлары – Б.А. Ахметжанов, А.А. Алимбаев, Г.М. Аубакирова, Г.К. Кошеббаева, З.М. Магруппова, В.В. Бирюков, Б.С. Исмакова, ғылым кандидаттары – Н.А. Алпысбаева, К.Б. Тәжібекова, Г.А. Шувалова, Г.А. Кочкина, А.А. Шаметова, А.К. Уразбеков, С.Ш. Ақенов, Л. И. Тоғайбаева, Н. А. Қазбеков, И.Л. Головин, В.В. Готтинг, Г.М. Смирнова, С.М. Ударцева, PhD Д.Г. Шорманбаева.

7 оқытушы – профессорлар Б.А. Ахметжанов, Г.К. Кошеббаева, доценттер В.В. Бирюков, С.М. Ударцева, В.В. Готтинг, Г.М. Смирнова, М.М. Кожухова ҚР БҒМ «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегерлері.

1993 жылдан бастап факультет жұмыс істеген барлық уақыт ішінде 1000-нан астам инженер-экономистер даярланды. Олардың көпшілігі өнеркәсіптік кәсіпорындардың жоспарлау-экономикалық бөлімдерінде және қызметтерінде, коммерциялық құрылымдардың бухгалтерлері мен менеджерлері, салық комитеттерінде, банк және ЖОО жүйесінде, қалалар мен облыстардың әкімшіліктерінде, соның ішінде тау-кен, машина жасау, құрылыстың әртүрлі салаларына арналған инженер-экономистер табысты қызмет атқарады. Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлық экономикалық қызметтері біздің университеттің түлектерінен құралған. Жоғары білім беру мамандықтарының жіктеуішіндегі өзгерістерге байланысты 2001 жылдан бастап экономикалық мамандықтар бойынша бакалаврларды – экономика, менеджмент, маркетинг, есеп және аудит, бағалау бакалаврларын (2005 жылдың шығарылымынан бастап 3000-нан астам түлек дайындалды) өңір мен елдің халық шаруашылығы салаларының қажеттіліктері үшін даярлау басталды.

Факультет оқытушылары үнемі кәсіби деңгейлерін арттырып отырады, тренингтерге қатысады – жыл сайын факультеттің ПОҚ құрамының 15% астамы отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында

және ғылыми-зерттеу институттарында – Познань политехникалық университеті, Каттовице экономикалық университеті, Польша, Одесса ұлттық политехникалық университетінің Компьютерлік жүйелер институты, «Жоғары Экономика мектебі» ұлттық зерттеу университеті, «Мәскеу педагогтарды кәсіби қайта даярлау және біліктілігін арттыру институты» ЖШҚ, Классикалық жеке университет, Запорожье қ., Михаил Остроградский атындағы Ұлттық университет, Кременчуг қ., Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті, Мемлекеттік басқару университеті, Мәскеу қ., ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ҚР Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы академиясы және т. б., сондай-ақ өңірдің және республиканың кәсіпорындары мен мекемелерінде орналасқан.

Сонымен қатар, факультеттің ПОҚ, студенттері мен магистранттары жоғары оқу орындары, аймақтық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға белсене қатысады. Соңғы үш жылдағы әртүрлі деңгейдегі конференциялардағы баяндамалардың тезистерінің жалпы саны 1000-нан асты. Соңғы екі жылда 150-ден астам ғылыми мақалалар, 17 монография, 11 оқу құралы жарық көрді. Факультет оқытушылары Ресей Федерациясында 3 кандидаттық диссертация, PhD дәрежесін алу үшін 7 диссертация (Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, Е. Бөкетов атындағы ҚарУ) қорғауды жоспарлап отыр.

Инженерлік экономика және менеджмент факультеті кафедраларының «Қайнама-Көмір» ЖШС, «Богатырь Көмір» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазхром» Трансұлттық компаниясы, Қарағанды облысының Қазақстан халықтары Ассамблеясы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті сияқты аймақтың өнеркәсіптік кәсіпорындары және ұйымдарымен бұрыннан бері тиімді байланыс орнатқан Қарағанды қаласының және облыстың жергілікті атқарушы органдары және т. б.

Факультет кафедраларының ғылыми-зерттеу жұмысы аймақтың және облыстың әлеуметтік-экономикалық өмірін дамытудың түрлі өзекті бағыттары бойынша жүргізіледі:

- кәсіпорын қызметін экономикалық қолдау;
- ұйымның әлеуметтік капиталы: диагностика және басқару;
- Қазақстанның цифрлық экономикасы: даму үрдістері, бағалау, тиімді пайдалану механизмдері (Орталық Қазақстан мысалында);
- ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті және жастардың бойында құндылық ынтымағын қалыптастыру;
- Қазақстан халқының мәдени-тарихи мұрасы контекстінде рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру;

– Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік: динамика, процестер, механизмдер және т.б.

Сонымен қатар, факультет кафедраларында студенттермен түрлі ғылыми бағыттар бойынша үйірме жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Инженерлік экономика және менеджмент факультетінің стратегиялық дамуы өз қызметінің нәтижелері үшін мемлекет пен қоғам алдында жауап беретін экономиканың басым салаларын дамыту үшін зерттеулер жүргізуді және озық білім алуды, кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін жетекші ғылыми және білім беру орталығы ретінде факультеттің қалыптасуын қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан Инженерлік экономика және менеджмент факультеті алдына ҚР экономикасының индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктерін, ішкі және сыртқы еңбек нарығының сұраныстарын қанағаттандыратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауды, кадрлық әлеует пен басқару жүйесін дамытуды, «Индустриялық менеджмент», «Өнеркәсіптік маркетинг» және т. б. сияқты бакалавриат пен магистратураның жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын ашуды және нәтижесінде факультетте білім беру және зерттеу қызметі үшін қолайлы орта қалыптастыруды және дамытуды мақсат етеді.

ЭНЕРГЕТИКА, АВТОМАТИКА ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

Энергетика, автоматика және телекоммуникация факультеті 1957 жылы ашылды, ал 1958 жылы алғашқы 20 тау-кен инженері-электрмеханигі шығарылды. Оның негізін қалаушылардың арасында Қарағанды тау-кен институтының ректоры академик Ә.С. Сағынов болды. Осы жылдары факультет құрамына жалпы және тау-кен электртехникасы, тау-кен машиналары мен кеніш көлігі, тау-кен электрмеханикасы (ТЭ) кафедралары кірді.

1962 жылы «Тау-кен инженер-электригі» біліктілігімен инженерлерді дайындау үшін «Тау-кен жұмыстарын электрлендіру және автоматтандыру (ТА)» жаңа мамандығы ашылды. Өндірістік процестерді автоматтандыру кафедрасы (ӨПА) ұйымдастырылды.

1963 жылы бірқатар мамандықтар Қарағанды политехникалық институтының Теміртау филиалына берілгеннен кейін қайта ұйымдастыру жүргізіліп, факультет механика-технологиялық факультеттің құрамына қосылды. Алайда, 1966 жылы тау-кен электрмеханикалық факультеті қайта құрылды.

1969 жылы «Өнеркәсіптік электроника» кафедрасы құрылды, ол 1970 жылы электрондық және өлшеу техникасы (ЭӨТ) және ақпараттық-есептеу техникасы (АЕТ) кафедрасы болып қайта құрылды.

Жүргізілген қайта құрулар Орталық Қазақстанда 0638 – «Ақпаратты өңдеу және беру процестерін автоматтандыру және механикаландыру» – ААЖ мамандығы бойынша ақпарат пен ақпараттық жүйелерді өңдеудің автоматтандырылған әдістері саласында мамандар даярлау міндетін қоюға мүмкіндік берді және 1975 жылы тау-кен электрмеханикалық факультетінің негізінде автоматика және ақпараттық жүйелер факультеті (ААЖ) ашылды. Факультет құрамына ӨПА, ЭӨТ, АЕТ, өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрлендіру (ӨКЭ), электртехниканың теориялық негіздері (ЭТН) кафедралары кірді, оларда 50-ден астам оқытушы жұмыс істеді, олардың тең жартысы ғылыми дәрежелер мен атақтарға ие болды.

Бес жылдан кейін ректорат ААЖ факультетін электрмеханикалық факультетке (ЭМФ) қайта құру туралы шешім қабылдады, оның құрамына ӨПА, АЕТ, ЭТН, ТЭ, ӨКЭ, ТМжәнеК, ЖжәнеДӨТ кафедралары енгізілді.

1993 жылы ҚарПТИ ректораты құрамына АИТ, АЕТ және ААЖ кафедраларын енгізе отырып, жаңа ақпараттық технологиялар факультетін (АТФ) құру туралы шешім қабылдады. Электрмеханикалық факультеттің құрамында өндірістік процестерді автоматтандыру, электрмен жабдықтау және электртехника (1997 ж. біріктірілген), тау-кен машиналары мен жабдықтары кафедралары қалды.

Факультеттің дамуына декандар О.В. Хорошев, А.Ф. Кичигин, Б.Г. Климов, Ш.У. Кан, Г.С. Фищук, Г.Г. Бернардов, В.К. Донис, Л.С. Ушаков, Ю.П. Галишников, А.Н. Шпиганович, К.Б. Қызыров, Б.Н. Фешин, Б.А. Жаутиков, В.В. Лихачев, Г.Г. Таткеева, Ф.Н. Болатбаев үлкен үлес қосты.

Факультет қызметі энергетика, байланыс, автоматтандыру және телекоммуникация жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін салалар үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға, ғылым, техника және технологиялар саласында, сондай-ақ жоғары білім беру саласында инновацияларды тиімді іске асыруға бағытталған. Жұмыс істеген жылдар ішінде факультетте 7000-нан астам инженерлер, бакалаврлар мен ғалымдар дайындалды, олардың даңқы алма-матер шегінен асып түседі.

Факультет кафедраларының оқу-зертханалық базасы бірегей және Орталық Қазақстанда, ал кейбір пәндер бойынша бүкіл республика бойынша баламасы жоқ.

Біздің мақтанышымыз Festo, Mitsubishi, Schneider Electric, Siemens фирмаларының ең заманауи проблемалы-бағдарланған зертханалары, «Оқу техникасы» (Ресей) болып табылады. Факультет кафедраларының студенттер мен оқытушылардың күшімен жұмыс істеп тұрған оқу стендтерін жасауда көп жылдық оң тәжірибесі бар.

Факультет студенттерінің базалық, теориялық және арнайы дайындығының жоғары деңгейі оларға студенттік олимпиадаларда, ғылыми конференциялар мен конкурстарда факультетті лайықты көрсетуге мүмкіндік береді.

Факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы білім беру мен бақылаудың заманауи компьютерлік жүйелерін енгізуге, күрделі компьютерлік жүйелерді-студенттерді энергетика, байланыс және автоматтандыру саласындағы білікті инженер ретінде болашақ қызметіне барынша жақындатуға мүмкіндік беретін нақты машиналар мен механизмдердің, құрылғылар мен жүйелердің имитаторларын жасауға және оқу процесіне енгізуге бағытталған.

ЭАТФ – отандық және шетелдік өнеркәсіпті техникалық қайта жарақтандыруға қосқан үлесі көптеген наградалармен және алғыс хаттармен, кәсіпорындардан берілген пікірлермен бағаланатын профессорлардың, оқытушылардың, қызметкерлер мен студенттердің біртұтас ұжымы. Факультеттің мамандықтары мен білім беру бағдарламалары ұлттық рейтингте бірнеше рет жүлделі орындарға ие болды.

С.Қ. Тутанов,
Қарағанды техникалық университетінің
Жоғары математика және механика кафедрасының
профессоры, т.ғ.д.
e-mail: ser-tutanov@yandex.ru

МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ОТАНДЫҚ ПРОФЕССОРЫ Ә.Ә. ЕРМЕКОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Ә. Ермеков Томскінің технологиялық институтын бітіріп жоғары білім алған және жоғары математикадан алғашқы оқулықтың авторы болған қазақтың бірінші математигі еді. Әлімхан Әбеуұлы Ермеков Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Бөріктас елді мекенінде 1891 жылы дүниеге келген.



Әлімхан Әбеуұлы
Ермеков (1891-1970)

Ол 1920 жылы Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы В.И. Лениннің қабылдауында болып, кеңейтілген мәжілісте – Қырғыз (Қазақ) өлкесіндегі жағдай, әсіресе, шекара мәселесі туралы мазмұнды баяндама жасаған. Ә.Ермеков өз баяндамасында патшалық билік кезінде жергілікті халық – қазақтардың ең шұрайлы деген жерлерінен айрылғанын, әсіресе Столыпин реформасы кезінде орасан зор зорлық-зомбылықты бастан кешкенін нақты деректермен мәлімдеп береді. Каспий теңізінің жағалауларындағы жетпіс шақырымдай жердің патшалық Ресейдің Астрахань губерниясының қарамағына өтіп кеткенін баяндайды. Ақыры, қарсылық білдіргендерге басу айтып, дауысқа салғанда аталған территория Қазақстан автономиясына беріледі. В. Ленин сияқты билік иесін Әлімхан Ермековтің асқан білімдарлығы қарсыластарын сендіре алар дәлелді тұжырымы, ой-сананың айрықша асқақтығы тәнті еткен болса керек.

1920 жылдың 26 тамызында Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Социалистік Республикасын құру туралы декрет қабылданады, 12 қазанда Орынборда Бүкілқазақстандық кеңестердің бірінші съезі өтеді де, 1921 жылдың сәуірінде партияның Орталық Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары кеңесінің жоғарыда аттары аталған жерлерді (Коростылев даласын, Семей, Ақмола облыстарын және Каспий жағалауындағы өңірді) Қазақстан құрамына беру туралы қаулысы шығады [1, 21 б.].

Осынау саяси әрі ауқымды да маңызды оқиғалардан кейін 1921 жылы ол оқуын тәмамдау ниетімен Томскіге оралады. Сол жылдары өкпе ауруына шалдыққан профессор М. Усовты белгілі дәрігер С.Адамовтың ақылымен профессордың үздік шәкірті Әлімхан Ермеков қазақ даласына шақырады, сапар барысында сырқатты қарап, ем қолдануды Әлекеңнің жары – Рахия Шагабетдинова өз мойнына алады. Оларды Ермековтің досы

– геолог Н. Урванцев шығарып салады. М. Усовты Әлекең Баянауылға алып келеді, сол кезде небәрі 22 жастағы, ешқандай заңгерлік білімі жоқ болса да сот қызметін атқарып жүрген, ұлтымыздың болашақтағы ұлы перзенті – Қаныш Сәтбаевпен таныстырады. М. Усов пен Әлекеңнің ақыл-кеңесімен Қаныш Имантайұлының кейіннен Томск технология институтының Геология факультетіне түсіп, уақыт өте келе, Қазақстан ғылымын ұйымдастырушы, республика Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик, теңдесі жоқ ғылыми жаңалықтардың авторы болуы әу басында сол кезеңнің үлесіне тиетінін айрықша атаған абзал.

Әлімхан Ермеков өз бойындағы тағдыр сыйлаған білімі мен біліктілігін, қабілеті мен қарымын жаңа жағдайда жас буынды оқытып, тәрбиелеу ісіне жұмсаған ұлағатты ұстаз еді. Бұл ойымызға оның бар беделін салып жүріп, Қарқаралыда 1921 жылы екі сатылы мектеп пен педагогтік техникум ашқызуы дәлел бола алады. 1926 жылы Қазақ КСР-нің алтыншы шақырылған орталық атқару комитетіне мүше болып сайланады, 1929 жылы осы органның жетінші шақырылымына да мүше болады. Жоғары деңгейдегі білікті маман болғандықтан, Ташкенттегі жоғары педагогтік институтқа, сәл кейіннен Алматыдағы жоғары оқу орындарына ғылыми-педагогтік қызметке шақырылады.

Қазақ педагогикалық институты мен мемлекеттік университетте және Алматы зооветеринарлық институтында математика кафедраларының меңгерушісі қызметін істейді. 1935 жылы КСРО Жоғарғы аттестациялық комиссиясы Ә. Ермековке профессор ғылыми атағын береді. Математика ғылымы бойынша ұлтымыздың тұңғыш профессоры Алматы тау-кен-металлургия институтында жоғарғы математика және теориялық механика кафедрасын басқарып, жалпытехникалық факультетінің деканы қызметін қоса атқарады. Техника, математика саласы бойынша оның беріле еңбек етуі, ғылыми еңбектер жазуы осы кезеңге жатады. Қазақ тілінде ол оқулықтар мен оқу құралдарын жоғарғы математика пәні бойынша әзірледі, математикадан ғылыми терминология даярлаумен шұғылданды. Атақты «Ұлы математика курсы» оқулығы жоғарғы техникалық оқу орындары мен педагогикалық институттарға арналып, қазақ тілінде жарық көрді. Негізгі бағыты сол кездегі оқу бағдарламаларына сәйкестендіріліп жасалғандықтан, бүгіндері сәл ескілеу көрінуі мүмкін, алайда бұл оқулықтың 1995 жылы қайта басылып шығуы көп нәрсені аңғартса керек. Оқулық жоғарғы математикадан шыққан тұңғыш кітап болғандықтан, Әлекең оның құрылымына анықтама теориясы мен сызықтық тендеулер жүйесінен де хабардар ететін ілімдерді енгізген. Кітаптың ішіндегі ауыр болып көрінетін терминдер өте ұтымды әрі ұғымды тілмен берілген. Оқулықты кириллицаға көшірудегі доцент Нұрсағат Әділбековтің еңбегін айрықша атаған жөн [2, 21 б.].

Оқулық жоғарғы техникалық оқу орындарымен, техникумдарға арналып жазылғандықтан, ғылымның және практиканың әр түрлі

саласында жоғары математиканың қолданылуы жағында көп көңіл бөлінген. Мысалы, функциялық тәуелділік ауа райын зерттеуге пайдаланылған. Сонымен қатар математикалық әдістері, формулаларды, тұжырымдарды механиканың, физиканың, медицинаның, ауыл шаруашылығының салаларында, тіптен күнделікті тұрмыста қалай қолдануға болатындығынан да көптеген мысалдар келтірілген. Оқулықтың тілі өте қарапайым, түсінікті, оның айқындығы және дәлдігі қызықтырады. Математикалық терминдердің қазақша баламалары өте сәтті шыққан, тіпті математикадан дайындығы аз адамдарда түсінетіндей етіп жазылған.

Жалпы, Ә. Ермаков үш рет тұтқындалған екен, 18 жыл бойы жазасын өтеу үшін арнайы лагерьлерде болған. Алғаш рет бұрынғы Алашорда үкіметінің вице-премьері ретінде 1932 жылы тұтқындалады. Негізінен, ұлтшылдық көзқарасы үшін 1926 жылдардан бастап-ақ саяси өмірге араласудан аластатылады. 1932 жылы Ә.Ермаковті қызметте отырғанында кеңседе тұтқындайды да, Алматыдан Шымкенттегі арнайы пунктке жолаушылар пойызымен аттандырады. Кейіннен 1956 жылы толық ақталысымен, ол кісі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевқа сұранып, қабылдауында болады. Димекен жақсы қабылдап, Алматыдан үй бергізеді.

1932, 1938, 1948 жылдары Ә. Ермаковтің тұтқындалуы, Краснояр өлкесіндегі Сібір аймағында лагерьде ұзақ уақыт саяси сенімсіз адам ретінде жазасын өтеуі осынау жанды еш қажыта алмағанын көруге болады. Иә, 1932 жылы тұтқындалып, үш жылға сотталуы, 1938 жылы тағы да қамауға алынып, он жылға сотталуы, 1948 жылы үшінші рет тұтқынға алынып, он жыл мерзімге бас бостандығынан айрылуы оның жігерін жасыта алмады. Ә. Ермаков 1955 жылдың 1 қыркүйегінде ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Ж. Тәшеновке жазған хатында өзінің нақақтан зардап шегіп тұтқындалғанын, Катков, Михайлов, Оспанов, Хамидуллин деген тергеушілердің адам төзбес күш қолданғанын, зорлық-зомбылықтың шектен тыс түрлерін пайдаланып, екі ай бойы қинағанын айтады. Өзінің Қарағанды қаласына бірінші рет айдаудан соң 1955 жылы келгенін айтады.

Осынау жан әлемі мейлінше таза, адами болмысына, ұлтына, халқына деген шексіз махаббат пен сүйіспеншілік, мейірім мен қайырым дарып, берік орын алған адам туралы еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта біршама еңбектер жарық көрген екен. Олардың қатарында Ө.Сұлтанғазин, Ш. Есенов, Ә. Сағынов, Д. Үмбетжанов, Б. Атшабаров, А.Лазуткин, Т. Әбдіразақов, А. Жұмасұлтанов, Ресей ғалымы Г.Сипайловтың, С. Бегалин, С. Торайғыров, Ж. Бектұров, М. Сәрсекеев, Ә.Әзиев, Қ. Өскембаевтардың жариялаған еңбектері бар [3, 2 б.].

Әлекеңнің ұлы, ұзақ жылдар бойы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде геология кафедрасын басқарған ғалым Мағауия Әлімханұлы Қарағандыдан 2000 жылы «Алимхан Ермаков:

страницы жизни», 2001 жылы «Мой отец – Алимхан Ермеков» деген кітапшалар шығарды. Әкесінің ұлағатты да өнегелі өмір жолын зерттеп, қағаз бетіне түсірген азамат өзінің де ат жалын тартып мінгеннен бастап, “халық жауының” перзенті болғандықтан, саяси сенімсіздіктің құрбаны болғанын тебірене жазыпты.

Социалистік Еңбек Ері, Қарағанды политехникалық институтын ұзақ жылдар бойы басқарған академик Ә.Сағынов Әлімхан Әбеуұлы жайлы құнды естеліктер қалдырды. 1955 жылы Қарағандыға келген Әлекең Қарағанды тау-кен институтына (кейіннен политехникалық институт болған) келіп, ректор Нұрмұхамедовке жолығады. Ректор оның өтінішін тыңдап, қызметке алуға уәде береді. Ұсынған қызметі – жоғарғы математика кафедрасының аға оқытушысы. Уәделі күні өтінішін жазып, институтқа келсе, жаңа ректор келіпті. Ол кісі Әбілқас Сағынов екен. Ол Ә.Ермековпен емен-жарқын әңгімелесіп, бірден қызметке қабылдапты. Күні кешегі «халық жауларын» жою науқанының дүмпуі әлі де болса басылмай тұрғанда, Әбілқас Сағынұлының бұндай батыл шешімге баруы да ерлікке пара-пар ғой. Оның оқыған дәрістеріне математиктер ғана емес, басқа мамандықта оқып жүрген студенттер де, тіпті басқа оқу орындарынан да шәкірттер мен оқытушылар, ересек адамдар келіп, тыңдаушы еді деп еске алады Ә. Сағынов.

1991 жылы Қарағанды политехникалық институтының жоғары математика кафедрасында Әлімхан Әбеуұлы Ермековтің 100 жылдығына арналған ғылыми конференция болды. Конференцияға Әлекеңнің ұлы Қазақстан ғылым академиясының корреспондент мүшесі Мағауия Әлімханұлы Ермеков қатысып өзінің әкесі туралы ойларымен, оның өмір жолымен, істеген жұмыстары туралы естелік айтты. Кезінде политехникалық институтының жоғары математика кафедрасында Ә.Ә. Ермековпен бірге жұмыс істеген доценттер З.С. Гриншпун, С.С. Сағынтаевтар бірге қызмет істеген жылдарда Әлекеңнің жоғары мәдениетті, өте білімді және әрқашанда әділдікті жақтайтын адам болғаны жөнінде өздерінің естеліктерімен бөлісті.

1955-1968 жылдар аралығында политехника институтында қызмет еткен Әлімхан Әбеуұлы 1970 жылы ауыр науқастан қайтыс болады [3, 141-б.].

Ә. Сағынов қазақтың ұлы перзентімен қоштасуды өзі ұйымдастырады. Институтта қоштасу рәсімі өтеді. Баспасөзде қазанама жарияланады. Әбекең қаралы митингіні өзі кіріспе сөзбен ашып, туыстарын, Әлімхан Ермековті жетік білетін замандас достарын сөйлетеді. Жерлеу рәсімі біткеннен кейін іле-шала жоғарғы органдардан «осыншама ұлықтап жерлеуді неге ұйымдастырып жүрсіз? Бұрынғы Алашорда көсемін неге әспеттеп жүрсіз?» деген жанға тиетін ауыр сөздер де айтылды деп жазды Ә.Сағынов.

Әлімхан Әбеуұлы туралы қалам тербеген жандардың бәрі де бір ауыздан оның әділетсіздікке төзбейтін, принципшіл, өзгеге қайырымдылық жасауға даяр тұратын тектілігіне және адамзат баласы ойлап тапқан барша ғылымнан хабары бар энциклопедиялық біліміне, ұлтым, халқым деп соққан жүрегіне тәнті болады.

Қазіргі Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде мемориалдық тақта бар. Қарағанды қаласының басты көшелерінің біріне Ә. Ермековтің есімі берілді. Мұхтар Құл-Мұхаммед сынды танымал азаматтың бастамасымен Ермеков атындағы көшеде орналасқан «Кітаптар үйі» ол кісінің есімін иеленді. Елі еріне осылайша құрмет көрсетуде.

Әлімхан Ермековтың немересі – Олег Мағауияұлы техника ғылымдарының кандидаты, геофизика саласында жемісті жұмыс бастап, Қарағанды политехникалық институтында сабақ берді. Облыстық экономика басқармасын басқарды, кейін кәсіпкерлікке ауысып, бүгінгі күні білім беру компаниясына жетекшілік етеді. Ол өзінің ұлымен әлемнің түрлі елдерінде тіл үйрету курстарын ұйымдастыруда.

Айтар ойға айқындама

Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Қазақта мұндай жігіт көрмедім деп,

Ардақты қарт Потанин лепес еткен...

Меніңше, Ермеков деген бала,

Ұқсайды ұшқыр қыран-қаршығаға...

Марат Ескендірұлы, ғалым, мұрағаттанушы:

– Әлімхан Ермеков туралы кезінде «Қазақ» газеті «Технологический институтқа асқан зеректер ғана түседі. Әлімхан білімді, шешен, өткір, халыққа қызмет етуді өзіне парыз санаған жігерлі азамат» деп үкілі үмітпен зор баға берген еді. Ол осы сынға әбден лайықты болды, 1920 жылы 17 тамызда В.И. Лениннің төрағалығымен өткен Халық Комиссарлары Кеңесі мәжілісінде Қазақ автономиясы туралы баяндама жасады, нәтижесінде республикамыздың шекаралық тұтастығын қорғап, отаршыларға тойтарыс бере отырып қалпына келтіріп, заңды құжатпен бекіттірді. Ә. Ермеков сонымен бірге, ұланғайыр жеріміз бен еліміздің ертеңгі иесі білімді жастар екенін түсініп, терең күрес жүргізді, барша ғылымның патшасы саналған математиканы халқымызға жақындатты, сол арқылы ұлттық ой-сананы жаңа кезеңге көтеріп тастады.

Ибатолла Арыстан, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, профессор:

– Математика қиын пән. Құпиясы терең. Ал Әлімхан ағаның түсіндіруі арқылы оған ынтамыз аса оянды. Бұл ілімнің тарихы, тіпті кейбір теоремалардың қалай пайда болғандығына дейін айтып, сабақтарды қызғылықты ете түсетін. Біз ол кісінің халқының болашағы үшін күресте ауыр жолдан өткенін, ұлттық математиканың негізін қалаушы екенін көп жылдардан соң барып білдік. Қуғын-сүргін зардабымен арпалыса жүріп

«Ұлы математика курсы» оқулық кітабын жазғанын тәуелсіздік таңы атқанда ғана естідік. Кітапта жоғары математика элементтері аса қарапайым, жеңіл тілмен түсіндіріледі, автор тілінің айқындығы, теориялық топшылаулары, есептердің шығарылу дәрежесі, келтірген мысалдары үйренушіні баурап алады.

Әділбек Нұрсағат, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, профессор:

– Ә.Ә. Ермековтың 100 жылдығы сол кездегі политехникалық институтының Жезқазғандағы филиалында атап өтілді. Сол конференцияда мен Әлекеңнің 1935 жылғы Латын әріптерімен жазылған «Ұлы математика курсы» деген қазақ тілінде жазылған тұңғыш оқулығын орталық архивтен тауып, академик А. Сағыновтың көмегімен қазіргі қолданылып жүрген қазақ алфавитінде қалай аударғаным жөнінде әңгімеледім. Қазақ топрағында алғаш ана тілімізде дүниге келген бұл ғажап оқулық, әрине, еш уақытта өзіндік тарихи маңызын жоймайтын, ірі оқиға болып табылады.

Тағы бір ерекшелігі, кітаптағы жоғары математика элементтері аса қарапайым, жеңіл тілмен және терең ұғымды, кең ауқымды түсіндіріледі. Жаңа ұғым, ережелерді талдағанда, автор өз тәжірибесінен жинақталған тәсілдерді молынан қолданады. Кітапты жаңадан баспаға дайындаған кезімізде, Советтік және әлемдік математика ғылымындағы қалыптасқан терминдер, теңдеулер, формулалар тиісінше енгізілді. Бұрынғы латын әрпінен бүгінгі алфавитімізге көшірілгенде, оның мазмұнына ешқандай нұсқан келмеуі ескертіледі. Бастапқы басылымдағы әріптен, емледен, жеке сөздер мен сөйлемдерден кеткен қателердің баршасы түзетілді, кейбір тұжырымдардың ғылыми ұғымдық жағы бір ізге келтіріледі.

Стильдік ерекшеліктері де жете сақталды. Мұның өзі қазіргі кезде, ана тілімізде жазылған оқулықтарға зәру кеземізде, бұл оқулықтың аса пайдалы екендігіне күмән келтірмейді. Сонымен қатар ана тілімізде оқулықтар жазып жүрген оқымысты оқытушыларымыз үшін де үлгі бола алады. Әлімхан Әбеуұлы Ермеков – білім мен өнерге ерте қол созған, әйгілі ғалым, парасатты педагог, ірі қоғам қайраткері әдебиет және мәдениеттің үлкен жанашыры.

Әдебиеттер тізімі

1. Ермеков А. // Вестник АН РК – 1992 – 7 октябрь.
2. Ермеков А. Служение отчизне // Мысль - mysl.kz.
3. Кыдралина Ж.У., Ермеков А. – Алматы: Литера. - М., 2012. –320 с.

Ф.К. Низаметдинов,
Қарағанды техникалық университетінің
Маркшейдерлік іс және геодезия
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.
e-mail: niz36@mail.ru

И.И. ПОПОВ – ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДА МАРКШЕЙДЕР ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІН ҚҰРУШЫ

Попов Иван Иннокентьевич 1919 жылы 15 сәуірде Солтүстік Двинск өңірінде Чуприяново селосында дүниеге келген.

И.И. Попов біздің мемлекетіміздің дамуының қарқынды кезеңінде тәрбиеленген, Ұлы Отан соғысының және соғыстан кейінгі кезеңдердің барлық ауыртпалығы мен қайғы-қасіреті иығына түскен кеңес адамдарының қатарына жатады. Осыған қарамастан, ол өзін адам сүйгіштік, адамдарға сезімталдықпен қарау сияқты тамаша қасиеттерге тәрбиеледі. Оған таңғажайып еңбек қабілеттілігі мен еңбек сүйгіштік, жұмыста мұқияттылық, өзінің міндеттеріне ұқыпты, адал қарауы, өзіне және өз ұжымына талап қоя білуі тән.



**Иван Иннокентьевич
Попов (1919-1998)**

Мектепті бітірген соң Попов И. Свердловск тау-кен институтына түсіп, оны «Маркшейдер ісі» мамандығы бойынша табысты аяқтайды. 1942 ж. Свердловск тау-кен институтын бітірген соң, Иван Иннокентьевич Урал көмір өнеркәсібінде шахталардың, «Свердловскуголь» комбинаты трестерінің бас маркшейдері, геолог-маркшейдер қызметі және Свердловск СХШ отын өнеркәсібінің басқармасын байыту бөлімінің бастығы болып 16 жыл қызмет етті. Өндірісте жұмыс істей жүріп, өзін ғылыми ой-өрісі кең шебер бақылаушы-зерттеуші ретінде көрсетті [1, 65].

Осы қасиеттері, әсіресе, Қарағанды политехникалық институтында қызмет еткен кездерінде айқын ашылды, онда ол 40 жыл табысты еңбек етіп, доценттен профессорға, ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесіне, «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының меңгерушісіне дейінгі жолды жүріп өтті.

Кафедра меңгерушісі бола жүріп, И.И. Попов оқу-әдістемелік жұмысқа көп көңіл бөлді. Ол студенттерді программалық-басқарып оқыту және проблемалық жағдайларды ойын түрінде модельдеу арқылы білімді бақылау жүйесін жасады. Нәтижесінде аталған жүйе КСРО ЖОО министрлігінің дипломымен марапаттады (1988 г.), авторлары: И.И. Попов, Г.Г. Поклад және Л.В. Сапожников

Құрылыс, жол-көлік, геоэкологиялық және экономикалық бейінде білім алатын студенттер оқитын «Геодезия» жалпы инженерлік пәніне

арнап, оның жетекшілігімен оқу-әдістмелік қамсыздандырудың толық жинағы жасалды. Бұл кезде доцент Б.Ы. Жұмаділда, аға оқытушы К.А. Әміренов және Г.А. Еркекова белсене қатысқан геодезия және маркшейдерлік іс туралы мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік әдебиеттерді дайындау бойынша көптеген жұмыстар атқарылды.

Ол инженер-маркшейдерлерді дайындаумен байланысты әдіс-емелік сұрақтардың зерттеуге көп еңбегін сіңірді. Тамаша дәріскер болды, оның дәрістері жоғары ғылымилығымен, мазмұнының қарапайымдылығымен және түсініктілігімен өзгешеленетін.

Кафедраға жетекшілік етіп жүрген кезде институт маркшейдерлік-геодезиялық аспаптар, бұрыш өлшеуіштер, буссоль, теодолиттер мен дәлдігі әртүрлі нивелирлер, кипрегельдер мен мензулалар, гиротеодолиттер, гирокомпастар, ұзындық өлшеуіштер, лазерлік бағыт көрсеткіштер, жарық және радио қашық өлшегіштер, төрткілдештер мен өлшеуіш таспалар және рулеткалар сатып алады. «Маркшейдерлік іс» мамандығының арнайы пәндері бойынша кітапхананы жаңа оқулықтармен толықтырумен қатар, зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар, геодезия және маркшейдерлік істің негізгі курстары бойынша оқу құралдары әзірленеді [1, 105 б.].

«Политехник» (Қарқаралы қ.) спорт-сауықтыру лагері базасында оның жетекшілігімен оқы практикалығын өткізуге арналған геодезиялық полигон құрылады.

Профессор И.И. Попов мамандықтардың оқу-жұмыс жоспарлары мен пәндер бағдарламасын одан әрі жетілдіреді (1995 ж.), әдістемелік нұсқаулар мен құралдар шығарады және жаңа мамандықтың – «Қолданбалы геодезия» мамандығының ашылуы жүзеге асырылады. Ол I және II буынның «Маркшейдерлік іс» мамандығы бойынша мемлекеттік және білім стандарттарын әзірлеуге көмектеседі. «Маркшейдерлік-геодезиялық өлшеулерді автоматтандыру» оқу зертханасын құруға атсалысады. Қазақ маркшейдер ісі ғылыми-зерттеу институты (ҚазСҒЗИ) және «Центрмаркшейдерия» мемлекеттік кәсіпорны базасында кафедра филиалын ұйымдастырады. Кафедраның пән аудиториялары арнайы плакаттармен, маркшейдерлік-геодезиялық аспаптармен және сызбалармен жабдықталады. Ол екі оқулық әзірлеп, жарыққа шығарған: «Маркшейдерия при подземной разработке» және «Маркшейдерские работы при рекультивации нарушенных земель».

Профессор И.И. Попов кафедраға жетекшілік еткен уақытта ғылыми қызмет жобалық және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, өндірісімен тығыз байланысты жүргізіледі. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Қазақстанда тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін және қия маңындағы массив құрылымын зерттеу, аршық қиябеттерінің орнықтылығының есептік сұлбаларын әзірлеу, аршық қиялары мен кертпештерінің құлама беттерінің оңтайлы параметрлерін негіздеу және

жобалық пішінде қиябет орнықтылықтарын қамтамасыз ету шараларын әзірлеу бойынша кешенді эксперименттік зерттеу жүргізілген. Зерттеу нәтижелері техникалық жобаларға кіргізілген және пайдалы қазбалардың кен орындарын қазу кезінде аршықтарға енгізілген [2, 115 б.].

Барлық уақыт ішінде оқытушылар меен студенттер шаруашылық-шарттық және мемлекеттік-бюджеттік ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген зерттеу тақырыптары аршықтардың керпештері мен қияларының және жыныс үйінділерінің қиябеттерінің орнықтылығын сенімді басқару әдістерін және теориялық негіздерін әзірлеумен; тау жыныстарының жылжу процесін және күрделі-құрылымдық кен орындарын қазу кезінде жерасты тау-кен қазбалары мен жер бетінің орнықтылығын басқару әдістері әзірлеу мақсатында тау қысымын зерттеумен байланысты. Шаруашылық-шарттық ҒЗЖ Қазақстанның көмір, темір-кенді, жез-кенді, полиметал және басқа да кен орындарында өткізілді. Барлық орындалған жұмыстардың нәтижелері өндіріске енгізілген. 1981-1990 жж. 1,1 млн руб. құраған ҒИЖ орындауға кеткен шығындар кезінде жасалған әзірлемелерді өндіріске енгізуден келген үнем осы кезең ішінде 6,3 млн руб., яғни, қатынасы 1:5,6 руб. Болды. 1990 жылы жүргізілген шаруашылық-шарттық ҒЗЖ көлемі кафедралық ғылыми-зерттеу зертханалары бойынша 4 млн руб асады.

Ашық және жер асты жұмыстарында тау жыныстарының ығысу, тау қысымы, жер қойнауын қорғау мәселелері бойынша зерттеулермен айналыса жүріп [3, 104 б.], Попов И.И. аспирантураны басқарып, Орталық Қазақстанда бүкіл Одақты мойындатқан ғалымдар мектебін құрды. Оның жетекшілігімен 5 докторлық және 29 кандидаттық диссертация қорғалды. И.И. Поповтың жетекшілігімен жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары әрқашан жоғары ғылыми деңгейімен, жаңалықтарымен, пайдалылығымен және тиімділігімен ерекшеленетін. Ол – 200-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 12 монографияның, маркшейдер ісі бойынша 2 оқулықтың және 6 кітапшаның авторы.

Көп жылдар бойы И.И. Попов Қарағанды политехникалық институтында «Знание» қоғамының төрағасы болды.

Иван Иннокентьевич спортқа, әсіресе, волейболға табынушы болды. Көптеген жылдар бойы ол «Сергектік және денсаулық» спартакиадаларында тау-кен факультетінің және институттың намысын табысты қорғап келді. Өзінің жас әріптестеріне денсаулық пен спорттық ұзақ өмір үлгісін көрсете жүріп, әрқашан сергек, жинақы көрінетін.

Иван Иннокентьевичтің табысты өндірістік, ғылыми және педагогикалық қызметі үкімет тарапынан бірнеше рет марапатталды: жеті медаль; III дәрежелі «Шахтер даңқы», КСРО жоғарғы білім саласындағы «Еңбектегі үздік табыстары үшін» белгілер; Алтын құрмет кітабына енгізілді, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы, Қазақстан Компартиясы

ОК Құрмет грамотасы; ҚазКСР Министрлер Кеңесі сыйлығының
Лауреаты.

Әдебиеттер тізімі

1. Попов И.И., Окатов Р.П., Низаметдинов Ф.К. Механика скальных массивов и устойчивость карьерных откосов. – Алма-Ата, 1986. – 256 с.
2. Попов И.И., Шпаков П.С., Поклад Г.Г. Устойчивость породных отвалов. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 225 с.
3. Попов И.И., Жаркимбаев Б.М. Маркшейдерское дело. Маркшейдерские работы при подземных разработках. Программированный учебник для ВУЗов, – Алматы, 2000. – 247 с.

Т.Қ. Исабек,
Қарағанды техникалық университетінің
Пайдалы қазбалар кен орындарын қазу
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.,
e-mail: tyiak@mail.ru

С.С. КВОН – ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГ, ШАХТАЛАРДЫ ЖОБАЛАУ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Сергей Сын-Гувич Квон 1923 ж. 17 тамызда Қарағандыдан мыңдаған километр жердегі Ресей Федерациясы Приморье өлкесі Посьет ауылында шаруа отбасында туған. Корейлерді әділетсіздікпен өз елдеріне жаппай қайтару нәтижесінде ол және оның отбасы Қазақстанға келеді. Соғыс басталып, тым жас Сергей Квонды еңбек әскеріне алып кетеді. Ол орманды сұлатудың не екенін көзбен көріп, бір тілім қара нанның нағыз құнын білді. Бірақ жарқын жандар жас жігіттің қабілетін, оның оқуға деген талпынысын байқап, оның Мәскеуге институтқа баруына көмектесті. Сергей Квон тау-кен саласын таңдап алды. Бес жыл бойы ол тау-кен пәндерін қызығушылықпен меңгерді. Оның ғылымға деген сүйіспеншілігі, жаңалыққа ұмтылысы осы жерде оянды.

Мәскеу тау-кен институтын аяқтағаннан кейін 1948 ж. бастап Квон С.С. Қарағанды көмір бассейніне жіберілді, онда бассейн шахталары мен көмір тресінде түрлі инженер-техникалық лауазымдарда жұмыс атқарды.

1957 ж. Квон С.С. Қарағанды тау-кен техникумына оқытушылық жұмысқа, кейінірек политехникалық институтына «Пайдалы қазбалардың кен орындарын қазу» кафедрасына ауысады. Ол мұнда ғалым ретінде, шахта алаптарын ашу және дайындау жөніндегі маман ретінде қалыптасты.

1960 жылы оны өзінің көмір шахталарын жобалау мәселелері бойынша болашақ идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іссапарға – «Қарағандыгипрошахт» институтына іссапарға жібереді. Мұнда ол жаңа типті, көмір өндіру және қайта өңдеу жөніндегі процестердің жоғары механикаландырылған және автоматтандырылған шахта жобасымен жұмыс істейді. Жоба сол кездің ең прогресті техникалық және технологиялық шешімдерін өзіне сіңірді. С.С. Квон жобада оларға жаңадан ұсынған, тілігі бар және лаваның артына қазба жасалған қатпарларды қысқа тазартым забойларымен алу технологиясын пайдаланды. Қысқа лавалармен алу үшін бірегей тазарту техникасы ұсынылды. Бұл – жобалаушы-инженер С.С. Квонның көптеген ойлары мен идеяларының бірі.

1965 ж. С.С. Квон кандидаттық диссертациясын қорғайды да, 1967 ж. Қарағанды политехникалық институтына ғылыми-педагогикалық жұмысына қайта оралады.

1971 ж. А.А. Скочинский атындағы Тау-кен ісі институтында (Мәскеу қаласы) Квон С.С. докторлық диссертациясын қорғайды. 1973 жылы оған профессор ғылыми атағы берілді.

Оның іргелі ғылыми еңбектері, ТМД елдеріндегі мамандар арасында кеңінен танымал болған ҚР ҒА академигі Ә.С.Сағыновпен және ҚР ҒА корреспондент-мүшесі К.Н.Әділовпен бірлесіп жазған «Көмір шахталарының технологиялық сұлбаларын талдау және оңтайландыру әдістері» және «Көмір шахталарының технологиялық сұлбаларын оңтайландыру» монографиялары жобалаушылар, аспиранттар мен тау-кен инженерлері үшін құнды құрал болды, жаңа математикалық әдістерді көмір шахталарында тау-кен өндірісін жобалау және жоспарлау кезінде технологиялық мәселелерді шешуде қолдануға ықпал етті.

Соңғы жылдары ол П.П. Нефедовпен, Н.А. Дриждпен, Г.М. Презентпен және М.А. Перзадаевпен бірге авторлықта Қарағанды бассейні үшін екі өзекті тақырыпта екі кітап дайындады: «Қарағанды бассейнінің көмір саласын сақтау және дамыту мәселелері» және «Қарағанды бассейнінің күрделі және кондицияға сәйкес емес қаттарын қазу технологиясы».

С.С. Квон КСРО Химия өнеркәсібі министрлігінің, ҚазақКСР ЖОО министрлігінің, «Қарағанды көмір» ӨБ салалық зертханаларының ұйымдастырушысы және ғылыми жетекшісі болды. С.С. Квонның ғылыми жұмыстары пайдалы қазбалардың қатпарлық кен орындарын жер асты өндірудің негізгі мәселелеріне – шахта алаптарын ашу және дайындау тәсілдерін көмір шахталарының технологиялық сұлбасын талдау және синтез әдісімен жетілдіруге; олардың параметрлерін оңтайландыруға және көмір шахталарын жобалауға; тазарту жұмыстарын механикалаудың технологиялық сұлбасы мен құралдарын жетілдіруге және тау-кен жыныстарын физика-химиялық беріктендіруге, қазылған кеңістіктерді толтырмалауға; Қарағанды бассейнінің шахта қорын қайта құрылымдау мен диверсификациялауға; тау-кен кәсіпорындарын жобалаудың автоматтандырылған жүйелеріне арналған.

Осы зерттеулер тау-кен ғылымына айтарлықтай үлес қосты және жобалаудың, аршудың, сондай-ақ шахта алаптарын жаңа прогресті бағыттармен дайындаудың ғылыми негіздерін байытты.

Квон С.С. алғашқы «Қарағанды бассейнін 1965-1985 жылдар кезеңінде игеру мен дамытудың іс жүзіндегі шахта қорын қайта конструкциялаудың кешендік жобаларының» авторы болды. Осы жобалар жоғарғы бағаға ие болып, оны КСРО Мемлекеттік жоспарындағы отын өнеркәсібі жөніндегі Мемлекеттік комитет Қарағанды бассейнінің одан әрі дамуының негізгі техникалық бағыты ретінде бекітті. «Кешенді жоспарлардың ...» негізгі шешімін жүзеге асыру Қарағанды бассейнін тиімді игеруде және шахталардың жоғарғы техника-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізуде үлкен рөл атқарды. Бұрынғы «Қарағанды

көмір» ӨБ тапсырмасы бойынша соның жетекшілігімен «Қарағанды бассейнінің 2005 ж. кезеңіне дейін кешенді және оңтайлы дамуының ғылыми-техникалық негіздері» жұмысы орындалды.

Өндіріс концентрациясында, «шахта-лава» принципін жүзеге асыру, шахта алаптарын аршу және дайындау тәсілдері, өндіру жүйелерін жетілдіру, Қарағанды бассейнінде қазып алу учаскесінің жүгін ұлғайту табыстарына қол жеткізуде С.С. Квонның ғылыми зерттеулері, практикалық дайындамалары мен ұсыныстары айтарлықтай рөл атқарды. Ол 200-ден астам ғылыми мақала, 17 монография жариялады, өнертабысқа 65 авторлық куәлік алды. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін профессор Квон С.С. тау-кен бейінді мамандарды даярлауда кеңінен пайдаланды.

С.С. Квон жастармен, студенттермен, аспиранттармен, олардың бастамаларын шектеместен, шығармашылық ізденісте жаңа идеяларын, бағыттарын қолдай отырып, көп жұмыс жасады. Ол Абайдың «Ғылымды анасы туған ұлын сүйгеніндей сүю керек, сонда ғылым да саған жауап береді» деген сөздерін студенттердің есіне жиі салатын».

Оның тау-кен өндірісінің жоғары білікті ғалымдары мен мамандарын даярлауда еңбектері зор. Олардың ішінде Дрижд Н.А., Презент Г.М., Перзадаев М.А және т.б. сияқты белгілі ғалымдар және ірі мамандар мен басшылар бар. Оның жетекшілігімен 30 диссертация, оның ішінде 8 докторлық жұмыс дайындалып, қорғалды. Оның шәкірттері Қазақстанда ғана емес, көптеген ТМД елдерінде, Германияда, Израильде, АҚШ-та жұмыс істейді.

Сергей Сын-Гувич Квон – ғалым-азамат. Ол әрқашан бассейнің өзекті міндеттерін шешу үшін өзінің мәселе түсінігін, өзінің ғылыми-техникалық тәсілдері мен ұсыныстарын ынтыға, сендіре қорғайтын. Соңғы жылдары өндірудің төмендеуі мен бірқатар шахталардың жабылуына байланысты бассейнде болып жатқан бұзылу процестері оның жанына бататын. Бұл түсінікті де. Оның көз алдында көмір аймағы қарқынды дамыды және ол сырттан бақылаушы емес, ең белсенді құрылысшы, осы қамтушы, жасампаз процестің көшбасшысы болды. Азаматтық сана-сезімі мол Сергей Сын-Гувич облыстық баспасөз арқылы жалғыз өзі қауымдастыққа, облыс пен республика ағаларына бассейн тағдырын айтып дабыл көтерді. Ол кәсіби ғалым ретінде дағдарыс жағдайынан минимум шығындармен шығуға, бассейнің одан әрі құлдырауына жол бермеуге көмектесетін нақты шешімдерді ұсынды [1, 2-б.].

С.С.Квон Қазақстаннан тыс алыс жерлерде өзінің еңбектерімен белгілі. Ол докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі бірқатар диссертациялық Кеңестердің мүшесі болды (Мәскеу қаласы, МРТУ Новосибирск қаласы МРТУ, КСРО ҒА ТИИ СО), Ресей мен Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің тау-кен білімі бойынша оқу-әдістемелік кеңесінің мүшесі, «ЖОО хабарлары» журналы редакция алқасының мүшесі (Екатеринбург қаласы), Қарағанды қаласы ВГСЧ

жанындағы оқыс жағдайлар жөніндегі сараптама комиссиясының мүшесі болды [2, 3-б.].

Сергей Сын-Гувич оқытушылық іске көп көңіл бөлетін. Ол: «Студенттерді жақсы көру керек, олар – еліміздің болашағы, ғылымның болашағы. Оқытушының міндеті – студентті ойлауға, білім іздеуге үйрету». Оның дәрістері әрдайым жоғары кәсібилікпен, ғылыми таныммен, лекторлық және педагогтық шеберлікпен ерекшеленетін. Орасан зор ғылыми және өндірістік тәжірибесіне қарамастан, ол әр дәріске ерекше тиянақты дайындалатын, сол мәселеге қатысты барлық соңғы нәтижелерді ескере отырып, жаңа нәрсе қосуға тырысатын. Профессор С.С. Квоннан білім алу бақытына ие болған студенттер оның жоғары біліктілігін, кәсіби деңгейін, педагог пен ұстаз ретіндегі жарқын бейнелі дарынын ерекше атап көрсетеді.

Егер оның азаматтық қасиеті туралы айтсақ, онда қайырымдылығы, қарапайымдылығы, адамға көмектесуге дайындығы ең алдымен тұратын еді.

Сергей Сын-Гувич отбасылық өмірде де бақытты болды. Өзінің жұбайы Елена Павловнамен бейбітшілік пен келісімде шамамен жарты ғасыр өмір сүрді. Олардың балалары әке жолын қуды: қыздары – Светлана Сергеевна Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Металлургия, материалтану және нано-технологиялар» кафедрасының доценті, ал үлкен ұлдары – Станислав Сергеевич Кемерово қаласында (Ресей) тұрады және сонда Кемерово техникалық университетінде жұмыс істейді.

Сергей Сын-Гувич өмірде өте қарапайым адам болған. Ол ешқашан атақ-даңққа, жоғары лауазымдарға, қоғамдық мойындау мен марапаттауларға талпынған емес. Оның қызметі, оның жұмысы – қоғам алдындағы міндетін орындау сипатының көрінісі.

С.С. Квонның еңбегі жоғары бағаланды: «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері, ғылым бойынша ЖОО министрлігі Сыйлығының лауреаты; басқа да үкіметтік және салалық марапаттары оның тау-кен ғылымы мен білімін дамытуға қосқан үлесін көрсетеді. Оның есімі университеттің Құрмет кітабына енді.

Ол елінің патриоты болды, халқының тарихын, дәстүрлерін, корейлердің ғана емес, тіпті қазақтардың да шығу тегін жақсы білді. Ол жастарды жақсы көрді, оларға білім беруге дайын тұрды, талап қоя білді. Студенттердің оның жетекшілігімен орындаған курстық жұмыстары, оқу бітіру жұмыстары ерекше сапасымен, практикалық және ғылыми құндылығымен, дұрыстығымен ерекшеленетін.

Көрнекті ғалым, әрі педагог Квон Сергей Сын-Гувичтің өмірі мен қызметі студент жастардың еліктеуіне тамаша үлгі.

2008 жылы 2-ші ғимараттың 3-ші қабатына, ПҚКҚ кафедрасы орналасқан жерге мемориалдық тақта орнатылды.

Рене Декарттың мына сөзін С.С. Квонға толығымен қатысты деп айтуға болады: «...Ғылымға қызмет ету – адам ақылының ең риясыз, ең адамгершілікті және ғажап көрінісі. Өз өмірін ғылымға арнаған адамдар өз ұрпағының жадында мәңгі қалуы тиіс...» [3, 15-б.].

Әдебиеттер тізімі

1. Проблемы сохранения шахт Карагандинского бассейна //Индустриальная Караганда 30 октября 1998 года. С. 10.
2. Ученый. Педагог. Творец //Шахтерская неделя. 31 октября 2003 года. С. 8.
3. Квон Сергей Сын-Гувич // Уголь. – 2003. – №3.

Ф.К. Низаметдинов,
Қарағанды техникалық университетінің
Маркшейдерлік іс және геодезия
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.,
e-mail: niz36@mail.ru

МАРКШЕЙДЕРИЯ ПРОФЕССОРЫ Р.П. ОКАТОВТЫҢ ӨМІРЛІК ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Окатов Рафаил Петрович 1937 жылы 15 қарашада Архангель облысының Исакогор ауданында дүниеге келген. 1946 жылы Вологодск облысының Бабушкино аулындағы мектепке барады. Кейін Окатовтар Қарағанды қаласына көшіп барады да, 1957 жылы сонда №73 орта мектепті бітіреді. Сол жылы ол Қарағанды тау-кен институтына «Маркшейдерлік іс» мамандығы бойынша



оқуға түседі, алайда кейін мамандықты Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына (ҚазПТИ) ауыстырғандықтан, Рафаил Петрович институтты 1962 жылы Алматы қаласында аяқтайды. Институтты тәмамдағаннан кейін ол «Қарағанды көмір» комбинатының №35 шахтасында кен мастері болып, сосын учаскелік маркшейдер болып жұмыс істейді. 1974 жылдан бастап Қарағанды политехникалық институтында (ҚарПТИ) аға оқытушы болып, ал 1975 жылдан бастап доцент болып қызмет етеді. 1985 жылы карьер қиябетінің беріктігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу жөнінде докторлық диссертациясын қорғайды да, 1987 жылдан бастап кафедра профессоры лауазымына ие болды. 1990 жылдан бастап 1998 жылға дейін маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасын басқарады.

Рафаил Петрович жоғары білікті инженер кадрларын даярлау жөнінде зор мақсатты жұмыстар жүргізді. Кафедра меңгерушісі болып істей жүріп, оқу, материалдық және ғылыми базаларды нығайтуда, оқытушылар біліктілігін арттыруда, оқу процесін жетілдіруде көп жұмыстар атқарды. Ол осы күнге дейін «Тау-кен ісі» мамандығының «Маркшейдерлік іс» бағытындағы студенттер оқитын «Тау-кен геометриясы» пәні бойынша ҚР БҒМ деген грифы бар оқу құралдары мен оқулықтардың, оқу-әдістемелік нұсқаулардың авторы.

Рафаил Петрович ашық қазба жұмыстарының маркшейдерия және геомеханика саласындағы физика-механикалық қасиеттерді, тау-кен массивінің жарықшақтығы мен құрылымын зерттеу саласындағы ірі ғалым болды. Ол ашық өндіру геомеханикасы бойынша 3 монография мен 150-ден астам ғылыми мақала жариялады [1, 74-б.].

Оның ғылыми дайындамалары мен Қазақстанның ірі-ірі карьерлеріндегі (Николаев, Қоңырат, Ақши Спасск, Нұрқазған, Златоус-

Беловский, Саяқ, Дон, Қарағайлы, Оңтүстік Топар, Шұбаркөл, Қу Шоқы, Молодежный, Шығанақ, Қаражыра және т.б.) қиябеттері мен беткейлерінің беріктігін қамтамасыз ету бойынша көп жылдық жұмыс тәжірибесі тау-кен ісі тәжірибесіне тұрақты беткейлердің, олардың көлбеуінің максимум мүмкін болатын тік бұрышындағы беріктігін қамтамасыз ету бойынша прогрессивтік әдістерді жасап, енгізуге мүмкіндік берді. Оның тұрақты қиябеттердің жарықшақтық массивтерінде параметрлерді негіздеу, контурлық таспаларды өңдеу кезінде бұрғылап-жару жұмыстарын басқару және жобалық контурда кертпешті жайпақтау жөнінде жасаған әдістерін жүзеге асыру пайдалы қазбалардың кен орындарына ашық қазба жүргізу кезіндегі жұмыс тиімділігі мен қауіпсіздігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді [2, 21-б.].

1980 жылдан бастап ол Скальный массивтер механикасы жөніндегі халықаралық қоғамның мүшесі болды.

Ғылымдағы жетістіктері мен карьер қиябеттерінің беріктігін басқару саласында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғары тиімділігі үшін Р.П. Окатов 1988 жылы ҚазКСР және КСРО ВДНХ көрмелерінде 1-ші және 2-ші дәрежелі дипломдармен және күміс медальмен марапатталды. 1989 жылы ғылым мен техника саласында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі сыйлығының лауреаты болды, «Еңбек ардагері» құрмет медалін иеленді.

Р.П. Окатов қызмет ету процесінде әріптестері мен студенттерге қоятын талапты әрдайым олардың тұрмысына, демалуына, оқуына күнделікті зейін қоюмен бірге алып жүрді.

Рафаил Петрович кеңінен ойлауға және табиғатта болып жатқан, өзі көрген геомеханикалық құбылыстарды ғылыми негіздеуге бейімі бар, жан-жақты адам болған. Бұл оның жасаған карьер қиябетінің беріктігінің есептік сұлбасынан айқын көрінеді, олар ғалымның монографиялары мен бірқатар ғылыми мақалаларында келтірілген. Бұл ретте оның «Карьерлердегі көшкіндермен күрес» монографиясын атап кеткен жөн, осы кітаптың шығуымен Рафаил Петровичті қалыптасқан тау-кен геометрі деп атауға болады [3, 113-б.]. Кейін «Жер қойнауының геометриясы» курсына арналған «Тау-кен геометриясы» атты мазмұны бірегей оқулығы шығады. Рафаил Петрович Окатов жер қойнауларын зерделеуде зор үлес қосқан ұлы ғалым-маркшейдер П.К. Соболевскийдің мұрасын жалғастырушы болып табылады.

Ол «Тау-кен геометрия» және «Геодезия» мамандықтары бойынша кез келген дәрісті көзді жұмып қойып оқитындығын жиі айтатын, ал оның тригонометриялық функциялардың толық бұрыш мәндерін жатқа білуі жан-жағындағы адамдарды таң қалдыратын.

Р.П. Окатов тамаша адам ғана емес, керемет оқытушы да болды. Оның тәрбиеленушілері оны өздеріне әрқашан адамгершілікпен әрі түсіністікпен қарағанын зор құрметпен және ризашылықпен еске алады. Әрине, ол өте

талапшыл болды және жауапсыз студенттерді ұнатпайтын, бірақ олармен де ортақ тіл табыса білетін де, нәтижесінде олардың көбі тамаша маман болып шықты.

1999 жылы Рафаил Петрович кафедра профессоры болды. Ғалым сүйікті ісін тастамай, кафедраның білгір түлектерін тәрбиелеуді, жастарға өз тәжірибесін жеткізуді жалғастырып келеді, сондай-ақ кафедраның жаңа меңгерушісі Ф.К. Низаметдиновке көмектеседі. Ол кафедраның дамуында жаңа кезең енді басталған қиын кездердегі Рафаил Петровичтің кеңестері мен қолдау сөздерін есіне жиі алады.

Рафаил Петрович Окатовтың бүкіл өмірлік жолы – бұл күнделікті еңбек, адамға көмектесуге деген талпыныс, ғылыми-зерттеушілік шығармашылық. Әр адам өзінің сүйген ісімен айналысуды, өз үлесін қалдыруды және өз ісінің жалғастырушыларын қалдыруды армандайды. Рафаил Петрович өз ісінің маманы болды, ол ҚарМТУ «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының қалыптасуы мен дамуына ат салысты, керемет ғалым атанды, таң қалуға тұрарлық өмір сүрді.

Әдебиеттер тізімі

Окатов Р.П. Горная геометрия: Учебник /Карагандинский государственный технический университет. Караганда, 2003. 236 с.

Окатов Р.П. Об устойчивости откосов на слабом наклонном основании. – Л.: ФТПРПИ, 1980, №3. С. 21-24.

Попов И.И., Окатов Р.П. Борьба с оползнями на карьерах. – М.: Недра, 1980. – 239 с.

Л.С. Кипнис,
Қарағанды техникалық университетінің
нанотехнологиялар және металлургия кафедрасының
доценті, т.ғ.к.
e-mail: levkipnis@mail.ru

Е.И. ШЕВЦОВ – МЕТАЛЛУРГ, ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ

Университетіміздің негізін салған және оның дамуына елеулі үлес қосқан білікті мамандар мен атақты ғалымдардың бірі ретінде профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Евгений Иванович Шевцовты атауға болады. Ол металлургия мен құю өндірісі саласында білікті маман ретінде танылып, Қарағанды политехникалық институтында шамамен қырық жыл қызмет етті, құю өндірісі кафедрасының



ұйымдастырушысы болды және сол кафедрада **Евгений Иванович жетекшілік етті. Сонымен қатар ол көп жыл бойы Шевцов (1910-1996)** металлургия және механика-технологиялық факультеттердің деканы болып, сабақ берумен қатар әкімшілік жұмысты да бірге алып жүреді.

Евгений Иванович 1910 жылы Украинада шаруа отбасында дүниеге келген. 1926 жылы ол Донбасс кенішінде майлаушы болып жұмыс істей бастайды. 1928 жылы, жұмысшы жастарға арналған даярлау курстарын аяқтағаннан кейін оны Днепропетровск металлургия институтына қабылдайды, бұл оқу орнын ол 1932 жылы «Болат электрометаллургиясы» мамандығы бойынша аяқтап шығады. Мұндай қабілетті студентті болат пен ферроқортыпалар металлургиясы кафедрасына көмекші ретінде қалдырады да, аспирантураға қабылданады.

1933 жылдың соңында ол практикалық тұрғыда жетілуді көздейді де, сол мақсатпен оқытушылық қызметін қалдырып, өндіріске бет бұрады. Ол Краматордағы ауыр машина жасау зауытына жолдама алады, бұл зауыт КСРО өнеркәсібінің алғашқылары болды, сол жылдары мемлекеттің индустриялануында маңызды рөл атқарды, сондықтан үнемі жоғары басшылықтың назарында болды.

Бұл кәсіпорында Евгений Иванович үлкен өндірістік мектептен өтеді. 1934 жылы ол КСРО ауыр өнеркәсіп Наркоматының «Краматор машина жасау зауытында өндірісті игерудегі жетістіктері үшін» деген грамотасымен марапатталады.

Ауысым шеберінен және қорыту обер-шеберінен құю цехының инженер-технологына дейінгі кәсіби жолды өтіп, ол жоғары білікті болат балқыту маманы болады [1].

1935 жылдың қаңтарында ауыр өнеркәсіп Наркоматының Евгений Иванович Сталинград трактор зауытына іссапарға жіберіледі, бес

жылдықтың алғашқы жылдарында салынған бұл зауыт шынжыр табан тракторларды, сонымен бірге танктерге арналған артиллериялық тартқыштар мен агрегаттарды шығарумен айналысты. Онда ол елдегі, тіпті Еуропадағы ең ірі болат құю цехының болат балқыту тобының жетекшісі болып жұмыс істеді. 1937 жылдан бастап Орталық зауыт зертханасының болат және соғылғыш шойын секторының жетекшісі болады, құрышты құю технологиясын және тракторлар мен танкілерге арналған бөлшектерді қыздырып өндеуді жетілдірудегі зерттеулерге қатысады.

Ұлы Отан соғысының басынан зауыттың өндірісте қалған аздаған мамандарының ішінде Евгений Иванович зауыттан соғыс техникасының шығарылуын және оның жөнделуін қамтамасыз етеді. Ал 1942 жылы, майдан шебі қалаға жақындаған уақытта, Евгений Ивановичті мамандар тобымен Горько автокөлік зауытына жібереді, ал біраз уақыт өткеннен кейін Самарқанд кентіне (қазіргі Теміртау қаласы) жіберіледі, онда КСРО Мемлекеттік Қорғай Комитетінің шешімі бойынша Қазақ металлургия зауытының құрылысы басталды [2, 262-б.].

Құю цехының бастығы ретінде оған қиын жағдайда өндірістік бөлмелер құрылысына, жабдықты монтаждауға, оны іске қосуға жетекшілік етуге, сонымен бірге зауытқа жіберілген адамдарды өндірісте қажет кәсіпке үйретуге тура келді. Құю цехы іске қосылғаннан кейін Евгений Иванович зауыттың негізгі цехтарының бірі – мартен цехын (онда бірінші қорытпа 1944 жылы 31 желтоқсаннан 1945 жылдың 1 қаңтарына қараған түні алынды) іске қосуда да жетекшілік етті. Ол цех бастығының қызметін атқарып, өндіріс инженері және ұйымдастырушысы ретіндегі кәсіби тәжірибесін Қазақстандық кара металлургиядағы тұңғыштың қалыптасуына аямады.

Мұнда күрделі техникалық мәселелермен қатар, кадрларды, ең алдымен, болат қорыту кәсібінің шеберлерін дайындау мәселесі маңызды болды. Евгений Иванович оралдық зауыттардан келген шеберлермен және тәжірибелі жұмыскерлермен бірге тәжірибесі жоқ, жас жігіттерден өз ісінің шеберлерін, саңлақтар тобын тәрбиелей алды. Нәтижесінде олар Қарағанды металлургия комбинатының жаңа мартен цехына көшкеннен кейін бүкіл әлемге танылды, жоғары дәрежелі марапаттаулар мен лауазымдарға ие болды.

Сол қиын-қыстау жылдары Евгений Ивановичтың жас металлургтер үшін кім болғандығы туралы әйгілі ардагер, болат қорытушы Арген Жүнісов ерекше сезіммен еске алады. «Таңертең ол жұмыс алаңымен жүріп өтетін, біз оның бойымен, шымырлығымен, бапты жүрісімен тамсанатынбыз. Барлық үш пешті тиянақты түрде қарап шығып, болат қорытушылардан балқытудың қалай жүріп жатқандығы туралы сұрайтын. Оның жұмыс күртесінің төс қалтасында әрдайым қошқыл шынысы бар рамка болатын» [3, 64-б.].

Евгений Иванович ерлік жұмысы үшін және зауыттағы өндірісті игеру мен жетілдіруге қосқан үлесі үшін «За трудовое отличие» және «За трудовую доблесть» медальдарымен, сонымен бірге Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен КСРО Қара металлургия министрлігінің құрмет грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталды.

Өндірістік қызметімен қатар Евгений Иванович бірнеше жылдар бойы мартен қорытпаларының технологиялық процестерін жетілдіру және тиімділігін арттыру жолдарын іздеу жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы зерттеулер барысында олар шегендеуді жөндегеннен кейін пештерді жұмысқа дайындау уақытын айтарлықтай қысқартуды қамтамасыз ететін мартен пештерінің табандықтарын жеделдетіп пісіру әдісін тауып, өндіріске табыспен енгізді. Евгений Ивановичтың қатысуымен әдіс КСРО қара металлургияның барлық кәсіпорындарына таралды, бұл халық шаруашылығының тиімділігін айтарлықтай арттырды [3, 4]. Осы және басқа да жұмыстар нәтижесі оның 1952 жылы техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертациясының негізіне жатқызылды. Дәл осы жылы Евгений Иванович зауыттың техникалық бөлімінің бастығы болып тағайындалды. 1967 жылы Е.И. Шевцов қазақстандық және уралдық металлург-мамандармен бірге техника саласында КСРО Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. КСРО Ленин және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитет төрағасы М. Келдыш қол қойған лауреат дипломында былай деп жазылған: «Мартен пештерінің өнімділігін арттыратын табандықтарды дайындау мен қалпына келтірудің жаңа технологиясын әзірлегені және енгізгені үшін».

1954 жылы Евгений Иванович Қарағанды тау-кен институты ректорының шақыруымен оқытушылық жұмысқа ауысады. Оған өзі ұйымдастырып, басқаруға берілген «Металдар технологиясы және металдар кедергісі» кафедрасында жас ЖОО студенттеріне жалпы техникалық пәндер циклін оқыту міндеті жүктелді. 1958 жылдан бастап, институт политехникалық болып ауысқаннан кейін, кафедрадан инженер-металлургтер, ал 1961 жылдан бастап құюшылар сияқты түлектер шығарыла бастады.

Кафедра меңгерушісі бола отырып, Евгений Иванович металлургия факультетінің деканы, ал кейіннен механика-технологиялық факультеттің деканы болып қызмет атқарады. Ұйымдастырушылық қабілеті мен белсенді жұмысының арқасында Е.И. Шевцов қысқа мерзімде кафедрада жұмысқа қабілетті, ұйымшыл педагогикалық ұжымды ұйымдастыра алды, ол оқу процесінің материалдық базасы мен әдістемелік қамтамасыз етілуін қалыптастырып қана қоймай, зерттеу жұмысына да араласты. Қарағанды мен облыстың металлургия және машина жасау кәсіпорындарымен тығыз байланыс орнатылды. Арнайы пәндерді оқыту үшін ол кафедраға жоғары білікті инженер-практиктерді – белгілі домна инженері, металлургия комбинатының бас инженері болған Л.Г. Шумаковты, құю цехының

бұрынғы бастығы С.С. Раковты, талантты металтанушы, бірегей беріктігі жоғары болаттың авторы В.Г. Кречмерді, тамаша металтанушы және педагог, кейін кафедрада 30 жылдан астам жұмыс істеген А.Ф. Белякованы, металдарды қысыммен өңдеудің мамандары Н.Х. Дәуілбеков және О.С. Меңдібаевтарды, құю өндірісінің технологы Д.О. Манинді шақырады.

ҚӨ-62-2 құюшылар тобында Қазақстан Республикасының болашақ Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев оқуын бастағандығын атап өткен жөн. Ол кейін Теміртау қаласында ЖТОО зауытына ауысып кеткенімен, өзінің білімін алғашқы «Шойын металлургиясы» мамандығы бойынша аяқтады. Н.Ә. Назарбаев Қарағанды металлургиялық комбинатында және партияның Қарағанды облыстық комитетінде жұмыс істей жүріп, Евгений Иванович туралы әрқашан жылылықпен еске алатын, оны өзінің ұстазы деп атайтын.

1964 жылы кафедра құю өндірісі және металдар технологиясы кафедрасы болып өзгерді. Кафедраның оқытушылар ұжымын институт түлектері, сонымен қатар Мәскеу болат және қорытпалар институтының, Днепропетровск металлургия институтының, Одесса политехникалық институтының және елдің басқа да институттарының түлектері толықтырды.

Евгений Иванович жас оқытушылар кадрының қалыптасуына, олармен өзінің мол инженерлік, педагогикалық, тұрмыстық тәжірибесімен бөлісе жүріп, белсенді ықпал етті. Соның бастамасымен және институт ректоры, академик Әбілқас Сағынұлы Сағыновтың қолдауымен кафедраның жас оқытушыларын, олардың ғылыми біліктілігін арттыру мақсатында, мәскеулік және ленинградтық ЖОО аспирантурасына жіберілді. Аспирантураны бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін олар кафедраның оқытушылар құрамын толықтыра берді. Бұл практика кейінгі жылдары да тиімді пайдаланылды.

1970 жылы Евгений Ивановичке құю өндірісі бойынша профессор ғылыми атағы берілді. Оның бастамасымен кафедрада құю өндірісі бойынша аспирантура ашылды. Евгений Ивановичтың жетекшілігімен кафедраның көптеген оқытушылары Қарағанды, Теміртау, Павлодар кәсіпорындарының мамандары ізденуден өтіп, диссертацияларын сәтті қорғап шықты.

Оның белсенді араласуы мен ықпалдасуы арқасында Теміртау мен Павлодарда құю өндірісі кафедралары құрылды, оларға қалыптасу кезінде әдістемелік жұмыста, оқу құралдарымен және арнайы әдебиеттермен, т.б. қамтамасыз етуде қажетті көмек көрсетілді, олардың оқытушылық ұжымдары, көбінесе олардың шәкірттері мен түлектері толықтырылды. Тәжірибемен, әдістемелік материалдармен және құралдармен алмасу жүргізілді.

Ол болашақ мамандарды практикалық даярлауға және олардың техникалық ой-өрісін кеңейтуге көп көңіл аударды. Өзінің осы мәселеге үнемі көңіл аударуының арқасында ол кафедрада студенттердің өндірістік практикаларын ұйымдастыруға өте жауапты және асқан дәлдікпен қарады. Оларды өткізу үшін еліміздің анағұрлым алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бірқатарымен тығыз байланыс орнатылды, соның көмегімен студенттер ең жаңа технологиялар мен жабдықтарды іс жүзінде үйренуге мүмкіндік алды.

Е.И. Шевцов тамаша дәріскерлік шеберлік болды. Оның дәрістері студент тыңдаушылар мен жас оқытушы-тыңдаушылардың қызығушылығын тудыратын, оқу материалдары әрқашан өмірден, өндірістен, ғылымнан алынған жанды, бейнелі мысалдарға бай болатын. Оның педагогтық ұстанымы студентке білім беру ғана емес, сондай-ақ оны талдай білуге, осыған орай шаблондар мен догмаларды басшылыққа алу емес, дұрыс ойлауға сүйенуге үйретті.

1982 жылы кафедра командасы Запорожьеда өткізілген құю өндірісі бойынша Бүкілодақтық студенттер олимпиадасында орталық ЖОО бірқатар командаларын басып озып, екінші орынға ие болды.

Евгений Иванович салауатты өмір салтының белсенді жақтаушысы және насихаттаушысы болғандығына ерекше тоқталған жөн. Ол темекі шекпейтін, алкоголь сусындарын қолданған жоқ деуге болады. Жас кезінде спортпен айналысқан, бұл өзінің айтуынша, соғыс жылдарында оның басына түскен физикалық және моральдық ауыртпалықтарды арқалап шығуға көмектесті. Қарағандыда ерте көктемнен қара күзге дейін қала саябағындағы көлге үнемі суға түсіп жүрген, ал қыста жас оқытушы әріптестерімен қатар Н.Әбдіров атындағы Спорт сарайында бассейнде жүзетін және онда 7 метрлік биіктіктен секіретін, оған ғалымнан анағұрлым жас дегендердің көбінің батылы бара бермейтін.

Қартайған шағында да тамаша дене бітімін сақтады, өте сирек ауыратын, қыста фуражкамен жүретін, құлақшын кимейтін. Көп уақыт ол велосипедпен ұзақ сапар шегетін. Әбден қартайған кезіне дейін жаяу жүру әдетін сақтай жүріп, политех пен медицина институтының оқытушыларының арасындағы қатарластарын бірнеше рет өзіне еліктететін. Оның сапарлас-әңгімелесушілерінің қатарында қаладағы әйгілі терапевт профессор Натан Иосифович Альбертон және электртехникадан алғашқы ұстаздарымыздың бірі Николай Ефимович Гурин болды. Олардың Гоголь көшесінен саябаққа қарай бағытталған компаниясын, ауа райының кірпияздығына қарамастан, әрбір жексенбі сайын кездестіруге болар еді. Ол қарағандылық «Шахтердің» жанкүйері болатын, әрқашан белсенді түрде институттағы спорт жаңалықтарына қызығушылық танытатын, факультеттік және кафедралық спорт командаларының жарыстарын құмарта қарайтын.

Оның бірегей бейнесі, терең кәсіби білімі, үлкен өмірлік тәжірибесі, табиғаттан берілген ақылы мен қабілеті журналистер назарында болды: ол облыстық және республикалық газеттер бетінде бірнеше рет көрінді [5].

Евгений Иванович 1985 жылға дейін кафедраны басқарды, осыдан кейін кафедрада профессор лауазымымен 1992 жылы зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеді.

Өмірінің соңғы жылдары, оның денсаулығы сыр бере бастағанда, оны ауру емес, дәрменсіздік мазалағандай. Біз (ол қыздар мен жігіттер деп әзілдеп айтатын) оған ауруханаға, Гоголь көшесіндегі үйіне көңілін сұрап барғанда, өзінің күйінің жақсы еместігін көрсетпеуге тырысқанмен, сол жағдайдың оған ауыр тигенін байқайтынбыз.

Ол 1996 жылдың қаһарлы ақпанында өмірден өтті. Оны кафедралар мен университет қызметкерлері, Қарағанды және Теміртау қалаларының кәсіпорындары мен ғылыми ұйымдарының қызметкерлері соңғы сапарға шығарып салды.

Менің ғана емес, Евгений Ивановичті көз көргендердің жадында да ол батыл адам, инженер және ұстаз ретінде қалды деп сенемін. Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ ТМД және алыс шетелдердің көптеген қалаларында Қарағанды «политехінде» Евгений Иванович Шевцовтан инженер мамандығына жолдама алғандар және оны осы күнге дейін мамандықта да, өмірде де өзінің ең басты ұстаздарының бірі деп санайтындар тұрып, еңбек етіп жатыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Федоров В. Равняйтесь по смене т. Шевцова // «Сталинец» – многотиражная газета Краматорского машиностроительного завода, 22 августа 1934 г.
2. Караганда, Карагандинская область. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2008. – 528 с.
3. Шевцов Е.И. – лауреат Государственной премии СССР, профессор, создатель кафедры литейного производства КПТИ. Серия «Жизнь замечательных педагогов» – / Составители Л.С. Кипнис, Т.Ж. Жукебаева. – Караганда: «Гласар», 2010. – 82 с.
4. Шевцов Е.И., Клейн А.Л., Яновский С.А., Зубаков С.М., Бабин П.Н. Некоторые пути повышения производительности мартеновских печей. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1956. – 237 с.
5. Дмитриев Ю. Дело жизни – плавка характеров // Социалистическая Караганда, 1961.

А.Е. Даниярова,
Қарағанды техникалық университетінің
Қазақстан тарихы кафедрасының
доценті, т.ғ.к.,
e-mail: ainal71173@mail.ru


А.Н. ДАНИЯРОВ – КӨРНЕКТІ ПЕДАГОГ, ҒАЛЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН КӨЛІГІ МЕКТЕБІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев, еліміздің Үкіметі, барлық деңгейдегі әкімдіктер тарихи естелікті қайта жаңғырту, жоғалтқан дәстүрлерімізді қалпына келтіру, мәдениет пен руханият мәнділігін мойындау жөнінде көп істер жүргізуде. Мемлекеттік мәдени саясаттың маңызды бөлігі Отанымыздың көрнекті қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын қорғау және пайдалану болып табылады, олардың өмірді сипаттау призмасы арқылы өздері басты қатысушылары болған тарихи оқиғаларының маңызын анағұрлым терең ашуға болады. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық прогресі зияткерлік әлеуеттің болуына байланысты, ал еліміздің болашағы білім мен ғылымның дамуына тікелей байланысты. Осыған орай, бұрынғы буынның тәжірибесін бағалау қажет.

Қазақстан білімінің ХХ ғасырдың 60-80 жылдары қарқынды дамуы бірқатар ірі ғалымдардың қызметімен анықталды, олардың арасында техника ғылымдарының докторы, Қарағанды политехникалық институтының профессоры Асылхан Нұрмұхаметұлы Данияровтың – кеңестік және қазақстандық талантты ғалымның, тау-кен көлігі ғылыми мектебінің жетекшісінің, Қазақстан білімі мен ғылымының көрнекті ұйымдастырушысының тұлғасы сол кезеңнің бүкіл жасампаз жұмыстарында айрықша көрінеді.

Асылхан Данияров 1935 ж. 10 тамызда дүниеге келген (арнайы құжаттарда туған жері Қарағанды облысы Нұра ауданы Казгородок ауылы деп көрсетілген). Оның әкесі Нұрмұхамет Данияров жеке кәсіпкер болып, Ақмола уезінде ғана емес, сондай-ақ барлық облыс бойынша кеңінен танымал атасы Данияр мен әкесі Қызметбай негіздеген істі жалғастырады. Ақмола ұзақ уақыт бойы Сібірді Орта Азиямен және Батыс Қытаймен байланыстыратын ежелгі сауда жолдарының торабында жүк тиейтін бекет болып келді. Қаланың орталық алаңында Қонақ үйлер қатарында сауда үйлері мен дүкендер болды, олардың бірі Данияр мен оның ұрпақтарына тиісті болатын.

Октябрь революциясының салдары байлар мен дәулетті шаруашылықтарды жою, орта шаруалардың жерін, мал-мүлкін тартып алу,



**Асылхан
Нұрмұхамедұлы
Данияров (1935-2013)**

мемлекет пайдасына барлық материалдық «артығын» экспроприациялау болды.

Бұл тағдыр Нұрмұхамет Данияровқа да жазылды. Отбасын қалай да асырау үшін Нұрмұхамет жақын жердегі Казгородок ауылына жылқышы болып орналасады. Таяу арада сол жерге өз үй-ішін көшіріп алады. 40-жылдардың басында Данияровтар Қарағанды қаласына көшіп келеді. 1946 ж. Асылхан Нұрмұхаметұлының анасы Ауа бала туысымен қайтыс болады, жаңа туған егіз нәресте тұрақтамайды. Шаруашылықтың, інісі мен сіңділерін тәрбиелеудің барлық ауыртпалығы Асылханның әпкесі Мараштың иығына түседі.

1953 ж. Асылхан Данияров Жамбыл атындағы № 7 қазақ мектеп-интернатын үздік бітіреді де, күміс медальмен марапатталады. Үздік кәмелеттік аттестат еліміздің кез келген ЖОО емтихансыз түсуге мүмкіндік береді. Күнделік жазбаларда А.Данияров: «Ломоносов атындағы ММУ, Бауман атындағы МЖТУ, адмирал Макаров атындағы Жоғарғы теңіз училищесіне түскім келді, ал құжаттарды И.В.Сталин атындағы Мәскеу тау-кен институтына (ММИ) жібердім. Бұған Еркін Омаржановтың әкесі (мектептегі досым А. Данияровтың әкесі) көндірді. Кенші, ақша көп, студенттік киім, ол кезде көмірлі Қарағанды дүрілдеп тұрған болатын. Мені де, Еркінді де МТКИ тау-кен факультетіне, «Пайдалы қазбалардың кен орнына жұмыс жүргізу» мамандығына алды» - деп жазады.

1953 ж. шілдеде кенеттен әкесі қайтыс болады. Мәскеудегі оқу жоспарының бәрі бұзылады. Сол жылы Қарағандыда тау-кен институты ашылады. Халыққа білім беру облыстық бөлімінде Асылхан Данияровқа оның орта мектепті үздік бітіргені туралы анықтама береді. Осы ресми қағаздың негізінде оны шартты түрде (Мәскеу тау-кен институтынан құжаттары келгенше) Қарағанды тау-кен институтына алады.

Өзінің естеліктерінде А.Н. Данияров былай дейді: «Институт ғимараты жоқ. Алғашқы сабақтар тау-кен техникумында, бірқатар орынжайларда өткізілді. Сосын Бейбітшілік бульвары, 22-үйден 4 қабатты ғимарат берді. Міне, мен де студентпін. Бірінші ректор бұрын ММИ доцент болып істеген Нұрмұхамедов Жүніс Қадырбайұлы болып тағайындалды. Бір деканат, деканы – П.И.Кирюхин. Біздің алғашқы оқытушыларымыз: математикадан – Ш.У.Кан, сызба геометриядан – Брынза, теориялық механикадан – Б.И.Халепский, шетел тілінен – Л.Л.Тимохина. Үш топ - электр механиктері, кенші-технологтардан бес топ. Мен – топ комсоргымын. Бейбітшілік бульвары, 22-үйде оқимыз, дәрісханаларды жөнге келтіреміз, жер төле орынжайларында дәрістер тыңдаймыз, шаңғы тебеміз. Бейбітшілік бульвары қысқа, сайларға толы, бір көшеден кейін тұтқындар тоқыма фабрикасын салып жатыр».

1957 ж. 2 маусымдағы «Социалистическая Караганда» газетінде «Қарағанды тау-кен институтында емтихандар жүріп жатыр» атты жазба жарияланды, жазбада студент Асылхан Данияров туралы айтылған: «...

есіктің арғы жағында емтихан жүріп жатыр. Оның маңынан студенттер аяғының ұшымен жүруге тырысуда, алайда бұл оларға сол жердің өзінде-ақ талас тудыруға, оқып үлгермеген беттерін қатты күбірлеп оқуға, әбігер тудыруға кедергі бола алмауда. Ақырында есік айқара ашылып, достары бір сәтте Асылхан Данияровты қаумалап қоршап алған.

– Қалай?

Асылхан сәл ұяла, сиясын кептіру үшін, сынақ кітапшасын бұлғайды.

– Әрине, бес! – деп жауап береді ол үшін біреу.

Кенші электр механиктерінің 3-тобы бүкіл төрт жыл ішінде Асылханның бұлжымайтын бестігіне үйренген. Осы сессия да ол үшін сондай табыспен өтуде: сынақ кітапшасына төрт үздік баға қойылып үлгерген».

Институтты аяқтағаннан кейін, Асылхан Данияров тау-кен инженер-электр механигі мамандығын алып, 1958 жылдың қыркүйегінен бастап 1959 жылдың мамырына дейін № 019 Новая шахтасында тау-кен шебері болып жұмыс істейді. 1959 ж. мамырынан 1960 жылға дейін электр темір ұстасы, сосын Сталинуголь № 1 тресінің Орталық электр механикалық шеберханаларында механик болады.

Сол жылдары КСРО-да тау-кен өнеркәсібі қарқынды даму үстінде болды, өнеркәсіп кәсіпорындарының құрылысы қанат жайды, осыған орай жоғары біліктіліктегі мамандарды – кеншілерді дайындау мен одақтас республикаларда кәсіби ұлттық кадрлар үлесін арттыру қажеттілігі бірден артты. Қарағанды көмір бассейні үшін бұл мәселе бірінші кезекте тұрды. Асылхан Данияровқа Мәскеу радиоэлектротехника және тау-кен электр механикасы институтының сырттай оқу аспирантурасына түсуге ұсыныс жасайды.

Аспирантурада оқыған кездерінде (1961-1964 жж.) өзіне ғана сенуіне тура келеді. Материалдық көмек күтетін жері жоқ. Әпкесінде бұл кезде өзінің үлкен отбасы - бес баласы болды. Аспирантураның алғашқы жылдарында тұратын орын мәселесі туындайды, институт жатақханаларында орын жетпейтіндіктен, А.Данияровтың Мәскеуде бір бөлмені жалдап тұруына тура келеді. Таяу арада жатар орын мәселесі шешіліп, оған жатақханадан орын бөлінеді, көршісі ретінде шетелдік азаматты – египеттік ірі магнаттың ұлын орналастырады. А.Данияровты жатақханаға орналастырмас бұрын, оны институттың партия комитетіне шақырады да, «капиталистпен» қарым-қатынаста қырағылық танытуды міндеттейді. Ешбір материалдық қиындықтар мен мәселелерге қарамастан, бір ғана аспирант стипендиясымен жүріп, 1965 жылы мамырда А.Данияров өзінің аспирант-жолдастарының бірі болып, профессор А.В.Андреевтің жетекшілігімен «Қуатты таспалы конвейерлер жетегінің жұмысы кезінде таспа мен барабанның өзара әрекетін зерттеу» тақырыбына кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды.

Аспирантурада оқып жүрген кездерінде де, одан кейін де, ғылыми-педагогикалық қызмет еткен жылдарында да Асылхан Нұрмұхаметұлы Данияровтың кәсіби көзқарастарының қалыптасуына, оның ғылыми бағытын таңдауына КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, техника ғылымдарының докторы, Мәскеу тау-кен институтының (қазір – Мәскеу мемлекеттік тау-кен университеті (ММТУ)) профессоры - шахта және карьер көлігінің, тау-кен ісіндегі механикаландырудың маңызды бағыттарының бірінің негізін салушы Александр Онисимович Спиваковский; ҚазКСР ҒА академигі, Қазақстанның тау-кен ғылымындағы ірі ғалым, ҚарПТИ-дің тұңғыш ректоры Әбілқас Сағынұлы Сағынов және Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері, техника ғылымдарының докторы, ММТУ профессоры Григорий Иванович Солод зор ықпал етеді.

1964 ж. сәуірінен бастап А.Н.Данияровтың ғылыми, педагогикалық, ұйымдастырушылық және инженерлік қызметі оның өмірінің соңына – 1993ж. 2 наурызға дейін Қарағанды политехникалық институтымен байланысты болды. Ол мұнда 25 жыл бойы (1968-1993 жж. аралығында) өнеркәсіптік көлік кафедрасын басқарды, 17 жыл бойы (1970-1987 жж. аралығында) кешкі және сырттай оқу жөніндегі проректор болып қызмет етті.

Еліміздің ірі техникалық ЖОО бірі – Қарағанды политехникалық институты барлық бұрынғы Одақ өнеркәсібінің мүддесіне қызмет етті. Бұл жағдай онда қызмет еткен инженерлердің, кенші-ғалымдардың ғылыми көзқарастарына ықпал етіп, оларды кең техникалық көзқарастармен сусындатты.

Асылхан Нұрмұхаметұлы тамаша қабілетін терең және мол білімімен тоғыстыра отырып, өзінің ғылыми қызметін тау-кен ісінің өзекті мәселелерінің бірі – еліміздің тау-кен өндіру көлігінің арнайы құралдарын зерттеу мен жасауға арнайды. 1984 ж. А.Н. Данияров көп жылдар бойы жүргізген зерттеулер нәтижесінде Мәскеу тау-кен институтындағы мамандандырылған кеңесте «Тасты тау жыныстарына арналған күрделі трассалы карьер конвейерлерінің пайдалану және конструкциялық параметрлерін зерттеу және бекіту» тақырыбына техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне іздену диссертациясын табысты қорғады. КСРО Министрлер Кеңесіндегі Жоғарғы аттестациялық комитеттің 1986 ж. 27 маусымдағы шешімімен оған техника ғылымдарының докторы дәрежесі берілді.

Профессор А.Н. Данияровтың ғылыми және ұйымдастырушылық қызметінің ерекшелігі ғылыми қызметкерлер мен өндірісшілерді біріктіруі, оларды өнеркәсіптің маңызды мәселелерін шешуде жұмылдыра білуі болып табылды. Практикамен үнемі байланыста болуы оның зерттеуші-ғалым ретіндегі негізгі қасиеті болды. А.Н. Данияров жедел даму үстіндегі тау-кен техникалық білімінің қажеттіліктерін ескере жүріп, құнды-құнды:

«Тасымалдық машиналар мен кешендер» және «Ашық кен орындарындағы конвейер көлігі» (1975 ж.); «Өнеркәсіптік көлік құралдарының сенімділігі» (1978 ж.); «Толассыз көлік құралдарын таңдау негіздері» (1980 ж.); «Өнеркәсіптік көліктің арнайы түрлері» (1981, 1983, 1984 жж., С.К.Малыбаевпен бірлескен); «Климаттық жағдайларды ескере отырып, карьерлер жабдықтарын таңдау» (1985 ж., В.Н. Кучинмен бірлескен); «Күрделі тасымалдық жүйелер динамикасы мен статикасы» (1986, 1987 жж., З.Т. Ақашевпен бірлескен) оқу құралдарын жазады.

А.Н. Данияров ұзақ уақыт бойы (1975-1993 жж. аралығында) КСРО ЖОО министрлігі ғылыми-әдістемелік кеңесі мен Ресей Федерациясы өнеркәсіптік көлік жөніндегі мүшесі және «Жоғары оқу орындарының хабарлары» сериясы бойынша «Горный журнал» журналының редакциялық алқасының мүшесі болды.

Көптеген жылдар бойы профессор А.Н. Данияров өнеркәсіптік көлік кафедрасында атқарылатын мемлекеттік бюджет және шаруашылық келісім-шарт жұмыстарының ғылыми жетекшісі болды. Оның жетекшілігімен жасалған ғылыми ұсыныстар өндіріске табысты енгізілді. Олар 200-ден астам ғылыми жұмыстар жариялады, өнертабысқа 40 авторлық куәлік алынды, жалпы алғанда 14 оқу құралы және 18 оқу-әдістемелік әзірleme дайындалды. Көп жылдар бойы жүргізген зерттеулер нәтижесі бойынша (академик Ә.С. Сағынов және профессор З.Т. Ақашевпен авторлықта) – «Карьерлік пластинка тәріздес конвейерлерді жобалау және есептеу негіздері» атты ғылыми монография дайындалып, шығарылды, ол Қазақ КСР «Наука» баспасынан 1984 ж. жарық көрді. 1993 ж. Мәскеудің «Транспорт» баспасынан А.Н. Данияров пен оның алғашқы аспиранты – қазіргі кезде өнеркәсіптік көлік саласындағы жетекші мамандардың бірі, профессор, техника ғылымдарының докторы С.Қ. Малыбаевпен бірлесіп жазған «Өнеркәсіптік көліктің арнайы түрлері» атты оқулық басылып шығарылды.

Профессор А.Н. Данияровтың кітаптары мен оқу құралдары зор рөл атқарды. Ол бойынша тау-кен инженерлік факультеттерінің бірнеше буыны оқып келеді, оның еңбектерін қазір де пайдалануда. Ғалымның күші – өзінің болашақ идеяларын қаншалықты кеңінен таратып, өз шәкірттерінің ғылыми көзқарастарының қалыптасуына ықпал ете алатындығында. А.Н. Данияровтың ғылыми мектебі – бұл кітаптар, оқу-әдістемелік дайындамалар мен мақалалар, ізбасарлары (оның ғылыми жетекшілігімен 20-дан астам кандидаттық диссертация қорғалды) мен тәлімгердің ісін жалғастырушылар. Бүгінгі күні ҚарМТУ профессоры С.Қ. Малыбаев басқаратын өнеркәсіптік көлік кафедрасы университет профессорлары – З.Т. Ақашев, А.Н. Дедов, Т.К. Балғабеков, доценттері - Н.А. Данияров, Т.У. Сәрсембаев, А.З. Ақашев, Б.Б.Тоғызбаева сияқты белгілі ғалымдары мен педагогтары және басқа да көптеген жоғары біліктілікті мамандары бар жетекші шығарушы кафедралардың бірі.

А.Н. Данияров 30 жылдай ғұмырын ғылыми-педагогикалық қызметке арнады және осы жылдары жүздеген тау-кен инженер-механигін даярлады. Оның шәкірттерінің арасынан тау-кен өнеркәсібінің бірталай ірі қайраткерлері мен ғалымдары шықты. А.Н. Данияровтың педагогтық дарыны туралы айта отырып, олар оның дәрістері керемет қызықты болғанын айтады, оларды мазмұндаудың қарапайымдылығы мен материалдың зор мәнділігімен үйлесуіндегі оның қисындылығы мен құрылысының түзулігі ерекше еді. Асылхан Нұрмұхаметұлы ғылыми кадрлар даярлау бойынша және аспиранттардың жетекшісі, ғылыми және диссертациялық кеңестердің мүшесі немесе диссертация қорғау кезіндегі арнайы оппонент ретінде үлкен жұмыстар атқарды.

А.Н. Данияровтың көп жылғы шығармашылық жұмысы ғылым мен техникада үлкен із қалдырды. Оның шәкірттері мен ізбасарлары арасында ғылым докторлары мен кандидаттары, инженерлер мен ғылыми қызметкерлер бар. Профессор А.Н.Данияровтың ғылыми мектебінің өкілдері – С.Қ. Малыбаев, Т.Н. Бекенов, К.О. Оразов, Ж.М. Қуанышбаев, К.А. Омаров, И.И. Тазабеков сияқты белгілі ғалымдар, профессорлар, техника ғылымдарының докторлары; Т.Х. Хайруллин, А.А. Нәсіпқалиев, К.Г. Кәрімов, В.Н. Кучин, Н.Г. Горшкова, А.В. Рожков, Н.Т. Сағынтаев сияқты техника ғылымдарының кандидаттары, талантты, өкінішке орай өмірден ерте кеткен С.М. Әдекенов және т.б. Олардың бәрі Асылхан Нұрмұхаметұлының ғылыми жұмыстарды бағалауда жоғары талап және принциптілік байқататынын, бірақ бір мезетте жас ғалымдармен өзінің мол тәжірибесін және ақыл-кеңесімен бөлісуге, олардың диссертациялық зерттеулеріне көмек беруге тырысатынын айтады. «Табиғи дарындылық, ұйымдастырушылық қасиеттері, техникалық интуиция, айрықша теориялық білімдері – осы қасиеттердің бәрі А.Н. Данияровты іскерлік тұрғыдан анықтайды. Бір мезетте онда басқасы да – зор адамгершілік болды», – дейді академик Ә.С. Сағынов.

Өзінің қолжазбаларымен, өз шәкірттерінің, аспиранттарының ғылыми еңбектерімен күнделікті көп сағаттық жұмыстары, еңбектену, шығармашылық, тапсырылған іске жоғары жауапкершілік оның өмірінің басты мазмұны болды. Өзінің мол білімділігімен, үлкен мәдениеті және эрудициясымен, адал ниеттілігімен өзіне әр түрлі адамдарды тартатын.

А.Н. Данияров шығармашылық күшінің толыққан шағында, 58 жасында қайтыс болды. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Аппараты, Қарағанды облысының әкімшілігі, бұрынғы Одақтың бүкіл ғалымдары, олардың ішінде: Мәскеу және Санкт-Петербург мемлекеттік тау-кен университеттерінің, Тула және Солтүстік Кавказ мемлекеттік техникалық университеттерінің, Урал тау-кен институтының, Ростов на Дону қаласының техникалық университетінің, Қазақ политехникалық университетінің (қазіргі кезде – Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ), Алматы автожол институтының (қазіргі кезде – М. Тынышпаев атындағы Қазақ

көлік және коммуникациялар академиясының) ұжымдары, Қазақстанның жетекші өнеркәсіптік кәсіпорындарының басшылары және оннан астам жеделхаттар мен көңіл айтуларда оны Қазақстанның жоғары білім беру саласындағы ірі ғалым және ұйымдастырушы деп атайды. Олар А.Н. Данияровтың ерекше қасиеті - байыптылық, принциптілік, жүйелілік, жоғары мамандылық және азаматтық патриотизм екенін мәлімдейді.

Қазіргі кезде «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде жұртшылықтың Қазақстан тарихына, ғылымына, рухани өміріне және осы мәдениет иелеріне қызығушылығы артып келеді, еліміздің тарихи-мәдени құндылықтарын сақтау және дамытуға бағытталған ауқымды іс-шаралар жүргізілуде. Осыған орай, көрнекті ғалым, ғылым мен білімнің талантты ұйымдастырушысы профессор А.Н. Данияровтың естелігін мәңгі сақтау ісінде де жағымды өзгерістер болып жатқандығын атап өткен жөн, атап айтқанда, ҚарМТУ-дың «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасына оның аты берілді; университеттің «үздік» оқитын студенттеріне А.Н. Данияров атындағы стипендия беріледі; ол соңғы жылдары тұрған Ермеков көшесіндегі 73/3 үйде мемориалдық тақта орнатуға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің келісімі алынды; 2008 жылы техника ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Данияровтың ғылыми мектебі еңбектерінің циклі жаратылыстану ғылымдары бойынша үздік ғылыми зерттеулері үшін академик Қ.И. Сәтпаев атындағы мемлекеттік сыйлық алды. Осының бәрі Қарағанды облысының Әкімі Н.З. Нығматулиннің, ҚарМТУ ректоры, ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің және қаланың ғылыми жұртшылығының (ҚР ҰҒА академигі С.М. Әдекенов және т.б.), ҚарМТУ-дың Ғылыми Кеңесінің және техникалық университет түлектері ассоциациясының қоғамдық қоры (атқарушы директоры – профессор Т.С. Ынтықов), А.Н. Данияров атындағы «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің белсенді түрде қолдауымен жүріп жатыр.

Профессор А.Н. Данияровтың өмірі мен қызметі өз Отанының ғылымы мен білімін гүлдендіру ісіне қалтқысыз қызмет еткен көптеген адамдардың тағдырын бейнелейді.

Ш.Қ. ҚАШЫҚ – ҒАЛЫМ-ЭКОНОМИСТ, ТӘЛІМГЕР, ҰСТАЗ

Қашық Шағатай Қашықұлы 1925 жылы 22 қазанда Қарағанды қаласында қызметкер отбасында дүниеге келді. 1942 жылы орта мектепті аяқтағаннан кейін әскери комитет бастауыш және толық емес орта мектептің мұғалімдерін даярлау бойынша қысқа мерзімді курстарға іссапарға жіберді, ол Қарағанды облысының Қу ауданына (қазіргі Егіндібұлақ ауданына) ауылдық мектепке жіберілді. Мұғалім ретінде оған 1943 жылдың ақпанына дейін жұмыс істеуіне тура келді. Мектептерге мұғалім қажет болғанымен, Ұлы Отан соғысы майдандарындағы жайт сын көтермейтін еді: соғысқа барлық 18 жасқа толғандар және әскери қызметті атқаруға жарамды адамдар шақырылуға тиіс болды. 1943 жылы ақпанда шақырылғандар арасында Ш. Қашық та болды. Оны Ташкент артиллерия училищесіне қысқартылған оқу мерзімімен оқуға жіберді. Оқу бір жылға созылуы керек, бірақ 1943 жылы шілдеде Ш.Қ. Қашық жазылған курсанттық полкты майданға жіберді.

Осы оқиғалар туралы және кейіннен әскери әрекеттер туралы 1943-1945 жж. Ш.Қ. Қашық өз өмірбаянында толық сипаттайды. 1945 ж. ақпанда ол ауыр жараланып, Тбилиси қаласының госпиталінде емделеді де, «әскери қызметке жарамсыз» деген қорытындымен шығарылады.

Жиырма жастағы, соғыстың алапатынан өткен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен, Ұлы Отан соғысының II дәрежелі орденімен марапатталған жасөспірім мұғалім болып жұмыс істеуге, балаларды оқыту арманына қайта оралады. 1945 ж. Қарағанды мұғалімдер институтына түседі, сосын Семейдегі Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институтына «Тарих» мамандығына ауысады.

Ш.Қ. Қашық жастайынан бәрін тиянақты, үлкен талпыныспен орындауға үйренген. Ол педагогикалық институтты да үздік бітіріп, Семізбұғы орта мектебіне оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне жіберіледі, бір жыл өткен соң осы мектептің директоры болады.

Ш.Қ. Қашық он жыл бойы – 1948 жылдан 1958 жылдың тамызына дейін директор қызметін атқарды. Осы уақыт ішінде Семізбұғы орта мектебі аудандағы үздік мектептердің бірі болды, нығайды, оның материалдық базасы жақсартылды, жігерлі жас директордың талпынысымен ұйымшыл педагогикалық ұжым қалыптасты. Осы табыстары облыстық халыққа білім беру бөлімінің басшылығымен ескеріліп, Ш.Қ. Қашық аудандық білім беру бөліміне меңгеруші болып тағайындалады. Екі жылдан кейін Алматыда Қазақстан мұғалімдерінің III

сьезінің делегаты бола жүріп, ол білім саласында сіңірген еңбегі үшін «Еңбектегі ерекшелігі үшін» медалімен марапатталады.

Қазақ КСР Кеңес Одағының сол кездегі ең табысты дамып келе жатқан республикаларының бірі болды: оның әлеуеті нығая бастады, өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы қарқынды дами бастады. Қазақстан ғылымы үлкен табыстарға жетті.

Жас әрі менмен басшы – Ш.Қ. Қашықтың жүрегінде ғалым болу, Отанына экономика саласының маманы ретінде қызмет ету арманы ұялады. Балалары өсіп келе жатқан отбасының отағасы бола жүріп, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің саясат экономикасы кафедрасында сырттай аспирантураға түседі де, диссертациялық жұмысына Қазақстанның ұлттық табысын өндіру және тарату тақырыбын таңдап алып, өзі үшін жаңа пәнді зерделеуге үш жыл уақытын жұмсайды.

Ол қазақстандық ғылымның мэтрларынан – академик С.Б. Бәйішев, профессорлар С. Нейштадт, В.Н. Пуриц, А. Әшімбаевтардан білім алады. 1963 ж. желтоқсан айында аспирантурадағы оқуын аяқтап, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алуға дайындалған диссертациясын қорғауға ұсынып, сәтті қорғалады [1, 9-б.].

Жас ғалымды жоғары оқу орнында қызмет ету күтіп тұрды – ондай жоғары оқу орны да анықталды. Бұл Қарағанды политехникалық институты болды, ол кезде бұл білім ордасын жас ректор Әбілқас Сағынұлы Сағынов басқарған. Ш.Қ. Қашықов саяси экономия кафедрасына аға оқытушы ретінде алынып, кейін доцент қызметіне ауыстырылды да, КСРО ЖАК диссертациялық жұмысты бекіткеннен кейін кафедра доценті атанды. 1965 жылы оны «Саяси экономия» (кейін «Экономика теориясы») кафедрасының меңгерушісі етіп тағайындайды да, ол сонда көп жылдар бойы жетекшілік етеді.

60-70 жж. ортасы шаруашылық механизм реформаларымен, ырғағынан жаңылған әкімшілік-командалық жүйеге жаңа импульс беру әрекеттері байқалғанына көңіл аударған жөн. Бұл кезең жоғары білімді мамандарды экономикалық даярлауды жетілдіруге және экономикалық пәндер бойынша жаңа оқу бағдарламаларын құрастыруға қызығушылықтың артуымен әйгілі болды. Қоғам жаңа идеяларға, осы идеяларды алға жетелейтін және оларды практика жүзінде енгізетін білімді және бастамашыл мамандарға зәру болды.

Осындай жағдайларда жоғары оқу сапасына (оның ішінде экономикалық) талап күшейді. Кадрлық әлеуетті күшейту мақсатында Ш.Қ. Қашық бар мүмкіндікті жасады: жас оқытушыларды Киевке, Мәскеуге, Алматыға аспирантураға, біліктілігін арттыру институттарына оқуға жіберді, ғылыми зерттеумен айналысуға қызығушылығын оята отырып, олармен жұмыс істеді. Осындай күш-жігер нәтиже бермей қоймайды. Бірнеше жылдан кейін, 1970 жылға қарай саяси экономика кафедрасы өңірдегі туыстас кафедралардың социалистік жарыстарында

үздіктердің бірі болып танылды, халықаралық тасымалдау тиімділігін 100 мың сомға (сол кездерде бұл үлкен сома) анықтау жөніндегі ғылыми-зерттеу тақырыбын орындау бойынша қол қойылған келісім-шарт және жоғары дәрежеге ие болған ұйымшыл жұмысқа қабілетті ұжым болды [2, 3-б].

Кафедра оқытушылары бүкілодақтық және Республикалық ғылыми-теориялық конференцияларға қатысты, өз жұмыстарын Алматыда, Мәскеуде, Ленинградта жариялады. Ш.Қ. Қашық ҚПТИ ректоры Ә.С. Сағыновтың қолдауымен оқытушыларға және студенттерге кеңес беруге, әрі дәріс оқуға Алматыдан А. Қошановты, В.Н. Пурицаны; Мәскеуден Н.В. Козодоевты және т.б. шақырды.

1976 ж. жоғары біліктілікті мамандарды даярлау бойынша жемісті ғылыми-зерттеу қызметі үшін Ш.Қ. Қашық «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды, ал 1980 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы оның еңбегін ҚазКСР ЖК Құрмет Грамотасымен атап өтті. Жоғары білім саласындағы еңбегінің осындай жоғары бағасы 1985 жылы оның алпыс жасқа толу құрметіне – республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен атап өтілді.

Он жылға жуық (1973-1983 жж.) Ш.Қ. Қашық мемлекет пен кәсіпорын арасында ұлттық табысты тарату жөнінде ең қызықты ғылыми тақырыптың бірін жасады, ол оның докторлық диссертациясының тақырыбы болды.

1984 ж. Ш.Қ. Қашық өзінің докторлық диссертациясын Ташкент мемлекеттік университетінде қорғады. Сол уақытқа қарай олар үш монография, бірнеше ондаған мақалалар жариялады.

Кафедрада ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды, онда 1972 жылдан бастап ҚазКСР Автокөлік министрлігімен, КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігімен, КСРО Мемлекеттік құрылысымен, еңбек БҒЗЖИ және т.б. отырылған келісім-шарттар бойынша ғылыми-зерттеу тақырыптары жасалды.

Кафедра КСРО ҒА УҒО экономика институттарымен, КСРО ҒА Солтүстік Батыс бөлімінің экономика институтымен ғылыми ынтымақтастық жүргізді. Ғылыми есепті тапсырушылар ұйымдарына тапсырылды және РФ орталық кітапханасының қорларында сақталады.

Ш.Қ. Қашық уақытының көп бөлігін студент жастармен және жас оқытушылармен жұмыс істеуге бөлді [3, 11-б.].

Экономикалық теория курсының түбегейлі жаңаруы оны мойытқан жоқ: 1997 жылдан 2004 жылға дейін техникалық және экономикалық мамандық студенттері үшін үш оқулық шығарды (олардың екеуі мемлекеттік тілде). Студенттердің оның жетекшілігімен дайындаған ғылыми баяндамалары облыстық, республикалық және республика аралық конкурстарға ұсынылды.

Ш.Қ. Қашық ауылдан келген жастарға ерекше қызығушылық пен қамқорлық білдірді. Ол ауылдық аудандарда он жылдан астам мұғалім, ал кейін мектеп директоры және Аудандық ХББ меңгеруші болып жұмыс істегенде, кейде жас адамдар қалаға, ЖОО әсіресе, техникалық оқу орнында, қандай қиыншылықпен бейімделетінін, олардың тәлімгерге, кейде өздерінің мүддесін қорғаушыларға қалай зәру екендігін бәрінен жақсы білетін. Шағатай Қашықұлы өзінің ғылым докторы және профессор дәрежесіне қарамастан, жатақханалардағы кезекшілікке, қайта құрудың, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін насихаттау мен талқылауға қатысатын.

Қателерін ұқыпты және тәсілмен нұсқай білуі, анағұрлым әлсізді төмендетпей, моральдық жағынан төмендетпей тәлім беру Ш.Қ. Қашықтың мінезінің басым сипаты болды. Ол жалқа, жұмыстан қашқақтайтын, адал емес адамдарға қатал, аяусыз болды, бірақ өзінен ақыл-кеңес сұрағандарға көмектесуден бас тартқан емес. Оның экономикалық пәндерді оқыту мәселелері, оқыту әдістемесі, мемлекеттік тілде оқитын топтардағы оқу барысының ерекшеліктері жөнінде сөйлеген сөздерінің бәрі осы күнге дейін экономика теориясы кафедрасының оқытушыларының жадында.

Осы кезеңде Ш.Қ. Қашық кандидаттық диссертацияларды қорғау жөнінде мамандандырылған Кеңестің мүшесі болып сайланады да, (1998 ж.) Еуразия халықаралық экономикалық Академиясының академигі болады, мемлекеттік тілде гуманитарлық пәндер бойынша оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер дайындау жөніндегі әдістемелік кеңесті басқарады, аспиранттар мен ізденушілерге кеңес береді.

Ш.Қ. Қашықов – кафедраның оқу-әдістемелік семинар жұмысына шақырылу орталығы және қала мен облыс ЖОО барлық ғылыми форумдарында қалаулы қонақ; ол өз білімі мен тәжірибесін жастарға жомарттықпен бөліседі және қала мен облыстың қоғамдық өміріне белсене араласады. Оны Қазақстан халқы кіші Ассамблеясының мүшесі етіп сайлайды, 2004 жылы Қарағанды қаласының Құрметті азаматы атағы – бұл сексен жасқа толуына бір жыл қалғанда беріледі.

Қашық Ш.Қ. өз Отаны – Қазақстанның патриоты болды, қазақ халқының тарихын өте жақсы білді және өз тыңдаушыларының шынайы қызығушылығын тудыра отырып, өз білімімен шын жүрегімен бөлісті. Ол Президент Н.Ә.Назарбаевты қайта сайлау бойынша сайлау компаниясына қатысты [4, 5-б.].

Оның еңбектегі және ғылымдағы өмірбаяны, өмір салты – еңбек, мақсатқа жетудегі табандылық, барлық өмір жолында ризашылық сезімі мен қоршаған ортаға төзімділік, оның барлық істерінен байқалатын патриотизм – өзінің өмірлік таңдауын анықтайтын жасөспірімдер үшін тамаша үлгі.

Ш.Қ. Қашық 2006 жылы 12 ақпанда мәңгілік сапарға аттанды. Қырық жылдан астам еңбек еткен кафедрасы – экономикалық теория кафедрасына ғалымның есімі берілді. Қарағанды қалалық мәслихатының ономастика жөніндегі Комиссиясы Қарағандының Құрметті азаматының, Ұлы Отан соғысының ардагерін, экономика ғылымдарының докторын, профессорды, МЕАЕ академигі Ш.Қ. Қашықтың тұрған мекен-жайы – Ермеков көшесі, 73-ші үйде мемориалдық тақта орнатып, мәңгілік естелік қалдыруға шешім қабылдады. Бұл мемориалдық тақта 2007 жылы қарашада ашылды, кейін 2008 жылы желтоқсанда ҚарМТУ Кеңесінің шешімімен қазақ халқының осы қасиетті ұлы, патриоты, ғалымы және педагогына естелік ретінде Ш.Қ. Қашықтың мемориалдық тақтасы IV оқу ғимаратында Экономика теориясы (бүгінгі күні – Кәсіпорын менеджменті) кафедрасының жанынан ашылды.

И.В. Брейдо,
Қарағанды техникалық университетінің
ӨПА кафедрасының меңгерушісі,
профессор, т.ғ.д.
e-mail: jbreido@mail.ru

В.Ф. БЫРЬКА – ҒАЛЫМ, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ, ҰСТАЗ

Орталық Қазақстанда автоматика, есептеуіш техника, ақпараттық және басқару жүйелері саласындағы ғылыми мектептің қалыптасуы және дамуы профессор, техника ғылымдарының докторы Владимир Филиппович Бырькамен тығыз байланысты.

Барлық еңбек және ғылыми қызметін Бырька В.Ф. тау-кен өнеркәсібі үшін білікті инженерлерді даярлауға, шахталарды автоматтандыру мен телемеханикаландырудың ғылыми негіздерін әзірлеуге, кен өндіру кәсіпорындарында және өнеркәсіптің басқа салаларында өндірістік процестерді кешенді механикаландыру мен автоматтандыру құралдарын жасауға және ендіруге арнады.



**Владимир Филиппович
Бырька (1927-3997)**

Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтының (ҚҒЗКИ) автоматика және телемеханика бөлімінің бастығы, өндірістік процестерді автоматтандыру кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды политехникалық институтының ғылыми және оқу ісі жөніндегі проректоры, 170 ғылыми еңбектің және 30 өнертабыстың авторы, 30 ғылым кандидаты мен докторын даярлады, Еңбек Қызыл Ту орденімен екі мәрте марапатталды.

Бұл ресми өмірбаянының бірнеше жұпыны жолдары ғана, бірақ оларда ондаған жылдар бойы үздіксіз қарбаласқан, шығармашылық еңбек шоғырланған.

Владимир Филиппович Бырька 1927 ж. 20 желтоқсанда Украинаның Луганская облысының Верхний қаласында туылған.

В.Ф. Бырьканың отбасы Украинада оккупацияда болды. Сол жерде 1942 ж. Владимирдің әпкесі Вера қайғылы жағдайға ұшырады. Он бес жастағы бозбала 1942 ж. Қызыл Әскер ұшағы қаланың үстінен тастаған листовкаларды жинағаны үшін гестапомен тұтқынға алынды. Володяның жолдасын атып тастағанда, оның тірі қалғаны таң қаларлық: ол үсті-басы көгеріп, өкпесіне суық тигізіп, үйіне оралды.

1943 ж. Батыс Донбасты оккупациядан босатқан соң Владимир Бырька Лисичанск тау-кен техникумына «Тау-кен электрмеханикасы» мамандығына оқуға түсті. Оны бітірген соң 1947 ж. Киев политехникалық

институтының электрмеханикалық факультетіне түсіп, оны 1952 ж. «Тау-кен инженер-электр-механигі» біліктілігімен бітіреді.

Қабілетті студентке жұмыстары шахталар мен кеніштердің тұрақты қондырғыларының электр жетегіне арналған, белгілі ғалым-электрмеханик, профессор Е.Я. Иванченконың назары түседі, ол В. Бырькаға институттан кейін аспирантураға түсуді ұсынды. Аспирант В. Бырька жер асты шахта көлігін автоматтандыру проблемаларымен сәтті және мақсатты айналысты. Сол кезеңде туындаған шеткі автоматтар мен реле-түйіспелік сұлбалар теориясының бастамаларын меңгеріп, ол жарылыс қауіпті көмір шахталары жағдайларында электровоз көлігі үшін қолданылып жүрген сигнал беру, орталықтандыру және блоктау жүйелерін әзірледі.

1956 ж. аспирантураны бітірген соң В.Ф. Бырьканы Қарағанды тау-кен институтының ректоры Ә.С. Сағыновтың тапсырысы бойынша Қарағандыға жібереді, онда жас ғалым тау-кен электрмеханикасы кафедрасының аға оқытушысы лауазымына конкурс бойынша өтті.

1958 ж. мамырда ол Харьков тау-кен институтының Ғылыми Кеңесінде кандидаттық диссертациясын қорғайды, ал осы жылдың қараша айында ҚҒЗКИ институтының директоры Г.Е. Иванченконың ұсынысын қабылдап, салалық көмір институтына автоматика және телемеханика бөлімінің бастығы лауазымына ауысады.

Өмірінің 1958 жылдан 1966 жылға дейінгі кезеңі – салалық ҒЗИ-да жұмыс істеген жылдары, онда Владимир Филипповичтің ұйымдастыру таланты толығымен ашылды, теңдессіз инженерлік және ғылыми қабілеттері айқындалды. В.Ф. Бырька басқарған ҚҒЗКИ институтының автоматика және телемеханика бөлімі қысқа мерзім ішінде еліміздің тау-кен өнеркәсібінің дамуына маңызды үлес қосқан ғылыми жұмыскерлер мен конструкторлардың жемісті ұжымына айналды.

Жас, талантты инженерлер командасы Қарағанды шахталарын және еліміздің басқа көмір бассейндерін автоматтандыру және телемеханикаландырудың өзекті проблемаларын шешуге батыл кірісті. Қысқа мерзім ішінде олар патенттер, авторлық куәліктер, ХШЖК дипломдары берілген таң қаларлық ғылыми-техникалық нәтижелерге қол жеткізді. Ең бастысы, әзірлемелер өндіріске ендіріліп, техника-экономикалық нәтижелерге қол жеткізіле бастады. Бөлім бастығының еңбектері бірінші Еңбек Қызыл Ту орденімен атап өтілді.

Кейіннен оның шәкірттерінің ең үздіктері техника ғылымдарының докторлары мен кандидаттары, өнеркәсіптің әр түрлі саласын автоматтандыру саласындағы ірі мамандар атанды. Олардың арасында Мұқанов Д.М., Когай Л.И. Ақылбеков З.Ж., Аракелов В.Н., Донис В.К., Зубов Б.С., Ибикус У.Ю., Карасёв Н.И., Кузьменко А.П., Ланге М.В., Левидов Ю.С., Маркус Г.О., Местер И.М., Новиков С.А., Протасов Е.Н., Ребров Н.И., Рогозов В.В., Савченко В.Л., Стройковский А.К. болды.

1966 ж. қазанда В.Ф. Бырька ректор Ә.С. Сағыновтың шақыртуымен Қарағанды политехникалық институтының «Өндірістік процестерді автоматтандыру» кафедрасына меңгерушісі болып ауысады, дәлірек айтқанда, қайтып келеді.

Педагогикалық және ғылыми ұжымды қалыптастырудағы күйбені көп, көзге көрінбейтін, күнделікті жұмыс қайта басталды. Кейіннен оның белгілі оқытушы, белгілі ғалым, маман болған көптеген шәкірттері көшбасшыларының ізімен салалық институттан кафедраға ауысты.

Осы жерде олар институттың аса беделді мамандықтарының бірі болған, «Тау-кен автоматикасы» атауымен белгілі «Жер асты тау-кен жұмыстарын электрлендіру және автоматтандыру» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік және зертханалық базаны құрды.

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, оқу ісі жөніндегі проректор лауазымдары, онымен параллель кафедра меңгерушісінің жұмысы, докторлық диссертациясын сәтті қорғау және жаңа қамқорлықтар.

Бұл жылдары академик Ә.С. Сағыновтың басшылығымен институт бүкіл Одаққа танылды, академиктің жанында үнемі В.Ф. Бырька еңбек етті.

Профессор В.Ф. Бырьканың күшімен институт Қазақстандағы технологиялық және ұйымдастыру-экономикалық процестерді автоматтандыру проблемалары бойынша жоғары ғылыми білікті кадрларды даярлаудың жетекші ғылыми-әдістемелік орталығы болды. Осы кезеңде ЖОО электрондық-есептеуіш машиналардың бірыңғай модельдерінің базасында оқу және тәрбие процестерін компьютерлендірудің сол кездегі жоғары түріне қол жеткізді және республикада ақпараттық жүйелер мен технологияларды дамыту бойынша жетекші орынды иеленді.

В.Ф. Бырька көптеген жылдар бойы Қазақстанның жоғары мектебін басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің бас конструкторы болып табылды, ал институттың есептеу орталығы оның басшылығымен барлық пайдаланушылар үшін жоғары сенімділікті, өміршеңдікті және қолайлылықты көрсеткен, ұжымдық пайдаланудың ақпараттық аса жетілген жүйесі болды.

Проф. В.Ф. Бырьканың ғылыми жетекшілігімен 30 аспирант пен ізденуші кандидаттық және докторлық диссертацияларын орындап, қорғады. Оның Жоғары мектепті дамытудағы еңбегі екінші Еңбек Қызыл Ту орденімен атап өтілді.

Туған кафедрасы үшін де көп істер атқарылды. Кафедраның арнайы пәндер бойынша оқу зертханалары қосымша толықтырылды және жаңа зертханалар құрылды. Автоматтандырылған электр жетегі, микропроцессорлық және түрлендіргіш техника зертханалары ашылды. Қарағандыдағы тұңғыш дербес компьютерлер класы ұйымдастырылды. Құрылған оқу-әдістемелік және зертханалық база 1988 жылы жоғары білім

мамандықтарының жаңа топтастырғышына сәйкес енгізілген, «Электр жетегі және өнеркәсіптік қондырғылар мен технологиялық кешендерді автоматтандыру» кең бейінді мамандығы бойынша инженерлер даярлауға ауысуға мүмкіндік берді.

Өндірістік процестерді автоматтандыру кафедрасының базасында осы уақыт кезеңінде ақпараттық-есептеуіш техника және автоматтандырылған ақпараттық жүйелер кафедралары құрылды, олар кейінірек құрылған ақпараттық технологиялар факультетінде негізгі кафедралар болды.

Денсаулығы нашарлап, демікпе ауруы мазасын алса да, институт пен кафедраның проблемалары үнемі басты орында тұрды. Владимир Филиппович өмірінің соңғы күніне дейін еңбек етті.

Оның артында шәкірттері – ғылым докторлары мен кандидаттары, өндіріс басшылары, кәсіпқой инженерлер, оның есімімен аталатын кафедрасы қалды. Қазіргі уақытта Владимир Филиппович Бырьканың көптеген шәкірттері мемлекеттік құрылымдарда, өндірісте, жоғары оқу орындарында жетекші орындарға ие. Кафедра түлектері Қазақстан мен Ресей кәсіпорындарында, АҚШ, Австралия, Германия, Израильдің ғылыми-зерттеу институттарында және ғылыми-өндірістік фирмаларда сәтті еңбек етуде.

Проф. В.Ф. Бырька атындағы «Өндірістік процестерді автоматтандыру» кафедрасы Қазақстанның білім беру кеңістігіндегі өзінің ұстанымдарын сақтады және нығайтты.

Кафедра бакалавриат пен магистратураның «Автоматтандыру және басқару» және «Электр энергетикасы» мамандықтары бойынша түлектер даярлайды, оның шеңберінде электрондық, микропроцессорлық және түрлендіргіш техника, электр жетегі, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар, автоматтандыру құралдары мен жүйелері саласында терең білімді иеленген, кең бейінді мамандар даярланады.

Кафедра жанында «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша PhD докторантурасы ашылған. Кафедра халықаралық білім беру жобаларына және ғылыми қызметке белсене қатысады. Меншікті әзірлемелер және әлемдік жетекші өндірушілер жабдықтарының негізінде теңдессіз оқу-зертханалық база құрылған, ол көптеген ұстанымдар бойынша ТМД аумағындағы ең үздік базалардың бірі болып табылады.

Профессор Бырьканың жетекшілігімен басталған Қазақстан Республикасында, ТМД-да және алыс шетелде танылған қызметтің әр түрлі салаларындағы интеллектуалдық ақпараттық технологияларға арналған аппараттық және программалық құралдарды құру бойынша жұмыстар сәтті дамып келеді.

Кафедра оқытушылары оқытуды, тәрбиелеуді, ғылыми жұмысты жүргізуді, өз әзірлемелерін өнеркәсіпке ендіруді жалғастырып келеді және олар үшін Владимир Филиппович Бырька үлгі-өнеге болады.

БАТТАҚОВ СҮЙІНДІК БАТТАҚҰЛЫ – ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГ

Баттақов Сүйіндік Баттақұлы, 1939 жылдың 1 қаңтарында Қарағанды облысы Нұра ауданының Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1957 жылы Қарағанды тау-кен институтына «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығына оқуға түсті. 1960 жылы Қарағанды политехникалық институтының (ҚПТИ) ең үздік студенттерінің қатарында оқуын жалғастыру үшін Ленинград инженерлік – құрылыс институтына (ЛИҚИ) жолдама алды. ЛИҚИ бітірген соң 1962 жылдан бастап 1964 жылға дейін ҚПТИ материалдар кедергісі кафедрасында ассистент болып жұмыс істеді. 1964 жылдан бастап 1968 жылға дейін ЛИҚИ мақсатты аспирантурасында оқыды. 1968-1970 жж. машықтанушы-зерттеуші. 1971 жылы Баттақов С.Б. техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертацияны сәтті қорғап шықты. 1970 жылдан 1972 жылға дейін материалдар кедергісі кафедрасының аға оқытушысы, ал 1972 жылдан 1976 жылға дейін доценті болып қызмет етті. 1976 жылдан бастап 1987 жылға дейін осы кафедраны басқарды. 1987 жылдан бастап 1990 жылға дейін докторантурада оқыды. 1990-1997 жж. аралығында құрылыс материалдарымен бұйымдары технологиясы кафедрасын басқарды. 1990 жылдан бастап 1997 жылға дейін институттың Ғылыми кеңесі Баттақовты С.Б. инженерлік-құрылыс факультетінің деканы етіп сайлады. Факультет деканы лауазымында 1990 жылға дейін қызмет атқарды. 1993 жылдан 2003 жылға дейін ЦМБТ кафедрасының профессоры. С.Б. Баттақов жоғары білікті инженерлік кадрларды даярлау бойынша үлкен мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізді. Ұзақ уақыт бойы кафедралармен ИҚФ деканатын басқарды, оқулық, материалдық және ғылыми базаны нығайтуға оқытушылардың біліктілігін жоғарылату, оқу процесін жетілдіру бойынша көп еңбек етті. С.Б. Баттақов – елімізде тұтас орталар механикасы және теориялық материалтану саласының жетекші ғалымдарының бірі болды, 100-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектердің, соның ішінде «Материалдар кедергісі», «Құрылыс материалдары» оқулықтардың мемлекеттік тілде «Высокоалитовый портландцемент из нетрадиционного сырья» монографиясының авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен төрт кандидаттық диссертация сәтті қорғалды. Ұзақ және жемісті ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі үшін С.Б. Баттақов бірнеше рет құрмет грамоталарымен, үздік белгілерімен және алғыс хаттармен марапатталды. 8 Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен «Механика» кафедрасының «Материалдар кедергісі» зертханасына профессор С.Б. Баттақовтың аты берілді.

Өткен күндердің белгісі қандай ыстық

Сүйіндік Баттақұлы туралы естелік жазу мен үшін өте қиын шаруа екенін білсемде, жастық шақтың періштедей куәсі болған қайран достың көз алдымызда өткен ұлағатты өмірінің кейбір тұстарынан ой жаңғыртқанды жөн көрдім. Біздің жақын танысып, думанды кештер мен қызықты күндерді жиі бірге өткізуіміз институттың алғашқы курстарында басталған еді. Екеуімізде ол кезде институт жатақханасында тұрамыз. Мен одан бір курс жоғары оқыдым, бірақ жас жағынан ол менен бірер көйлекті бұрынырақ тоздырған болып шықты. Біздерді пікірлес достыққа әкелген себептің басы- екеуімізде қыр баласы болғандықтан, өмірге көзқарасымыз бен түсінік деңгейіміз онша алшақ болмайтын. Сол кездегі оқу орындарының жастары бір бірімен тығыз қарым қатынаста жүретін. Оған Гагарин алаңында жиі өтетін фестивалдар мен жоғары оқу орындары жатақханаларында өтетін сауық кештері ұйытқы болатын. Ал жастардың ән- күй, биге әуестігі басымырақ көрінетін. Сондықтан болар институт немесе факультет көркем өнер үйірмелеріне жаппай қатысатынбыз. Сүйіндік болса, ол кезде институт хорында ән бастаушының бірі болатын. Осындай, өзі әнші, өзі сері, сырықтай бойлы, аққұба сұлу жігіт қала бойжеткендерінің ұйқысын қашырып жүрген. Сәтті күндердің бірінде институтымыздың бір сұлуының көзіне ілікпесі бар емеспе. Ол бойжеткен менің таныс құрбымның досы болып шықты. Қыз тарапынан махаббат отының лаулағаны сондай, ол тіпті дерт шалғандай, дұрыс тамақ ішіп, ұйқы күлкі көруден қала жаздағандай болған соң достар болып олардың тезірек үй болуларын қалаған едік, көп кешікпей ол үмітімізде ақталды. Тату тәтті екеуі құрған жанұяда екі сәби дүниеге келді. Олар институтты бітіріп, бірі институттың «Материалдар кедергісі» кафедрасында педагогтық жұмыста қалса, отағасы Ленинградтың құрылыс институтының аспирантурасына ғылым қуып, оқуға аттанды. Осылайша тамаша басталған екі жас тағдырының арты көп кешікпей үлкен драмаға ұласты. Нағашы атасының қолында тәрбиеленіп жүрген қыз баласы кенеттен аурып қайтыс болды. Қарағандыда демалыста жүрген күндердің бірінде Сүйіндіктің өзі де ауыр жол апатына ұшырады. Осы апат кезінде ер баласынан айрылды және өзі де хирургтің қолына түсіп, ұзақ уақыт жасалған операциядан кейін әрең қатарға қосылды. Тағдырдың тәлкегі онымен де тынбады. Көп 20 21 кешікпей жүрекке жасалған операция үстінде аяулы жарынан да айрылды. Бірақ Сүйіндік осы қайғы- қасіреттің бәрін жеңіп шықты. Зерттеп жүрген жұмысын сәтті аяқтап, Ленинград құрылыс институтында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ғылым кандидаты дәрежесінде Қарағандыға оралған ол, құрылыс факультетінің

сан қилы оқу- әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыстарына белсене кірісіп кетті. Осы кездегі факультет деканы Сапа Үмбеталиннің сенімді де іскер серігі болды. Көптеген жылдар «Материалдар кедергісі» кафедрасын басқарды. С Үмбеталин демалысқа кетерде орнына Сүйіндікті лайық көрді. Кейіннен «Құрылыс материалдары мен бұйымдары технологиясы» кафедрасының ұзақ жыл меңгерушісі болды. Айтылған ұжымдарды басқарудың басты шарты білікті мамандарды топтастыру деп білді. Осындай мақсатпен Мәскеу, Ленинград қалаларында білім алған, өзі жақсы білетін көптеген маман-кандидаттарды институт жұмысына жұмылдырды. Оның осы қалаларда оқитын жастар арасындағы беделінің зор екенін 1966 жылы Ленин қаласына барған бір іссапар кезінде байқаған едім. Ленинградта болуым бірінші рет. Сондықтан Сүйіндік екеуіміз тығыз кесте жасап алдықта алда болатын 10 күн ішінде қалада біз көруімізге тиісті музейлер, ғимараттар, Ленин қаласы маңындағы қалашықтар, сол сыяқты басқада оқу орындарының жетістіктерімен танысуды мақсат тұттық. Осы күндер ішінде Сүйіндік менің қасымда болып, бар ықыласымен достық көңілін білдірген еді. Сол кезде Ленинградта жүрген Мұрат Әуэзов басқарған «Жас тұлпар» ұйымының мүшелерімен де таныстырған еді. Ленин қаласында ол жемісті еңбек етіп, ғылыми табыстарға жетті. Осынша ұзақ зерттеуге көңіл бөліп жүрген нысанаң не? - деген сұрағымызға: «Бетон және қоспалар иінін қандыру формуласын тауып берсембе екен деген» талпыныс қой дейтін. Бұл салада да үлкен жаңалықтар ашты. Көптеген шәкірттер дайындады. Олардың бәрі де факультетті ілгері дамытуға ұтымды үлестерін қосты. Кейбіреулері сол факультеттің кафедра меңгерушілігіне дейін өсті. Өзі де оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ересен шебері дәрежесіне көтерілді. Жұмыс барысында қандай мәселелерді талқылау керек болса, оған бар ынтасын сала кірісетін. Әсіресе ғылыми Кеңес талқысына түсетін мәселелерді егжей - текжейіне дейін қадағалап, ұтымды шешімдер тапқанша тағат таппайтын. Пікір таласта жеңілісті жаны сүймейтін. Солай бола тұра, пейілі кең, жастарға үлкен қамқоршы еді. Оны университет ұжымы, әріптестері мен студенттер қауымы қатты сыйлайтын. Өмірінің соңғы кезеңдері бақытты өтті деуге болады. Семья құрды, сәбилер сүйді. Қазіргі таңда ұлы мен қыз балалары өз алдына жеке -жеке семьялардың басы, еліне қадірлі, белгілі адамдар. Сүйіндіктің туыстары да биязы, мейрімді, білімді азаматтар болды. Ағасы Дуантай мен інісі Еркін жоғары деңгейдегі мамандар қатарында үлкен істер тындырып, облыс, қала жұртшылығының құрметіне бөленген жандар еді. Осындай далалық перзент болып дүние есігін ашқан досымыз, артында өшпес мұра, үрім бұтақ, даңғыл іздер қалдырды. Жатқан жерің жарық, иманды бол! Арттағы ұрпағына өзің жасай алмаған жасты жасауға, аяқтай алмаған істеріңді жалғастыра беруге жазсын

Қарағанды ғалымдары Қос ғылымды тел емген

Техникалық жоғары оқу орындары студенттердің арасында «сопроматты тапсырған соң үйлене беруге болады» деген сөз бар.

Сопромат (сопротивление материалов), яғни материалдар кедергісі пәндер ішіндегі қиынның қиыны деп есептелетін және жоғары математика мен «термехтен» (теориялық механика) кейінгі базалық пән болып табылатын. Болашақ инженерлерге, әсіресе, конструкторлар мен жобалаушыларға аса қажет ілім. Бірақ түсініп оқыған адамға, мектептен жақсы дайындығы бар студентке одан қисынды пән жоқ. Екі-үш «этажды» формулаларын шешіп тастап, эпюрлары (материалдар деформациясының қағаз бетіндегі кескіні) үйлесіп жатса, талап қылушының жаны ләззат табады. Сүйіндік Баттақов сол кездегі Нұра ауданына қарасты Ынтымақ аулында туып-өсіп, мектепті бітіргеннен кейін Қарағандының тау-кен институтының құрылыс факультетіне түскенде жоғарыда аталған пәндердің бәрін «шөмішкедей шағады». Таудай талабын таныған ұстаздары, ректор Ә.Сағынов оны сол кезде Одақтағы ғылым-білімнің ірі ордасы болып саналатын Ленинград қаласындағы Инженерлік-құрылыс институтына оқуға жіберуге ұсыныс жасағанда бас тартқан жоқ. Өйткені, өнер-білімге құштар бұл отбасында ағасы Дуантай сол кездің өзінде Мәскеудің ең беделді оқу 35 орындарының бірі – Бауман атындағы жоғары техникалық училищесінде оқып жүрген. Мұндай оқу орнын бітіріп келген қазақ жастары ол кезде саусақпен санарлық еді. Сондықтан оларды институт өздеріне алып қалып, бірден ғылыми-педагогикалық жұмыстарға баулитын. Сөйтіп, Сүйіндік 1962 жылы политехтің материалдар кедергісі кафедрасына оқытушы болып қабылданып, ұстаздық қызметін бастайды.

Кейін Нева жағалауындағы қалада, өзі оқыған институттың аспиранты болып қабылданып, кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Тақырыбы «сопромат» пен өзінің негізгі мамандығы – құрылыс материалдары технологиясын бірдей қамтыды, яғни цемент пен клинкердің беріктік, деформациялық қасиеттерін зерттеуге арналған еді.

Осы екі ғылымды ол қос ананың емшегіндей тел емді, бүкіл саналы өміріне азық болды. Олай дейтініміз, Политехникалық институтта 1976-1987 жылдары 11 жыл бойы «Материалдар кедергісі» кафедрасын, ал 1990-1997 жылдары «Құрылыс материалдары мен бұйымдары технологиясы» кафедрасын басқарды. 1993-1999 жылдары инженерлік-құрылыс факультетінің деканы қызметін қоса атқарды, кейін соңғы кафедраның профессоры болды. Сүйекең институтта жоғары кәсіби инженер кадрларын даярлауға өлшеусіз үлес қосты. Қырық жылдан астам ұстаздық еткенде мыңдаған шәкірттер даярлап шығарды. Оның

жетекшілігімен үш жігіт кандидаттық диссертация қорғады. 100-ден астам ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектердің авторы. КСРО еңбек сіңірген өнертапқышы атағының иегері. – Құрылыс – адамзат баласының өмірлік серігі, - деп толғанады Сүйекеңмен қызметтес болған әріптесі, техника ғылымдарының докторы, «Құрылыс материалдары және бұйымдары технологиясы» кафедрасының профессоры Жұмагелді Байжанов. - Қай заманда болсын жаңа құрылыс салмай немесе ескіні жаңартпай отыра алмайды. Кейінгі жылдары құрылыс индустриясы саласында қаншама жаңалықтар жасалып жатыр. Сүйекең де бұған өз үлесін қоса білді.

Портландцемент алудың жолдары туралы көлемді монографиясы жарық көрді. Бір әттеген-ай докторлық диссертациясын қорғауға ғұмыры жетпеді.

Оны шәкірттері аса құрметтеп, «мэтр» деп атаушы еді. Мэтр (французша maitre) – мұғалім, ұстаз, яғни ғылым, өнер немесе әдебиет саласында аса зор дарын мен білімі бар адамның құрметті атауы, делінеді шетелдік сөздер анықтамалығында. Ендеше ұстаз үшін шәкірттерінің мұндай бағасынан артық қандай марапат болмақ?! Сүйекеңнің ғылымдағы екінші қыры туралы көп жылдар «Материалдар кедергісі» кафедрасында қызмет істеген, қазір «Жоғары математика» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы Серікбай Тутанов былай әңгімелейді: – Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алып, біздің политехта да кадрларды қазақ тілінде даярлау қолға алынған сонау сексенінші жылдардың соңында Сүйекең де ана тілімізде оқулықтарды шығаруға белсене араласты. Ол өз кафедрасы бойынша «Құрылыс материалдары» оқулығын қазақшалаумен қатар біздің кафедра дайындап жатқан «Материалдар кедергісі» пәнінің 36 оқулығын шығаруға да атсалысты. Осы кафедраның бұрынғы меңгерушісі, әрі ірі маман ретінде ол авторлар ұжымына (Е.Ақбасов, Т.Даникина, Т.Жетпісов, С.Тутанов) үлкен көмек көрсетіп, өзі де бір тарауын жазып берді. Рас, бұл салада алғашқы оқулық 1986 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген еді, авторлары М.Үркімбаев пен С.Жүнісбеков. Оқуға қолайлы, тілі жатық болғанмен, ол жоғары оқу орнына қажетті «материалдар кедергісі» курсы толтық қамти алмады және тиражы да аз болды. Жаңа оқулықта тақырып неғұрлым кеңірек, ауқымды қамтылды.

Материалдар кедергісі /қарсылығы туралы жоғары оқу орындарының бағдарламасы бойынша жан-жақты әңгіме қозғалды. Сөйтіп, Қарағанды политехникалық институтының ұстаздары осы уақытқа дейін ешкімнің тісі батпай жүрген «сопроматты» Республикада бірінші болып қазақ тілінде сайратты. Бүгінде созылу мен сығылу, бұралу мен иілу, ығысу деформациялары, кернеу мен тербеліс, серпімді деформация, күрделі қарсыласу сияқты сөздер ғылыми айналысқа берік еніп, қазақ студенттері арасында үйреншікті терминдеріне айналды. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеттің А.Ғазалиев ректор болып келгелі бұрынғы басшылары, Социалистік Еңбек Ері Ә.Сағынов пен оның серіктестерінің

еңбегін елеп, есімдерін мәңгі есте қалдыру ісі жақсы үрдіске айналып отыр. Тұңғыш ректордың ескерткішін орнату қозғалысы өріс алды, университеттің белді 11 профессорына мемориалдық тақта орнатылды.

Осы жұмысты үйлестіріп отыру үшін профессор Т.Інтықов басқаратын ҚарМТУ түлектері мен оқытушылары қауымдастығының қоғамдық қоры құрылған. Қор дирекциясының университетте 40 жылдан астам еңбек еткен ұлағатты ұстаз, білікті ғалым, тамаша азамат Сүйіндік Баттақовтың (1939-2004) есімін мәңгі еске қалдыру жөніндегі ұсынысы бірауыздан қолдау тапты. Сонымен, ертең 11 желтоқсан күні С.Баттақов еңбек еткен, қазір біріктірілген «Механика» кафедрасының «Материалдар қарсылығы» зертханасында ғалымның мемориалдық тақтасы орнатылып, есімі зертханаға берілетін болады.

Н.Ф. ГРАЩЕНКОВ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Н.Ф. Гращенко – ғалым, әрі педагог, тау-кен ісі саласындағы ірі маман – техника ғылымдарының докторы, профессор. Ғылыми жетістіктер саласы – көмір шахталарында тұйықтық қазбаларды желдетудің қауіпсіз параметрлерін негіздеу және үңгілеу бойынша жаңа технологиялық тәсімдер жасау.



Н.Ф. Гращенко 1929 жылы 4 ақпанда Смоленск облысының Духовщинск ауданында Сушево ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Балалық шағы адамзат үшін ең қатерлі сынақ – Гращенко (1929-2006) соғыстың ызғарына шалынады. 1941 жылы оның әкесі майданға аттанады. Шешесі бес кішкене баласымен 1941 жылдан бастап 1943 жылға дейін басқыншылықта қалады. 1943 жылы 14 жасында фашистер жұмыс күші ретінде батысқа айдауға жібереді. Николай Отанына – Смоленск облысы Духовщина қаласына тек 1945 жылы ғана қайтуға мүмкіндік алады. Туған ауылы түгелдей өртеніп кеткен. Бақытына қарай, сұрапыл жылдары әкесі де, шешесі де аман қалды, ата-анасы оны астан-кестен уақытқа қарамастан, одан әрі оқуға көндірді.

1950 жылы Николай Гращенко мектепті алтын медальмен бітіреді, бұл – мақсаттылықтың, мақсатқа бағыттылықтың және білім мен дүниетануға үлкен талпыныстың куәсі.

Мектепте оқып жүрген кездің өзінде, әрі қарай қайда оқуға түсу керек екендігін ойлайтын. Құжаттарын Жоғары теңіз байланысы училищесіне, Рига теңіз училищесіне жібереді [1, 7-9 б.]. Училищеге оны денсаулығына байланысты (соғыс жылдарындағы аштық және басқындық аймақта болуы әсер етеді) оқуға алмайды.

Мәскеу тау-кен институтына медалист ретінде кеңесуден кейін түседі. Студенттік өмір басталады. Жеңіл атлетикамен және волейболмен айналысады. Бірақ үнемі ақшаны қайда жұмсау керектігін – жатақханаға төлеуге ме, бәтеңке сатып алып, бірақ кешкі тамақты күнара ішемін бе немесе тәпішкемен жүремін бе деп ойлау керек болды. 2-курстан кейін Бобруйскіде жазғы әскери жиындар болды, одан әрі – практика, Сталин облысы «Красноармейскуголь» тресінің №17-18 шахтасында кен қазушы болып жұмыс істеді, екі аптада 462 сом тауып, отбасы қажетіне жаратты.

Келесі практикалары Кемерово облысы Копейск қаласында Осинникте өтті. 1954 жылы жазда «Западуголь» ӨБ №27 шахтасында тау-кен шебері болып істеді.

Диплом алдындағы практика тау-кен инженерінің тағдырын анықтап, Қазақстан даласына деген сүйіспеншілігін оятқан Қарағанды қаласындағы № 20 шахтада желдету учаскесінде өтті.

1955 жылы Н.Ф. Гращенков институтты аяқтағаннан кейін, Аэрология және Еңбек қорғау кафедрасының меңгерушісі А.И. Ксенофонтова оған аспирантурада оқуды ұсынды.

Бұл жылдары ММИ Аэрология және еңбек қорғау кафедрасында академик А.А. Скочинский, профессор А.И. Ксенофонтова, профессор Е.С. Чендлер, доценттер А.А. Харев, С.Я. Хейфиц, К.А. Шильников, К.З. Ушаков, А.С. Бурчаков, ассистент А.Д. Климанов, ассистент В.С. Орехов жұмыс істеді, олар аспиранттың ғылыми қызметінің негізін анықтады.

Оған доцент Анатолий Семенович Бурчаков ерекше көңіл бөлді, ол кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін кафедрада қалған және шахталардағы шаңмен күресу саласындағы маман болатын. Ол аспирант Н.Ф. Гращенковқа теориялық бөлімнен және эксперименттер қоюдан көмектеседі. 50-ші жылдары кафедраның газодинамикалық зерттеулерінің жаңа бағыты – үздіксіз газ бөліну және онымен байланысты өндірудегі газ тасымалдау динамикасын зерттеу қабылданды.

Нәтижесінде газды шахталар үшін ауа мөлшерін есептеудің «забой бойы әдісі» деп аталатын жаңа әдісі жасалды. Бұл әдіс Қарағанды бассейні шахталарында 1957-1958 жж. сынамаланды, ол кезде кафедра Қарағанды шахталарында тұйық қазбаларға газ бөлінуге зерттеу жүргізді (А.И. Ксенофонтова, А.С. Бурчаков, В.С. Орехов, Н.Ф. Гращенков, В.М. Маляревский). Нәтижелері «Қарағандының көмір бассейндеріндегі газды шахталарында ауа мен депрессия мөлшерін есептеу жөніндегі нұсқаулық» (ММИ, 1960 ж.) және «Қарағандының газды шахталарында ұзын созылыңқы дайындық қазбаларын желдетуді есептеу жөніндегі нұсқаулық» (ММИ – Қарағанды көмір» комбинаты 1960 ж.) деп аталатын жұмыстарда көрініс тапты, олар қазіргі кезде де өзектілігін жойған жоқ.

50-жылдардың аяғында Н.Ф. Гращенков көмір шахталарында шаң факторы бойынша қопару жұмыстарынан кейін дайындық забойларын желдету бойынша зерттеулер жүргізді.

Осы жұмыстардың қорытындысы академик А.А. Скочинскийдің ғылыми жетекшілігімен дайындалған және 1958 ж. табыспен қорғалған кандидаттық диссертациясы болды.

Ірі ғалым және ғылымды талантты ұйымдастырушы, КСРО ҒА академигі профессор Александр Александрович Скочинский және оның шәкірті профессор Анна Ивановна Ксенофонтова болашақ ғалымның тағдырын алдын-ала анықтап, ғылыми әлемде өміршеңдіктің негізін салып берді. КСРО-ның осы көрнекті ғалымдарымен тау-кен ісі саласында

жұмыс істей жүріп, Николай Федорович ғалым ретінде ғана емес, тамаша әдіскер және аналитик ретінде де қалыптасты [2, 30-33 б.].

1958 жылы Николай Федорович Қарағанды тау-кен институтында жұмысқа кірісті. А.А. Скочинскийдің мектебі Қарағандыда тау-кен ісінде еңбек қауіпсіздігі саласында ғылыми база жасауға мүмкіндік берді.

Н.Ф. Гращенковтың ғылыми жетістіктерінің негізгі саласы көмір шахталарында тұйық қазбаларды желдетудің қауіпсіз параметрлерін негіздеу және үңгілеу бойынша жаңа технологиялық схема жасау болып табылды. Бұл бағыттағы зерттеулер техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін іздену диссертациясын қорғаумен және кеніштік желдету жөніндегі анықтамалық құжаттарды жариялаумен аяқталды, ол бірнеше рет басылым көрді, ал мазмұны бүгінгі күнде де өзекті, әрі қажетті.

1972 жылы Н.Ф.Гращенков докторлық диссертациясын тұрғылықты «политехшілер» ішінде, Ә.С. Сағынов, А.Ф. Кичигин, М.П. Тонконогов және В.Ф. Бырька сияқты белгілі және іргелі ғалымдарды алдыға салып, жетінші болып қорғады.

Осының бәрі – профессор Н.Ф. Гращенковтың үлкен ғылыми деңгейінің куәсі.

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Ә.С. Сағыновтың ұсынысы бойынша 1962 жылы «Кеніштік аэрология және еңбек қорғау» кафедрасын 33 жастағы ғылым кандидаты Н.Ф. Гращенков басқарды, ол кафедраның даму болашағы тек оқу-әдістемелік жұмыспен ғана емес, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де байланысты екенін түсінді, осының айғағындай, талантты, еңбекке қабілетті ғалымның маңайында пікірлестері – шәкірттері мен әріптестері тоғысты. Профессор Н.Ф. Гращенков 45 жылдық ғылыми жұмысы ішінде 50-ден астам ғылымдар кандидаты мен докторын дайындады, олардың көбі бүгінгі күні ЖОО-да, кәсіпорындарда, Қазақстан мен Ресей министрліктерінде басқарушы орындарда. Осы жылдар ішінде 200-ден астам ғылыми еңбек, 3 монография шығарылды, өнертабысқа 12 авторлық куәлік алынды. Бұл – ғалымның және маманның зор еңбек қабілеттілігі мен мақсаттылығының куәсі.

ХШЖК өнертабыс көрмесіне қатысқаны үшін 1960 ж. күміс медаль мен құнды сыйлық алды.

Профессор Н.Ф. Гращенковтың ҚарПТИ-дың қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі айтарлықтай. Жоғары білім мен ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, академик Ә.С. Сағыновтың жетекшілігінде және ғалыммен тығыз ынтымақтастықта жұмыс атқара жүріп, Николай Федорович өзінің барлық энергиясын, барлық айрықша талантын білім сапасын арттыруға, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жаңа деңгейін арттыруға бағыттады.

Оқу ісі жөніндегі проректор Н.Ф. Гращенковтың тікелей қатысуы мен

бастамасы бойынша (1981-1990 жж. дейін) кураторлар кеңесі, екі факультет, төрт жаңа мамандық ашылды, ЖОО студенттері мен түлектері шетелдерде оқуға мүмкіндік алды.

45 жыл ғылыми қызметі ішінде профессор Н.Ф. Гращенков 50-ден астам кандидат және ғылым докторларын даярлады, олардың көпшілігі бүгінгі күні ЖОО-да, кәсіпорындарда, Қазақстан мен Ресейдің министрліктерінде жоғары орында отыр. Осы жылдар ішінде 200-ден астам ғылыми еңбектері, 3 монография, өнертабысқа 12 авторлық куәлік алынды. Осының бәрі ғалымның және педагогтың жұмыс қабілеттілігі мен мақсатқа талпынғыштығы туралы куәландырады.

Н.Ф. Гращенков кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау кезінде өзін ізденушілердің қателерін, адамның қасиетін қорламастан, әзіл-оспақ түрінде көрсететін, өскелең ғылыми буынның қамқоршы ұстазы ретінде байқатты.

Николай Федоровичтің еңбектері шетел баспаларында жарияланды және 1996 жылы ол Еңбек қорғау және тіршілік қауіпсіздігі секциясы бойынша Экология, адам және табиғат қауіпсіздігі халықаралық ғылым академиясының (ЭҚХҒА) нағыз мүшесі болып сайланды.

Николай Федорович көп жылдар бойындағы жемісті еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, III және II дәрежелі «Шахтер даңқы» Құрмет Белгісімен, «В.И. Лениннің туғанына 100 жылдық құрмет мерекесіне орай қажырлы еңбегі үшін» медалімен (1970 ж.), «КСРО ЖОО министрлігі жұмысындағы үздік табыстары үшін» белгісімен (1974 ж.) және «Еңбек ардагері» медалімен (1989 ж.), КСРО және ҚазКСР Жоғары білім министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталды [3, 24-28 б.].

Н.П. Гращенков айрықша, мақсатқа ұмтылған, орынды қалжыңдасып, адамдарға құрметпен қарайтын тұлға болды. 1950 жылы Николай мектепті алтын межадьмен бітіреді, бұл оның мақсаттылығын, мақсатқа талпынғыштығын және білімге және дүниені тануға үлкен құштарлығын куәландырады.

Николай Федорович Гращенков – жақсы отағасы. Зайыбы Гращенкова Галина Петровна – зейнеткер, бұрын – №92 мектепте орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болған. Қызы Наталья – тау-кен инженері, Қарағанды политехникалық институтының түлегі, «Центргеоаналит» ЖШС бас экологы, ұлы Александр «Оптимист» ЖШҚ компаниясының бас директоры және осы компанияның жүйелі операторы, ал оның әйелі Алевтина – «Систематика» ЖШҚ IT-компаниясында бюджеттеу бойынша жетекші маман.

Күйеу баласы Баймульдин Мұрат Қайрович – тау-кен инженері, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚарМТУ кафедрасының меңгерушісі.

Немересі Тимур Плеханов атындағы Мәскеу басқару академиясын және Томск басқару жүйелері және радиоэлектроника университетін

тәмамдады, қазір бағдарламашы-инженер болып қызмет етеді, оның әйелі Ирина – бизнесмен.

Немересі Мұрат ҚарМТУ-ды бітірді, жақын арада Қарағанды технологиялық колледжінде кафедраны меңгерді, қазір ҚарМТУ-да еңбек етеді және магистратурада оқиды, оның әйелі Анастасия ҚарМТУ-да оқу-әдістемелік басқармада жұмыс істейді.

Немере қызы Наталья Мәскеу мемлекеттік университетінің (Жоғары экономика мектебін, оның жанындағы магистратураны үздік бағамен аяқтады. Қазір – ақпараттық қауіпсіздік және IT қатерлері, медиа және «ЭРНСТ & ЯНГ» компаниясының (Халықаралық аудиторлық төрттікке кіреді) жоғары технологиялары саласында қызмет көрсету жөнінде бөлімінде аға кеңесші.

Немере қызы Мәскеу мемлекеттік университетінде (Ресейдің, баспа-полиграфиялық істерге арналған мамандар даярлауды жүзеге асыратын жалғыз оқу орнында) баспа ісі және журналистика факультетінде оқиды. Әкімгер болып жұмыс істейді және журналист ретінде шетел көрмелеріне қатысады, оның мақалалары журналдарда жарияланады.

Николай Федоровичтің шөбересі Данил 3 жасында әліппені меңгерген, көп оқиды, көбейту кестесін біледі, қазақ және италия тілін үйреніп жүр, даңқты әулетті жалғастыруға дайындалуда.

Осының бәрі өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жоғары деңгейі, қоршаған әлемге және Отанға деген сүйіспеншілік туралы куәландырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Гращенков Николай Федорович // Батырбеков М. Высшая школа в лицах / М. Батырбеков. – Алматы, 2001. – Кн. 3. –242 с.
2. Гращенко Николай Федорович // Кто есть кто в казахстанской науке. – Алматы, 1999. –301с.
3. Основные даты жизни и научно-педагогической деятельности профессора, доктора технических наук Н.Ф. Гращенкова // Ими гордится горный факультет / МОНИКР. – Қарағанды, 2010. – 90 с.

Жолмағамбетов Н.Р.,
Қарағанды техникалық университетінің
кен аэрологиясы және еңбекті қорғау
кафедрасының меңгерушісі

ӘКІМБЕКОВ ӘЗІМБЕК ҚЫЗДАРБЕКҰЛЫ – ҰСТАЗ ЖӘНЕ ҒАЛЫМ

Әкімбеков Әзімбек Қыздарбекұлы – өнеркәсіптік қауіпсіздік пен аэрология, еңбекті қорғау, кеніштік аэрогазодинамика және көмір шахталарындағы метан бөлуді басқару бойынша тек қана Қазақстан Республикасы емес, одан тысқары жерлерге де танымал ғалым.



Әзімбек Қыздарбекұлы 1954 жылы 10 қазанда Қарағанды қаласында дүниеге келді, қалада өзінің білікті ұстаздарымен (математиктер мен физиктер) танымал болған № 92 орта мектепті бітірген соң, Қарағанды политехникалық институтына түсіп, оны

**Әзімбек Қыздарбекұлы
Әкімбеков (1954-2010)**

1977 жылы «Кен орындарын жер асты игерудің технологиясы және кешенді механизациясы» мамандығы бойынша үздік аяқтап шықты. 1977 жылы институтты бітіргеннен кейін, институттың жолдамасы бойынша «Қарағандыгипрошахт» жобалау институтына жас маман ретінде жұмысқа жіберілді.

1979 жылы «Кеніштік аэрология» кафедрасына кафедра меңгерушісі техника ғылымдарының докторы, профессор Н.Ф. Гращенковтың жетекшілігімен тағылымгер-зерттеуші болып жұмысқа қабылданды. Ғылыми-зерттеу тағылымдамасынан өтіп, күндізгі аспирантураға түседі де, өзінің кандидаттық диссертациясын 1984 жылы ҚазКСР ҒА тау-кен ісі институтында сәтті қорғап шығады.

1985 жылы Әзімбек Қыздарбекұлы «Ақтас», «Стахановская» шахталарының бас технологы, содан кейін Шығыс ҒЗИ Қарағанды бөлімшесінің аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істей жүріп, КСРО «Минуглепром» жүйесіне жұмысқа ауысуға шешім қабылдайды да, тек 1989 жылы политехникалық институтқа ғылыми-педагогикалық қызметке оралады.

1989 бастап 1993 жылға дейін – «Кеніштік аэрология және еңбекті қорғау» кафедрасының аға, жетекші ғылыми қызметкері, аға оқытушысы. 1990 жылдан бастап – доцент, ал 1993 жылдан 2001 жылға дейін – КАЖЕҚ кафедрасының меңгерушісі болды.

1996 жылы А.Қ. Әкімбеков көп жылдық зерттеулердің нәтижелері бойынша Д.А. Қонаев атындағы тау-кен ісі институтында «Іргелес тау-кен массивінің газ өткізгіштігін төмендету жолымен көмір шахталарының

қазбаларында метан бөлуді басқару» тақырыбында өзінің докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

2001 жылдан 2008 жылға дейін А.Қ. Әкімбеков университеттің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарды. КСРО ыдырағаннан кейін басқа да ЖОО-ры сияқты, университеттің де ғылымы жұмыстары өте ауыр жағдайда болғандықтан, өнеркәсіптік кәсіпорындармен бұрын жасалған барлық байланыстар үзілді. Мұндай жағдайда ғылымды дамыту өте қиын болғандықтан, жаңадан тың тәсілдерді іздестіру керек болды. Міне, солардың бірі – халықаралық ынтымақтастыққа шығу, алыс және жақын шетелдермен байланысты қалпына келтіру және университеттің әртүрлі кафедраларының ғалымдарын ғана емес, сонымен қатар, Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарын да іске тарта отырып, ірі жобалар құру мақсаты қойылды.

2009 жылы Әзімбек Қыздарбекұлы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өнеркәсіптік қауіпсіздік ұлттық ғылыми-техникалық орталығы» АҚ «Тау-кен өнеркәсібіндегі жұмыстардың қауіпсіздігі жөніндегі Қазақ мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты» ЕМК-на басшылыққа ауысты.

Әзімбек Қыздарбекұлы газ динамикасына, төтенше жағдайлардың алдын алуға және болжауға байланысты ғылыми бағыттарды одан әрі дамытуға үлкен үлес қосты. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, ол қысқа ғана уақыт ішінде ғылыми жетекші ретінде техника ғылымдарының 4 докторы мен 12 кандидаттарын дайындап шығарып, осылайша академик А.С. Сағынов пен профессор Н.Ф. Гращенковтың қалыптасқан ғылыми мектептеріне екінші дем берді. Ал, Әзімбек Қыздарбекұлының ғылыми мектебі танылды және мойындалды деп сеніммен айтуға болады, себебі, бүгінгі күні оның оқушы – шәкірттері еліміздің шахталары мен кеніштеріндегі еңбек қауіпсіздігі проблемаларымен тығыз жұмыс істеуде.

Ә.Қ. Әкімбековтің ғылыми шығармашылығы өнеркәсіп қауіпсіздігі, оның ішінде тау-кен жұмыстарының қауіпсіздігі саласындағы өзекті ғылыми-техникалық міндеттерді шешудегі практикалық нәтижелерімен ерекшеленеді. Оның ғылыми қызметінің ерекшелігі – теориялық және қолданбалы маңызы бар мәселелерді тұжырымдап, шешу және оның нәтижелерін практикада қолдануға міндетті түрде жеткізу болды. Атап айтқанда, Әзімбек Қыздарбекұлының докторлық диссертациясында жасаған ұсыныстары Октябрь революциясының 50 жылдығы және КСРО 50 жылдығы атындағы «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінде сәтті жүзеге асырылды. Айта кету керек, Ә.Қ. Әкімбековтың докторлық диссертациясының ғылыми кеңесшілері академик Ә.С. Сағынов пен профессор Н.Ф. Гращенков, ал ресми оппоненттердің бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазіргі ректоры, профессор Ғ.М. Мұтанов болды.

Ә.Қ. Әкімбеков ғылыми кадрларды даярлауға өзінің көп күші мен энергиясын сарп етті: олардың көпшілігі ҚарМТУ мен Қазақстанның басқа

да жоғары оқу орындарындағы табысты ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, ҚазМҒЗИ-дағы ғалым-мамандар мен салалық академиктер екенін айтуға болады.

Әзімбек Қыздарбекұлы 150-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстар жазып, соның ішінде, тау-кен өнеркәсібіндегі еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік желдету, геомеханика және сілемдердің жағдайын басқару сияқты салалар бойынша оқулықтар, монографиялар, өнертабыстар мен патенттер шығарды.

Ол ғылыми кадрлар мен мамандарды даярлау мәселелері бойынша облыстық және республикалық баспасөз беттеріндегі көптеген мақалалардың авторы.

Профессор Ә.Қ. Әкімбеков дарынды, жан-жақты, білімді тұлға, сонымен бірге, ол адамдармен қарым-қатынаста қарапайым және ұнамды болды. Ғылымнан бастап, оның бойындағы спорт пен бейнелеу өнеріне дейінгі қызығушылықтарының мол нышандары, оны айналасындағы адамдарға тартымды етті.

Педагогикалық қызмет Ә.Қ. Әкімбековтың шығармашылық өмірбаянының маңызды бөлігін құрады және оның ең маңыздысы – тау-кен факультетінің студенттері үшін қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігінің мәселелерін зерделеп жазған оқулықтары, оқу құралдары, анықтамалық және әдістемелік құралдарды болып табылады.

Әзімбек Қыздарбекұлы педагогтік пен дәріскерлік шеберліктерді жетік меңгерген, оған жеке басының қасиеттері – тілектестік, сүйкімділік және сұхбаттасушыға бей-жай қарамайтындығы ықпал еткендіктен, оның шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде, жақын және алыс шетелдерде өндірістің барлық саласында еңбек етеді.

Профессор Ә.Қ. Әкімбеков әлемнің жетекші университеттерімен халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға елеулі үлес қосты. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің халықаралық беделін арттыруға бағытталған оның көп қырлы және белсенді қызметін атап өту қажет.

Ә.Қ.Әкімбековтің 2006 жылы АҚШ Мемлекеттік департаментінің «Халықаралық сапаршылар» бағдарламасының қатысушысы болуы, оған АҚШ зерттеу университеттерінің тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік берді (Техас, Пенсильвания, Массачусетс, Вирджиния штаттарының 11 жетекші ЖОО барды).

Оның табиғи түйсігі, есте сақтау қабілеті, ғылыми саладағы да, өндірістегі де кәсіби шеберлігі, мәселе шешудегі шапшаңдығы, табандылығы, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілігі оны ұжымының үлкен құрметіне бөледі.

Ә.Қ. Әкімбековтің бұл еңбектері Мемлекет тарапынан да елеусіз қалған жоқ. Қазақстандағы жоғары білімнің дамуына, ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін 1997 жылы «Қазақстан Республикасының Білім беру

үздігі» белгісімен, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен (2003ж.), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалімен (2005ж.), «Қазақстан Республикасында ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен (2006ж.) марапатталды.

Ұстаз және ғалым туралы (естеліктер).

Ибатов Марат Кеңесұлы – Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазҰЖҒА, ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының академигі:

– Ә.Қ. Әкімбековтің ғылымға, инженерлік және ғылыми кадрларды даярлауға қосқан зор үлесі, мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Әзімбек Қыздарбекұлы қысқа, бірақ жарқын өмір сүрді. Ол зерттеу жұмыстарының жаңа перспективалық бағыттарын, ғылыми мектепті, көптеген талантты түлектерді – ғалымдар мен мамандарды қалдырды.

Дрижд Николай Александрович – тау-кен инженері, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, техника ғылымдарының докторы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің пайдалы қазбалар кен орындарын игеру кафедрасының профессоры:

– Әзімбек Қыздарбекұлы газ динамикасына, төтенше жағдайлардың алдын алуға және болжауға байланысты ғылым бағыттарын дамытуға елеулі үлес қосты. Ол метанның өңделген кеңістіктен сыртқы бетке шығарылуын және атмосфераның парниктік газбен ластануын азайтуды зерттеді. Қарағанды бассейнінің жойылған шахталарының ерекше жағдайларына негізделген өзіндік шығару технологиясын құру атмосфераға метан шығарындыларын азайту есебінен экологиялық жағдайды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар біздің өңірдің отын-энергетикалық теңгеріміне жаңа энергия тасымалдағыштың үлкен ресурстарын тартуға мүмкіндік берді.

Ынтықов Тоқмырза Смағұлұлы – техника ғылымдарының кандидаты, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің көлік техникасы және логистикалық жүйелер кафедрасының профессоры, «ҚарМТУ түлектері мен оқытушылары қауымдастығы» қоғамдық қорының атқарушы директоры»:

– Профессор Ә.Қ. Әкімбеков өзінің көптеген ғылыми және өмірлік жоспарларын аяқтамай, шығармашылық күш-жігерінің шыңында өмірден өтті. Ол өзінің шығармашылық мұрасын шәкірттерінде, ғылыми еңбектерінде, өнертабыстарында, кітаптарында және оқу құралдарында көрсетті. Ә.Қ. Әкімбековтің шығармашылық өмірбаяны мен бүкіл өмірі – Тәуелсіз Қазақстанның ғылымы, білімі мен өндірісінің дамуына қосқан лайықты үлесі, ел азаматтарына Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі.

Ұлы Абай Құнанбаевтың: «Өлді деуге болама айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген сөзін, профессор Ә.Қ. Әкімбековқа байланысты қолдану орынды деп есептейміз.

В. Пономарева,
Қарағанды техникалық университетінің
Геология және пайдалы қазбалар кен орынын барлау кафедрасының
доценті, т.ғ.к.
e-mail: mponomareva@kstu.kz

М.Ә. ЕРМЕКОВ – ҚАЗКСР КОРР. – МҮШЕСІ, ПРОФЕССОР, ГЕОЛОГИЯ-МИНЕРАЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ

Геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, көмір кен орындарының газдылығы бойынша ірі маман, табиғаттың күрделі құбылыстары мен технологиялық процестерін, оларды компьютерлік технологияны пайдалана отырып, оңтайландыру мақсатында модельдеудің жаңа бағытының негізін салушы Ермеков Мағауия Әлімханұлы 1921 жылы Семей облысы Шыңғыстау ауданында Абай ауылында дүниеге келген, сондықтан ата-анасы оны Абайдың кіші ұлы Мағаштың құрметіне Мағауия деп атаған [1].



**Мағауия Әлімханұлы
Ермеков (1921-2006)**

Бастауыш білімді үйінде, отбасында алған, себебі әкесі ғана емес, шешесі Рақия Шағабетдінқызы өте жоғары білімді адамдар, Қазақстанның алғашқы дипломды дәрігерлерінің бірі болған. Мағауияның әкесі – Әлімхан Әбеуұлы Ермеков – Қазақстандағы белгілі қоғамдық-саяси қайраткер, математиканың бірінші қазақ профессоры.

Ол мектепке дейін-ақ үш тілді – қазақ, орыс және неміс тілдерін жетік меңгерді.

Қазақстанның барлық прогресшіл қайраткерлері іліккен Сталиндік геноцид кезеңінде Әлімхан Ермеков «Алашорда» партиясы көшбасшыларының бірі ретінде көп рет тұтқынға қамалды және жалпы алғанда, 18 жылға жуығын еңбекпен түзету лагерьлерінде өткізді. Оның қайғылы тағдыры отбасына да әсерін тигізді.

Он екі жасар бала Мағауия әкесін тұтқындаудың куәгері болды. Тінту кезінде дүние-мүліктерді қалай төңкергенін, шақырылмаған «қонақтардың» айуандығын көрді. Мұндай нәрсе ұмытылмайды. Сталиннің жеке басына табыну кезеңіндегі, тұтқындау, ату кезеңіндегі балаларда өмір бойы жазылмас жара қалды [1].

Отбасын алдымен қала шетіндегі жер төле үйге, сосын қала сыртындағы жер үйге көшірген кезде Мағауия Алматы орта мектебінің төртінші сыныбында оқитын. Бірақ онда да олардың отбасына тыныштық бермей, Үштөбе стансасына Қаратал ауылына көшірді, онда Ресейдің батыс облыстарынан 300 мыңға тарта қоныс аударушылар тұратын.

Аштық пен шешек ауруы ызбарлана түсті. Өліктерді қыста үйме-үйме етіп жайдақ үлкен шаналармен траншеяларға жерлеуге алып кетіп жатты. Құжаттары мен мүліктерін тартып алды, Қазақстаннан шығуға тыйым салынды.

Отбасы шешесінің хирург-дәрігер, оның үстіне жақсы ұйымдастырушы және шаруақор болғандығынан ғана аман қалды. Ол Үштөбеде темір жол ауруханасын басқарды.

1939 жылы Мағауия Алматының орта мектебін үздік аяқтағаннан кейін, Ростов Ауыл шаруашылық машина жасау институтына түседі. Екі жылдық оқудан кейін ол Кеңес Әскері қатарына шақырылады, онда 6,5 жыл қатардағы солдаттан аға лейтенантқа, жеке батальон штабының бастығы және әскери училище оқытушысына дейін қызмет етті. Ол өзінің батырлығымен тұтқында жүрген әкесінің жағдайын жеңілдетермін деген аңғалдықпен майданға сұранғанымен, жазаланушының баласы ретінде жіберілген жоқ.

Әскери қызметін Қарақұм құмдарында Орта Азия әскери округы бөлімдерінде өткізді. Онда бір жұтым су үшін сол кездері сирек кездесетін зат – қол сағаты берілетін. Тыл ішінде қызмет ету ауыр болатын [1]. Жорықтардан кейін тұз сіңген гимнастеркалары қатты қораптарға айналады. 40 градус ыстықта газ қағармен лақтыру. Аптаның алғашқы төрт күнінде 12 сағаттан және жұма мен сенбіде үзіліссіз 36 сағаттан шұғылданды. Әрбір 2-4 апта сайын майдандағы жағдайға байланысты даярлығы жоқ жауынгерлерден майданға жіберілетін жауынгерлерді даярлады.

1946 жылы әскерден келген соң ол погондары мен ілгектері сөгілген, үйкелген офицер шинелін киіп жүруін жалғастырды (басқа киімі болған жоқ). Канск және Тайшет лагерьлеріне әкесімен кездесуге бірнеше рет барып қайтты. Осындай әрбір баруы үлкен қиындықтармен өтетін. Тас қараңғы түндерде – ауылда электр жарығы болмағандықтан, батпақ арқылы төсемелерден өтуіне тура келетін.

1950 жылы Мағауия Әлімханұлы Алматы Тау-кен институтын «Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау» мамандығы бойынша инженер-геолог атағымен бітіріп шықты. Сол жылы ол Қарағандыға жол тартады, онда учаскелік геолог, кейін «Қазақкөміргеология» тресінде аға геолог болып жұмыс істейді. Басында оны стратегиялық шикізат ретінде көмірге жолатпады да, ол жергілікті құрылыс материалдарымен айналысты. КБА 1953 жылы сол тресте Қарағанды көмір бассейнінің көмірлі қабаттарының газдылығын зерттеу бойынша тақырыптамалық отрядтың жетекшісі болып тағайындалады. 1957 жылға дейін олар газдық сынамалардың әдістемелері мен техникалық құралдарын жасайды, бұл Қарағандының осы мәселені жүйелі түрде зерттеуге жол ашқаны болатын [2]. 1957 ж. М.Ә. Ермеков бір жылдық

сырттай аспирантурада оқыған соң, кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды.

Ол 1958 жылдан 1970 жылға дейінгі кезеңде ҚазКСР ҒА химия-металлургия институтында, ҚҒЗКИ, Шығыс ҒЗИ алдымен АҒҚ лауазымында, ал 1963 ж. бастап зертхана бастығы ретінде бассейнің газдылығы мәселесімен еңбектенуін жалғастырады. 1968 жылы геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертациясын қорғайды [2].

1968 жылы Қарағанды политехникалық институтының геология кафедрасының профессоры болып сайланады, ал 1970 жылы оның меңгерушісі болып тағайындалады, геофизика, тау-кен және құрылыс мамандықтарының студенттеріне геологиялық барлау, құрылымдық және инженерлік геология, гидрогеология, мұнай мен газды кен қабаттарынан дәрістік курстар жүргізеді. Бұларға қоса көмір қабаттарының газдылығы жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізеді (Ғылым және техника жөніндегі Мемлекеттік комитет тақырыбы бойынша). Геологиялық факторлардың, қойнаулар термодинамикасының газдылығына сандық бағалаудың бірегей әдістері жасалады.

Олар Қарағанды бассейнінің газдылығының бірінші картасын құрастырады, ол жеткілікті түрде газдың молдылығын дәлелмен болжауға, нормативтік құжаттарды жасауға мүмкіндік береді.

Өндіріске практикалық көмек көрсеткені үшін М.Ә. Ермеков бірнеше рет «Көмір өнеркәсібі Социалистік Жарысының үздігі», «Шахтер даңқы» белгілерімен марапатталды, Құрмет кітабына және облыстың Құрмет тақтасына енгізілді. 1980 ж. шахталарда жарылысқа қауіпті метанмен күресудің физика-химиялық негіздерін жасау жөнінде жұмыс циклі үшін оған академик А.А.Скочинский атындағы диплом мен сыйлық берілді.

1979-80 жылдары оның авторлық бірлестігімен үш томдық «КСРО көмір бассейндері мен кен орындарының газдылығы» монографиясын баспадан шығарады да, М.Ә. Ермеков КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері болады. 1983 жылы Қазақ Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланады [2].

М.Ә. Ермеков геологиялық және тау-кен мамандығының 13 кандидатын қорғауға даярлайды. Ғылымдағы бес ізденушінің жұмысы оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен есептелген математикалық модельдер негізінде орындалды. Жоғарыда аталған үш томдық монографиядан басқа оның 160-тан астам баспа жұмысы түрлі одақтық басылымда жарияланды, төрт авторлық куәлік алынды. Көптеген жұмыстарда көмірлі түзілімдердің газдылығы мәселесі, бірегей аспаптар және газдық сынамалар әдістері, қойнаулар термодинамикасы сипатталды.

Оның көмір кен орындары газ динамикасы бойынша зерттеулері көмір шахталарында метан болуын анықтау жөніндегі жөнелту пункті болып табылады және тек ТМД мемлекеттерінде ғана емес, сондай-ақ

Чехия, Польша, Словакия, АҚШ, Канада, Австралияда кеңінен пайдаланылады.

Мағауия Әлімханұлы Ермековтің тағдырын «жұмыс, табанды, үздіксіз жұмыс» деген бірнеше сөзбен атауға болады. Мағауия Әлімханұлы әкесінен – таң қаларлық өмірбаяны бар адамнан үлгі алды. Математик болды, математика ешқашан құрғақ, қатты болмайтынын дәлелдей алды. Осы өз пәніне сүйіспеншілігін жеткізе білуді Мағауия Әлімханұлы, бәлкім, әкесінен мұра етіп алған болар. Ол геолог, адам үшін асыл затты жер қойнауынан іздеп қана қоймай, адамдардың жақсы қасиеттерін де аша білді.

Дәрістер Мағауия Әлімханұлының студенттермен араласуының жалғыз ғана нүктесі болған жоқ. Сонымен қатар көп күші мен энергиясын студенттік ғылымға берді. Оның «Эксперимент стратегиясы» үйірмесі институтта ең атақтылардың бірі болды. Мағауия Әлімханұлы геология мен тау-кен ісінің ең күрделі проблемаларын әзірлеуге әрқашанда жас ғалымдарды қатыстыратын. Әрқашан өзінің сүйікті ісіне берілгендігінің көрнекті үлгісін көрсететін. Одан бәрі білім алды. Ең алдымен, мақсатқа қол жеткізуде қайтпастық танытқанда, жан дүниені қатайып кетпей, мейірімді, қайырымды адам болуға, тағы да еңбекке қабілеттілікке үйретті. Мағауия Әлімханұлы оқытушылық қызметпен айналыса жүріп, ешқашан ғылыми зерттеулерін қалдырмады. Ол әрқашан шығармашылық ойлар мен жаңа идеялар билігінде болатын. Ізденумен өмір сүрді. Өз студенттерін де осыған үйретті.

М.Ә. Ермеков аспирантураның бір жылдық сырттай бөлімін аяқтағаннан кейін кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. М.Ә. Ермеков газ молдылықты дәлелді түрде болжауға, нормативтік құжаттарды жазуға мүмкіндік беретін Қарағанды бассейнінің алғашқы газдылық картасын жасады.

Мағауия Әлімханұлы өте сирек кездесетін тыңдай білу ерекшелігіне ие болған, бұл шеберлікті өз студенттерінің бойында да дамытқанмен, академик А.М. Терпигоревтің мына бір сөзін жиі еске алатын: «Хорошо учатся не те студенты, которым хорошо читают лекции, а те, которых хорошо спрашивают». Оның әр дәрісінің, міндетті түрде, өз ерекшелігі, өзіндігі болатын, ол ең күрделіні ең қарапайым арқылы түсіндіре алатын, ең бастыны көруге көмектесетін.

Әдебиеттер тізімі

1. Кыдыралина Ж., Алимхан Ермеков // Электронный журнал «e-history.kz». 2011.
2. Национальная энциклопедия. 2 том. Казахстан. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

З.А. Молдағалиев,
профессор, т.ғ.к.
e-mail: metis_rost@mail.ru

И.А. ЯНЦЕН – ЖОЛ-ҚҰРЫЛЫС МАШИНАЛАРЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Янцен Иван Андреевич 1935 жылы дүниеге келген. 1954 жылы орта мектепті аяқтағаннан кейін Қарағанды политехникалық институтына түседі де, өмірі осы жоғарғы оқу орнымен байланысты болады. 1959 жылы институтты тәмамдағаннан кейін ассистент ретінде жұмыс істей бастайды. 1962 және 1965 жылдар аралығында аспирант болады. Ал 1965 жылдан 1968 жылға дейін өз қызметін аға оқытушы ретінде жалғастырады. Иван Андреевич Янцен 1966 жылы кандидаттық диссертация, ал 1973 жылы докторлық диссертация қорғайды. Иван Андреевич Янцен – «Жол-құрылыс машиналары» кафедрасының негізін салушы және алғашқы меңгерушісі (1968-1997 жж.). Кейінгі жылдары ол Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде ғылыми жұмыс жөніндегі проректор болып жұмыс істейді.

Янцен И.А. – машина жасау саласындағы көрнекті ғалым. Ол 274 ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде 5 монография, 72 авторлық куәлік және 1 АҚШ патенті бар. Оның еңбектері құрылыс және жол машиналарының белсенді гидроимпульсті жүйелерінің теориялық негізін жасауға арналған.

Оның бастауымен 1970 жылы Қазақстанда алғаш рет «Жол-құрылыс машиналары» мамандығы бойынша аспирантура ашылады. Оның тікелей жетекшілігімен 35 кандидаттық диссертация қорғалды. Сонымен қатар ол 3 докторлық диссертацияға ғылыми кеңесші болды.

И.А. Янценға мамандарды дайындаудағы жетістіктері мен ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ол «Знак почета» орденімен, В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай мерейтойлық медальмен, КСРО, ҚазКСР ВДНХ әр түрлі дәрежелі медальдарымен және дипломдарымен, «Изобретатель СССР», «Почетный дорожник СССР» белгілермен және т.б. марапатталды. Оның аты «Қарағанды, Қарағанды облысы» энциклопедиясына енгізілді, 1986 жылы ол ҚР ЖҒА академигі болып тағайындалады [1, 98-б.].

Инженерлік кадрларды дайындау мақсатында 1968 жылдың шілде айында Қарағанды политехникалық институтында «Көтеру-тасымалдау, құрылыс, жол машиналары және жабдықтар» мамандығы бойынша «Жол-құрылыс машиналары» кафедрасы ашылады.

1968 жылы кафедра құрамы 7 оқытушыдан тұрды: П.А. Лобода, М.С. Овчаров, В.Қ. Пакштас, А.Ф. Шмальц, Е.И. Сафанков, А.А. Москофиди, олардың біреуі ғана техника ғылымдарының кандидаты болды (И.А. Янцен

– кафедра меңгерушісі). Кафедра меңгерушісі ретінде Янцен И.А. кафедраның даму перспективаларын жоспарлады, бірақ бұл кадрлық қамтамасыз етуді талап етті. Ғылыми-педагогикалық қызметке жақын түлектер кафедрада жұмыс істеді, түрлі тәжірибеден өтті (Мәскеу, Ленинград – Сафанков Е.И., Пакштас В.Қ.), Мәскеу қаласындағы (Альтер И.М – ұзақ мерзім бойы САПР кафедрасының меңгерушісі болды), Саратов қаласындағы (Молдағалиев З.А. – 1997 мен 2011 жылдар аралығында ЖҚМ кафедрасының меңгерушісі) аспирантурада оқыды.

1970 жылдары кафедраға В.В. Харченко, В.П. Литовка, И.П. Смола, Ж.А. Алиевтер келеді. Әр түрлі жылдары кафедрада жұмыс істегендер: Ю.М. Смирнов, қазір т.ғ.д., профессор, физика кафедрасының меңгерушісі, Ибатов М.Қ., қазір т.ғ.д., проф., Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы болғандар: В.В. Харченко, Ю.Е. Пономаренко, В.В. Грузин – 2011 жылдан бастап – ЖҚМ кафедрасының меңгерушісі. Техника ғылымдарының кандидаттары: А.П. Кулябин, Б.Қ. Жәкенов, Г.С. Әубәкіров, Қ.М. Рахымбеков, М.А. Беляев, В.Н. Щелконогов, Н.В. Коробейников, И.И. Царев, А.Д. Вернер, А.О. Тәліпбеков, С.Л. Джапаридзе, Е.З. Әбуов, аға оқытушы Е.Х. Елшібеков, оқытушылар: В.Н. Кучеренко, А.А. Кошелев, ғылыми қызметкерлер: П.А. Сарычев, Я.В. Матияшин, С.В. Кравченко, Г.В. Сурудин, С.А. Эм, Ю.О. Таратутенко, А.А. Шредер, А.Н. Ивкин, В.В. Парфенов, Н.Қ. Нұрпийісов.

1970 жылы Қазақстанда алғаш рет кафедра жанынан «Құрылыс және жол машиналары» мамандығы бойынша аспирантура ашылды. Кафедра түлектерінен шыққан алғашқы аспиранттар: Савчак О.Г.- т.ғ.к., ЖҚМ кафедрасының доценті ретінде 40 жылдан астам уақыт жұмыс істеген, Тұяқбаев Ш.Т. – т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Механика» кафедрасының доценті және Сихимбаев С.Р. – т.ғ.к., ҚарМТУ «Механика» кафедрасының профессоры болып жұмыс істеген. Қарқынды даму кезеңі (1970-1992 жж.) осы уақытта гидравликалық импульсті жүйелерді зерттеу мен жасау бойынша И.А. Янценнің жетекшілігімен қалыптасқан ғылыми мектептің пайда болып, жемісті қызмет етуімен сипатталады, осы сала аясында 40-тан астам ғалым – техника ғылымдарының докторлары мен кандидаттары шықты. Ол ҚР ЖҒА академигі ретінде көп жұмыс атқарды [2, 9-б.].

Ғылыми мектептің дамуы ғылыми зерттеулерге студенттерді тартумен, жетекші жоғарғы оқу орындарымен, зерттеу орталықтарымен және өндірістік бірлестіктермен байланыс орнатумен бірге жүрді: МАДИ, МИСИ, ВНИИСДМ, СиБАДИ, ВНИИСДМ Краснояр филиалы, СКБ Главмосстрой, Калинин экскаватор зауыты және т.б. Артемьев К.А., Алексеева Т.В., Недорезов И.А., Зеленин А.Н. және т. б. сияқты ғылым майталмандары кафедраның бұл ғылыми мектебін білген және қолдаған. Бұл мамандық бойынша Қазақстанда кандидаттық диссертацияларды

қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес болмағандықтан, И.А. Янценнің ғылыми байланыстарының арқасында кандидаттық диссертациялар Мәскеу, Ленинград, Ростов-на-Дону, Омск қалаларында сәтті қорғалды.

Шаруашылық келісімдегі жұмыстардың ғылыми тақырыбы кең болды, Қазақстанда ғана емес, Мәскеу, Новосибирск, Магадан және т. б. қалаларға да тарады. Осы кезеңде бірқатар машиналар зертханалық сынаудан сериялық шығарылымға дейін жеткізілді.

Кафедра қызметкерлері 12 монография жариялады, 150-ден астам КСРО авторлық куәлігін, 5 США, АҚШ, Швеции, ГФР, Финляндия патентін алды. Профессор И.А. Янцен «Изобретатель СССР» белгісімен марапатталды.

Кафедра КСРО және ҚазКСР ВДНХ қатысушысы болды. Кафедрада КСРО мен Қазақстанда ең үздік болып танылған оқу зертханасы құрылды, ол макеттермен, тренажерлармен және стендтермен жабдықталды.

Зертханадағы жабдық жол-құрылыс машиналары мен жабдықтың жұмыс процестерін үйрену мен зерттеуге мүмкіндік береді: кесу, қазу, грунтты бұрғылау мен тығыздау, жол-құрылыс материалдарын өндіру, жүк тасымалдау, сонымен бірге жөндеу мен техникалық қызмет көрсету процестері.

Кафедра болған уақыттан бері «Көтеру-тасымалдау, құрылыс және жол машиналары мен жабдықтары», «Құрылысты механикаландыру мен автоматтандыру», «Транспорт, транспорттық техника мен технологиялар» мамандықтары бойынша шамамен 3000 маман даярланды, олар Қазақстан Республикасында, таяу және қиыр шетелде жұмыс істеп жатыр, олардың 70-тен астамы дипломы с отличием алған.

Кафедра түлектері шетелде тәжірибеден өтіп, оқыды, олар: Қ.М. Рахымбеков, Н.В. Коробейников – Германия.

ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлері Е.З. Әбуов, А.С. Аманжоловтар АҚШ-та оқыды ал Н.Б. Түсіпбаев Германияда оқуын жалғастыруда. Сыздықов Қ. мен Габдуллина А. да АҚШ-қа оқуға кетті. Кафедра түлектері жауапты және жетекші орындарға ие болған және ие болып келеді.

А.Н. Марфенко 30 жыл бойы «Кароблавтодор»-ды басқарды; Е.Х. Сұлтанов – «Қазақстан Темір жолы» АҚ вице-президенті; Исаев Н.И. – ҚазТКА проректоры (Алматы қ.); А.С. Қадыров, И.М. Альтер, В.В. Грузин, Ю.Е. Пономаренко, Ж.Қ. Бөпеева, Б.Н. Глотовтар ғылым докторлары атанды.

1977 жылы кафедра түлектері Қадыров А.С. мен Ли В.Л. Қазақстан Лениндік комсомол сыйлығының Лауреаттары атанды.

И.А. Янценнің жетекшілігімен К-700 тракторының негізінде жолды қар мен шаңнан тазартуға арналған ауа ағынды машина жасалып, сыналды. Автокөлік жолдарының құрылысы мен жөндеу кезінде тығыз және қатты топырақты қабаттап қопсыту үшін, асфальт-бетон және цемент

жабындарын ашу үшін 10 класс шынжыр табанды трактор негізінде статикалық-динамикалық қопсытқыш жасалды, ол Қазақ КСР Автожол министрлігінің машина сынау станциясында сынақтан сәтті өтті (1975-1976 жылдар) [3, 8-б.].

Автокөлік жолдары құрылысы, жөндеу мен пайдалану кезінде жаңа машиналар мен өндірістік-техникалық шешімдер ұсынып, сынап, енгізгені үшін И.А. Янцеге «Почетный дорожник СССР» атағы берілді. Ол жасаған техника үлгілері қазіргі таңда да қажеттілігін жоғалтқан жоқ.

Жылдан жылға оқу-әдістемелік жұмыс жетіле бастады. Инженер-механиктерді даярлаудың құрылымдық-логикалық сұлбасы жасалды, онда мыналар болды: студенттердің жеке оқу-зерттеу тақырыптары бойынша жұмысын ескерумен мамандарды дайындау кезіндегі оқу жоспарын шығармашылық орындау, арнайы пәндерді кешенді қамтитын зертханалық практикумды қолдану.

Оқу процесіне үдемелі оқыту әдістерін енгізуге көп көңіл бөлінді: қарапайым плакаттардан проекциялық аппаратураға дейін. Аудиовизуалды аппаратурасы бар мамандандырылған аудитория жабдықталды. Кафедра сол уақытта жоғары оқу орнында техникалық оқу құралдарын қолдану бойынша алғашқылардың бірі болды, оқу процесіне ЭЕМ енгізумен әрдайым жұмыс істеп отырды.

Инженерлік және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындаудағы қосқан үлесі үшін И.А. Янцен «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Сол кезде ғылыми жұмыс жөніндегі проректор болып қызмет атқарған профессор И.А. Янценнің бастамасымен құрылған ҚарМТУ жанындағы «Машина жасау» ғылыми-зерттеу орталығының кафедрасындағы оқытушылардың да көрсеткіштері жоғары болды. Кафедраның интеллектуалдық потенциалының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 09.01.1998 жылғы № 2 Қаулысына сәйкес машина жасаудың дамуын болжау жөніндегі арнайы ғылыми бөлімше құрылды, кейін ол машина жасауды болжау жөніндегі Ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Оның қызмет ету аясында ҚР министрліктері мен ведомстволарына машина құрылысы саласын диверсификациялау, ақпараттық машина жасау ортасын жасау бойынша ұсыныстар дайындалды. Кафедра қызметкерлері Янцен И.А., Савчак О.Г., Клок А.Б., Глотов Б.Н., Ищенко А.П., Смирнов В.М., Царев И.И. осы ғылыми бағыт аясында, техникалық тапсырма әзірлеуге және «Каргормаш» машина құрылысы зауыттарының бірлестігін диверсификациялау кезінде ауыл шаруашылық техникасының әр түрлі үлгілерін сынауға тікелей қатысып отырды.

И.А. Янценнің ғылыми зерттеулері даярлау қазбаларын жүргізу кезінде орташа берік және берік кен жыныстарын бұзудың, габаритті емес жынысты және ашық қазбалар кенін ұсатудың тиімді тәсілдерін іздеуге, яғни пайдалы қазбаларды алу кезіндегі маңызды мәселелерді шешуге арналған. Осы мәселелер бойынша ол П.М. Алабужев, О.Д. Алимов, А.Н.

Зеленин, Л.Ф. Кичигин, Ю.А. Ветров, Д.И. Федоров, В.Ф. Горбунов, А.И. Федулов, Н.П. Рященцев, П.З. Петухов, М.А. Гурин, И.Л. Недорезов және басқа ғалымдармен бірге жұмыс істеді.

Ғылыми зерттеулер нәтижесі КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің, КСРО қара және түсті металлургия министрліктерінің, КСРО Құрылыс, жол, коммуналдық машина жасау министрлігінің, Қазақ КСР Ауыр индустрия кәсіпорындары мен автокөлік жолдарын салу министрлігінің жиналыстары мен конференцияларында мақұлданған. Оларды жобалық-конструкторлық және ғылыми-зерттеу институттары мен өндіріс кәсіпорындары қабылдаған және соққы әрекеттегі машиналар мен механизмдердің жаңа атқарушы органдарын жасау кезінде қолдануда: КНИУИ, ИГД МЧМ СССР, ВНИИ Құрылысжолмаш, ЦНИИС, Кентау экскаватор зауыты, «Қарағанды көмір» комбинаты, Қарағандықұрылысмех және Қазмысқұрылыс, ҚазКСР Ауырқұрылысминистрлігі тресттері, Қазақ КСР КБ МАД және елдің басқа ұйымдары.

«Құрылыс және жол машиналары» кафедрасының тұңғыш меңгерушісі және негізін қалаушы есімі ҚарМТУ №1 ғимаратында кафедра жанындағы мемориалдық тақтада жазылған.

Әдебиеттер тізімі

1. Караганда. Карагандинская область: Энциклопедия /Гл. ред. Р.Н. Нургалиева. – Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии. – 1986. 608 с.
2. Пивень Г. Карагандинский Государственный Технический Университет: история становления и развития. – Алматы, 2003. – 56 с.
3. Грузин В. Кафедра Строительные и дорожные машины: этапы становления и развития. – Караганда: Изд-во КарГТУ, 2013. – 38 с.

Л.И. Тоғайбаева,
Қарағанды техникалық университетінің
инженерлік кәсіпкерлік және маркетинг кафедрасының
аға оқытушысы, Э.Ғ.К.

ТОҒАЙБАЕВ ҚАДЕН БАРИҰЛЫ – МҰҒАЛІМ, ТӘЛІМГЕР

Тоғайбаев Қаден Бариұлы 1935 жылы 20 қазанда Қостанай облысы, Урицкий ауданы, Веселый Подол ауылында дүниеге келген. Балалық шағы соғыс жылдарының қиын кезеңінде өтті. Ол өзінің еңбек жолын кішкентай кезінен Урицкий ауданында бастады, сол үшін «Тыл еңбеккері» атағына ие болды және медальдармен марапатталды.

1954 жылы Каден Бариұлы Алматы қаласында Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түсті. Мұнда ол Қ.А. Сағадиев (ҚР ҰҒА академигі), С.С. Сатубалдин (ҚР ҰҒА академигі), Р. Шерьязданов (Щучье аудандық атқару комитетінің төрағасы, Көкшетау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы), Б. Байдуллаев, З. Шумекөв, Т. Молдахметов, Қ. Қаракесов (профессорлар) сынды тамаша және адал достар тапты. Досықтары өмірінің соңына дейін жалғасты.

1959 жылы оқуын аяқтағаннан кейін Каден Бариевич Қарағанды қаласына келді. «Қарагандапромжилстрой» тресінде екі жыл жұмыс істегеннен кейін Социалистік Еңбек Ері, академик Әбілқас Сағынұлы Сағыновтың шақыруымен Қарағанды политехникалық институтында ғылыми-педагогикалық қызметін бастады. 1962-1965 жылдар аралығында Орджоникидзе атындағы Мәскеу инженерлік-экономикалық институтының аспирантурасында оқыды. 1968 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 1996 жылы мемлекеттік техникалық университет мәртебесін алған Еңбек Қызыл Ту орденді Қарағанды политехникалық институтында 60 жыл, өмірінің соңына дейін еңбек етті.

Университетте жұмыс істеген кезінде Қ.Б. Тоғайбаев ассистенттен профессорға дейінгі еңбек жолынан өтті. Әр жылдары кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ғылыми кеңестің мүшесі болды. Каден Бариұлы әрдайым университеттің іс-шараларының ортасында болды. Ол ғылыми қызметпен белсенді түрде айналысты, «Экономика» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Профессор Қ.Б. Тоғайбаевтың жетекшілігімен экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін бірқатар диссертациялар қорғалды.

Ұзақ жылдар бойы жоғары оқу-әдістемелік деңгейде «Экономика және құрылыс өндірісін ұйымдастыру», «Жобалау мен Құрылыстағы



Каден Бариұлы
Тоғайбаев (1935-2018)

Экономика және менеджмент», «Инженерлік кәсіпкерлік негіздері» және т.б. пәндер бойынша сабақтар жүргізді. Университетте жұмыс істеген кезінде ол техникалық және экономикалық мамандықтардың мыңдаған студенттерін дайындады. Оның дәрістері мен мастер-класстары әрдайым жоғары дәрежеде ойластырылып, еркеше өткізілетін. Сабақтары ғылыми жұмыстың үлгілі нәтижелерін, үлкен практикалық тәжірибиесін көрсетіп. Каден Бариұлы өзінің білімін жас оқытушылармен бөлісіп, оларға тәлімгер және үлгі ретінде қызмет етті.

2005 жылы Қ.Б. Тоғайбаев Еуразия Халықаралық экономикалық академиясының академигі болып сайланды. 2009 жылдан 2017 жылға дейін ақсақалдар кеңесін басқарды және университеттің тәрбие процесін ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Осы жылдары ол біздің университеттің түлектерімен, таңғажайып тағдырлы адамдармен, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының курстастары Т.С. Сүлейменовпен, К.З. Саркеновпен, К.О. Омашевпен және Е.И. Төлеубаевпен таныс болды. Олармен өмірінің соңына дейін араласып тұрды.

Каден Бариұлы білікті кадрларды дайындауға қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды (1997, 2006, 2011, 2012 жж.). 2003 жылы университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «ҚарМТУ еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағына ие болды. 2013 жылы – ҚарМТУ «Ерен еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталды; жоғары білікті инженер-құрылысшыларды дайындағаны үшін «Қазақстан Республикасының құрметті құрылысшысы» атағына ие болды. 2016 жылы өскелең ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төс белгісімен марапатталды. Ол бірнеше рет облыс әкімінің (2014ж.), Қала әкімінің (2016ж.), ҚарМТУ ректорының құрмет грамоталары және алғыс хаттарымен марапатталды.

Бос уақытында Каден Бариұлы шахмат ойнауды жақсы көрді, институт турнирлері мен жарыстарға қатысып, бірнеше рет жеңімпаз атанды. 2018 жылы төрт дүркін әлем чемпионы Динара Сәдуақасовамен кездейсоқ кездесіп, бірге шахмат ойнау бақытына ие болды, оны өте мақтан тұтты.

Ол мейірімді тәлімгер, дана кеңесші және қамқор адам болған. Оның жүрегінің жылуын студенттер ғана емес, оның көптеген әріптестері мен достары да сезінді. Ол кез-келген ұжымның жаны болды. Оның жарасымды әзілдерінсіз, ондаған жылдар бойы университетіміздің бірде-бір іс-шарасы өткен емес.

Бүгінгі таңда университеттің көптеген түлектері, әріптестері өздерінің мұғалімдері мен тәлімгерлерін жылы сезімде және ризашылықпен еске алады.

Н.А. Алпысбаева,
Қарағанды техникалық университетінің
кәсіпорын экономикасы мен менеджменті кафедрасының
доценті, т.ғ.к.
e-mail: nalpysbayeva@mail.ru

КИМ ЮРИЙ МОИСЕЕВИЧ – ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГ ЖӘНЕ ТӘЛІМГЕР

Ким Юрий Моисеевич – Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты. Өмірінің көп бөлігін, атап айтқанда 58 жылын, политехке арнады.

Ким Юрий Моисеевич 1927 жылы Солтүстік Корея шекарасындағы Приморск өлкесінің Усть-Сидими ауылында дүниеге келген. 1937 жылы тоталитарлық режимнің құрбаны болған Кимдер отбасы Қарағанды жеріне келді. 1946 жылы Юрий Моисеевич мектепті, 1951 жылы Сібір автожол институтын бітірді.

Институтты бітіргеннен кейін жас маман ретінде ол Иркутск облысының Тайшет қаласына Ново-Чунский леспромхозына жіберілді, ол орман жинау және оны өңдеумен айналысты. 1955 жылы Юрий Моисеевич Краснодар өлкесіне аумақтық басқарманың бас инженері болып БЕЛГЭС–құрылысқа ауыстыру туралы бұйрық алды. Ал 1959 жылы Краснодар өлкесіндегі Хадыженск қалалық партия комитетінің шешімі бойынша Ю. М. Ким Қарағандыға жіберілді, онда сол жылдары қатты құрылыс жүріп, инженер-құрылысшылар жетіспеген еді. Дәл осы жерде Юрий Моисеевич «Қарағандашахтострой» комбинатының құрамында «Қарагандажилстрой» СУ-5 тресінің бас инженері лауазымында жұмыс істей отырып, ғылыми қызметпен белсенді айналыса бастады. Экономиканың өсуі жағдайында бас инженерлерден жаңа технологиялар мен техниканы енгізу, сондай-ақ прогрессивті материалдарды пайдалану туралы ай сайынғы есеп қажет болды. Эксперименттік алаңдар құрылды, онда шеберлік сыныптары өткізіліп, үздік құрылыс нысандарының эталондық үлгілері көрсетілді. Дәл сол кезде Юрий Моисеевич озық тәжірибені зерделеу және оны өз кәсіпорындарында енгізу мақсатында Мәскеу, Ленинград, Киев және Кеңес Одағының басқа да қалаларының ірі озық құрылыстарына белсенді іссапарларға барды.

Қарағанды политехникалық институтына үлкен білім мен тәжірибеге ие Ю.М. Ким 1961 жылы 1 қыркүйекте ректор, академик А.С. Сағыновтың шақыруымен келді. Техникалық жоғары оқу орнын құру үшін кәсіби ғалымдардың жақсы кадрлары қажет болды, сондықтан Юрий Моисеевич



**Ким Юрий
Моисеевич (1927-2019)**

политех оқытушылары ұжымына тез арада қосылды, олардың арасында Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Магниткасы цехының бастығы Е. И. Шевцов, орталық геологиялық басқарманың директоры Т. М. Самсонов, Главцентрстрой бастығының орынбасары Л. Б. Геллер және сол кездегі белгілі тұлғалар болды.

1963 жылы көрнекті ғылыми және әдістемелік жетістіктері үшін Ю. М. Кимге ЖАК доценті ғылыми атағы берілді (Мәскеу қ.), 1972 жылы кандидаттық диссертация қорғады, ал 2004 жылы профессор академиялық атағын алды.

Үлкен өндірістік тәжірибе, сондай - ақ белсенді ғылыми қызмет Ю.М. Кимге бірнеше мың құрылысшы-мамандар мен экономистерді дайындаған жақсы мұғалім болуға мүмкіндік берді. Юрий Моисеевичтің тікелей қатысуымен Құрылыс өндірісінің технологиясы және сәулет кафедрасы, арнайы жобалау-конструкторлық бюро, «Негіздер мен іргетастар» салалық зертханасы құрылды, ол кейіннен «Союзспецфундаментстрой» АҚ болып қайта құрылды.

Юрий Моисеевич-талантты педагог және ғалым. Бұл екі функция да оған тең. Осы екі функцияға да ол өзінің күші мен жанын бірдей берді.

Юрий Моисеевичтің соңғы 30 жылы «Экономика және құрылысты ұйымдастыру» кафедрасымен байланысты болды, оның негізінде қазіргі уақытта «Инженерлік кәсіпкерлік және маркетинг» деп аталатын кафедра және «Құрылыс материалдары мен технологиялары» кафедрасы құрылды.

Партбюро хатшысы, кафедра меңгерушісі, деканның орынбасары, куратор, студенттік ғылыми қоғамның жетекшісі, ҚарМТУ рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі Кеңестің мүшесі Ю.М. Ким әрдайым студенттер мен жас оқытушылар арасында тәрбие жұмыстарымен белсенді айналысып, оларды еңбек пен ғылыми қызметке баулыды.

Ким Юрий Моисеевич – 100-ден астам ғылыми мақалалар мен әдістемелік әзірлемелердің авторы. Мінсіз жұмысы үшін ол бірнеше рет ректордың Алғысымен марапатталды, екі рет «Әлеуметтік жарыстың үздігі» белгісімен, КСРО-ның үш медалімен, ҚазССР Жоғары оқу орнының «Білім Үздігі» және «ҚарМТУ-дың еңбек сіңірген қызметкері» белгілерімен марапатталды.

Юрий Моисеевич үлкен тұлға, мейірімді, жомарт адам болды. Оған әрқашан сенуге болатын. Оның сенімділігі мен өмірлік ұстанымы, дана кеңестері, нұсқаулары әрдайым кафедра ұжымдарына, әсіресе жас оқытушылар мен қызметкерлерге қажет болды.

БРЕЙДО И.В. – ПРОФЕССОР, ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДОКТОРЫ, ҚАЗҰЖҒА АКАДЕМИГІ

Брейдо Иосиф Вульфович – көрнекті ғалым, педагог, өнертапқыш, жазушы және ақын, Қарағанды техникалық университетінің өндірістік процестерді автоматтандыру кафедрасының меңгерушісі (21.03.1947-29.07.2021)



Иосиф Вульфович Ұлы Отан соғысын басынан кешірген әскери дәрігерлер отбасында дүниеге келген. Балалық шағы Қырғыз КСР Жеті-Оғыз ауданы Тамга ауылында, Ыстықкөл көлінің жағасында өтті.

Отбасы әскери подполковник Брейдо Вульф Абрамовичтің қызмет орындары бойынша көшіп жүрді. Осыған байланысты Иосиф Вульфович 1959 жылдан 1961 жылға дейін Горький қаласында, 1961 жылдан 1963 жылға дейін Самарқанд қаласында оқыды, ал орта мектептің он бірінші сыныбын Қарағанды қаласында алтын медальмен бітірді.

Отбасылық дәстүрді бұзған Иосиф Вульфович медициналық емес, В.И. Ленин атындағы Ленинград электротехникалық институтына (ЛЭТИ) «Диэлектриктер және жартылай өткізгіштер» мамандығына оқуға түсті.

Сол кездегі көптеген студенттер сияқты Брейдо И. В. қоғамдық өмірге белсенді араласты: топ пен дүрмек старостасы болды.

1971 жылы ЛЭТИ-ді бітірген соң Брейдо И.В. ЭТФ-ға инженер-лейтенант атағымен қызметке шақырылды. Бұл жақсы, бірақ қатал мектеп болды, ол шешім қабылдауға және оларды аяғына жеткізуге, бұйрық беруге және бағынуға, өзіне ғана емес, бағыныштыларға да жауап беруге үйретті.

1974 жылы Брейдо И.В. Қарағанды қаласына оралып, А.А. Скочинский атындағы Тау-кен ісі институтының (ТИИ) Қарағанды филиалының тау-кен шахталық электр жетегі зертханасында ғылыми қызметкер болып жұмысқа кірісті.

Мұнда Краус Эрих Генриховичтің басшылығымен электр техникалық кешендер мен жүйелер саласындағы, оның ішінде оларды басқару және реттеумен қоса, талантты инженер, өнертапқыш және ғалым Брейдо Иосиф Вульфович қалыптасты.

Зертханада көмір өндіруші комбайндар мен қырғыш конвейерлер үшін тұрақты токтағы автоматтандырылған электр жетектері жасалды, радиомен басқарылатын көп қозғалтқышты, өзара байланысты тұрақты токтағы электр жетегі бар әлемдегі алғашқы КМ-128П көмір өндіру кешені әзірленіп, сыналды.

1988 жылы ҚарПТИ ӨПА кафедрасының меңгерушісі профессор В.Ф. Бырьканың шақыруымен ӨПА кафедрасының доценті қызметіне ауысты. Ол 1994 жылы профессор Бырька В.Ф. жетекшілігімен кафедраның жетекші қызметкері ретінде қалыптасты. Иосиф Вульфович ӨПА кафедрасының меңгерушісі лауазымына сайланады.

КСРО-ның ыдырауымен, бұрынғы республикалар арасындағы экономикалық байланыстардың үзілуімен, экономиканың құрылымдық қайта құрылуымен байланысты қиын кезеңдерге қарамастан, бұл бірінші кезеңде инженерлерге сұраныстың күрт төмендеуіне және бірқатар оқытушылардың ТМД елдеріне және алыс шетелге көшуіне әкелді. И.В. Брейдоның басшылығымен кафедра Қазақстан Республикасының Білім беру кеңістігінде өз позициясын сақтап, одан әрі нығая түсті.

И. В. Брейдоның ғылыми жетекшілігімен 7 кандидаттық диссертация, «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша 13 PhD докторының диссертациясы және 05.09.03 – «Электротехникалық кешендер және оларды басқару мен реттеуді қоса алғанда жүйелер» мамандығы бойынша техникалық ғылымдар докторының бір диссертациясы, 40-тан астам магистрлік диссертация дайындалып, сәтті қорғалды.

Брейдо И.В. 500-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің, 3 монографияның, 20 оқу құралы мен 30 өнертабыстың авторы.

Профессор Брейдо И. В. ҚарМТУ және ҚР «Синергия» халықаралық ғылыми-білім беру жобасының жетекшісі болды, «Қазақстан энергетигі», республикалық ғылыми-техникалық журналдардың редакциялық алқасының мүшесі, Алматы қ.; «Университет еңбектері», ҚарТУ, Қарағанды қ.; «Автоматика және информатика», ҚарТУ, Қарағанды қ., Ұйымдастыру комитеттерінің және бірқатар шетелдік конференциялардың Бағдарламалық комитеттерінің мүшесі болды.

2008 жылдан бастап Брейдо И. В. 59 елді Венадағы штаб-пәтермен біріктіретін «ДАААМ» мехатроника және автоматтандыру жөніндегі Халықаралық ұйымның ҚР бойынша Президенті, сондай-ақ «ДАААМ» Ғылыми комитетінің мүшесі болды.

Брейдо И. В. ҚарМТУ-дан ҚарТУ-ға ШЫҰ Университеті бойынша білім беру бағдарламаларының жетекшісі, Алматы энергетика университетінде диссертацияларды қорғау бойынша Диссертациялық Кеңестің мүшесі (1998-2005), ҚР БжәнеҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау және аттестаттау комитетінің физика және энергетика бойынша сараптау кеңесінің мүшесі (2005-2008), PhD диссертация қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңестің мүшесі (2011 ж., ҚазҰТУ, Алматы), қалалық және облыстық әкімдік жанындағы сараптау кеңестерінің мүшесі, 2002 ж. бастап «Хэсэд – Мириам» Қарағанды облыстық еврей қоғамдық-қайырымдылық ұйымының қоғамдық кеңесінің төрағасы, 2005 жылдан бастап Қарағанды облысы бойынша Қазақстан

Халықтарының кіші Ассамблеясының мүшесі, ҚарМТУ ӨПА кафедрасының түлектер қауымдастығының төрағасы.

Иосиф Вульфович 2005 және 2011 жылдар аралығында «ҚР үздік оқытушысы» грантының иегері; 2009-2010 жылдары ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері.

2003 жылы Брейдо И.В. Қазақстан Республикасында ғылымды дамытқаны үшін Құрмет белгісімен, ҚР БҒМ және облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл медалімен (2011 ж.), еліміздің білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлесі А.Байтұрсынов атындағы қола және күміс медальдарымен, жаңашыл идеялары мен жаңа буын мамандарын даярлаудағы жемісті еңбегі үшін марапатталды.

Брейдо И. В. ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін «Замандас–2010» қалалық конкурсының лауреаты, 2018 жылдан бастап «ҚР Құрметті энергетигі» атағының иегері және РФ Халықаралық энергетика академиясының (ХЭА) толық мүшесі болды;

Брейдо И.В. өнеркәсіпке және оқу процесіне ақпараттық технологияларды енгізуге белсенді араласты. Оның басшылығымен және оның тікелей қатысуымен қазіргі заманғы қолданбалы бағдарламалар пакеттерін пайдалана отырып, технологиялық желілер мен кешендердің өзара байланысты электр жетектерінің күрделі динамикалық жүйелерінің имитациялық модельдері әзірленді және зерттелді, виртуалды зертханалық практикумдар, имитациялық және схематехникалық модельдеу жүйелері оқу процесіне енгізілді, компьютерлендірілген автоматтандырылған оқыту жүйелері әзірленді және енгізілді, технологиялық бақылау мен басқарудың интеграцияланған бағдарламалық-аппараттық жүйелері әзірленді.

Иосиф Вульфович ерекше және талантты ақын ретінде танымал, 2002 жылдан бастап Иосиф Вульфович ҚР Жазушылар одағында болды.

2002-2017 жылдар аралығында И.В. Брейдоның поэзиясы Қазақстан мен Ресейдің әдеби журналдарында – «Простор», «Нива», «Сибирские огни», республикалық және облыстық мерзімді басылымдарда жарық көрді.

Брейдо И.В. Ресей Федерациясының 2-ші Халықаралық «Мен ешкіммен ешқашан қоштаспаймын» поэтикалық байқауының лауреаты болды.

Иосиф Вульфович Брейдо кафедрада соңғы күндеріне дейін жұмыс істеді...

Оның артында шәкірттері: ғылым докторлары мен кандидаттары, өндіріс басшылары, кәсіби инженерлер, 1998 жылдан бастап университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша И.В. Бырька есімімен аталатын кафедра қалды, ал 1999 жылы проф. В. Ф. Бырьканың түлектері мен шәкірттерінің қоғамдық ұйымы – «ГА-ЭА қауымдастығы» құрылды.

Қазір де ӨПА кафедрасы В.Ф. Бырька негізін қалаған және И.В. Брейдо жалғастырған қағидаттар мен дәстүрлер негізінде дамуда.

Иосиф Вульфович біздің жүрегімізде Нағыз Ұстаз және Ұлы Ғалым болып қалады.